



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

ХУТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӨНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҮХБАТТАР

XV ТОМ



KULTECIN

АСТАНА

2013

УДК 342
ББК 67.400.6
Н 86

*Қазақстан Ресpubликасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды*

Жобаның авторы: М. ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: М. ҚАСЫМБЕКОВ,
саясат ғылымдарының докторы

Жалпы редакциясын басқарған: Е. СЫДЫҚОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Н 86 Нұрсұлтан Назарбаев:
ЕЛМЕН СЫРЛАСУ. – Астана: «Құлтегін» баспасы, 2013.
Т. 15. – 232 б.
ISBN 978-601-7318-37-6

"Елмен сырласу" – Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаттық жауапкершілігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татуулық идеясын Қазақстан аясындаған жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрегендігін, әлемдік деңгейдегі қайраткерлігін айқара ашып көрсететін көп томдық шығарма.

Басылымда Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1998 жылдың бірінші жартысындағы өнегелілікпен ерілген баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын таныл білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

SBN 978-601-7318-37-6

УДК 342
ББК 67.400.6
© «Құлтегін» баспасы, 2013



A close-up portrait of a man with white hair, wearing a dark blue suit jacket, a white shirt, and a red patterned tie. He is seated at a desk, with his hands clasped together on the surface. The background is slightly blurred, showing what appears to be an office or study environment.

Бұл қала, Қазақстанның жаңа астанасы мәнін мақтандырып еді, сондықтан оның атауын сан құбылтуға жол берे алмайтын едім. Онда Ақмоланы қалай атаған, дөл айтқанда қалай деп қайта атаған жөн? Ол атау қазақстандықтардың, еліміздің барша ұлтты мен ұлысының гана емес, кірпияз шетелдіктердің де көңілінен шығуы керек. Шының айтқанда, астананың атын ауыстыру үдайы ойымнан шықпай, ат іздеумен болдым. Сөйтіп жүргенде бір жолы... Бір жолы түнде, дәлірек айтсам, сағат түнгі екіде Астана деген атау ойима сап етіп, көкейіме қона кеткені. Астана дегеніміз астана! Қазақша әдемі естіледі. Қомақты, ауыз толады, қысқа да нұсқа, өуезді. Орысша да, ағылшынша да солай естіледі. Бұл атауда батылдық, мығымдық және айқындық реңк бар. Астана! Сөйтіп, түн ортасында келген ой Қазақстан астанасының жаңа атауы Астана көкейге біржолата ұялады. Астана осы сәздің тұра мағынасында нағыз астанаға айналды.

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ*

Астана, 1 қаңтар 1998 жыл

Қадірлі отандастарым, достар!

Бастан кешкен жылымыз тарих қазынасына айналып, келесі, жаңа 1998 жыл табалдырығымыздан аттағалы түр. Мұндай сэтте, барша жүрт бірдей көніл-күйде болатын сияқты, өйткені бұл өткенді ой елегінен өткізіп, келешекке деген арман-мұддені көніл таразысына тартатын, алдағы күнге үмітпен көз салатын түс.

Сіздер сияқты менің де көксеген өз арманым мен нақтылы жоспарларым бар. Бұлар өзімнің отбасыма да, сіздердің баршаңызға да қатысты ой-ниет. Мен Жаңа жылдың Мемлекетіміздің тарихындағы жаңа кезеңді бастайтын уақыт болуын қалар едім, әлбette солай болатынына да өбден сенемін.

Бұлай деуге толық негізіміз бар.

Мемлекетіміздің өміріндегі маңызды кезең аяқталып отыр. Тәуелсіздікке жеткен жылдардың ішінде экономикалық және саяси реформалардың ең бір аурушаң да ауыр араптығын еңсереп біліп, кең ауқымда тұрақтылыққа қол жеткіздік, өндірістің құлдырауын тоқтатып, инфляцияны ауыздақтадық.

Өлеуметтік түйінді мәселелерді неғұрлым байсалды да бәсірелі шешүге кірістік. Осы уақыт ішінде мемлекеттілігіміз қалыптасты, конституциялық негізде түбегейлі жаңа заңдық негіз қаланды.

Әлемдік қоғамдастықта Қазақстан бейбітшіл мемлекет ретінде, өзінің тындырыған ісі мен жасаған қадамдары үшін жауапкершілігі мығым, ынтымақтасуға өзір тұрған сенімді серіктес ретінде танылды. Қысқасы, тәуелсіз егемен Мемлекет құруға кірісken кезімізде алдымызға қойған бірінші кезектегі қыын міндеттер іс жүзінде шешіліп отыр.

Мұның бәрі, сайып келгенде, барша қазақстандықтардың барынша байыптылық танытуы мен елімізді өркендетуге жете ден қоюының, әрі татулық пен ұлтаралық жарасымды сақтай білуінің жемісі.

Қазір біз реформалардың жаңа сатысына қадам бастық, ендігі жерде біз алыс келешекке көз тігерлікте де күйдеміз, алдымызға неғұрлым ауқым-

* "Егемен Қазақстан" газеті, 1 қаңтар 1998 жыл.

ды міндеттер қойып, еліміздің барлық өлшемдер бойынша серпінді де тұрлаулы дамуна бастайтын бағыттарды белгілей алатын да халдеміз.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы нақ осындай ізгі мұраттың негізінде өзірленіп отыр. Бұл құжат болашақты боямалап суреттеуге тырысқан қисынсыз әрекет емес, онда ең әуелі қолымызда бар күшіміз бер әлеуетіміз айтылған, әлбетте оны қайткен күнде де іске асырмақ ләзім. Мен қазақстандықтарға дәулетті тұрмысқа бастайтын сара жолды нұсқап отырмын. Егер біз осы жолдан таймай, ерік-жігерімізді жанып, дәйектілік таныта білсек, онда Қазақстанның өсіп-еркендеуін қамтамасыз етеріміз, өз отбасымызды, бала-шағамыз бер әлемелерімізді игілікке кенелтеріміз кәміл.

Алайда ойдағыны іске асыру үшін әрқайсымыздың аянбай қажыр-қайрат жұмсауымыз қажет екенін де естен шығармауымыз керек. Өйткені, Қазақстанның бағыты қаншама айқын, қаншама дұрыс десек те, алға басудың басты бағдаршысы халықтың өзі.

Қазірдің өзінде еліміз жаңа қарқынмен, жаңа ырғақпен өмір сүріп, еңбек етіп жатыр. Астананы Ақмолаға көшіргендеге де осындай мақсат көзделген еді. Осынау тарихи қадамның қадіріне замандастарымыз да, келер ұрпағымыз да жететін болады. Аймақтық саясатты түбірінен өзгерте келе, әрі қолдағы жадығатты барынша ұтымды пайдалана отырып, біздін өз елімізді XXI ғасырдың болмысына сай келетіндегі деңгейге көтерерімізге шубә жоқ.

Оздерінізге деген Жаңа жылдық құттықтауымды алғаш рет жаңа астанадан арнағанда, мен, ең алдымен, өзіміздің болашаққа ұмтылған үлт екенімізді атап көрсеткім келеді. Біз келешекке алдымында ғұмыр кешкен қазақстандықтардың сан буынның рухына тәу етіп, еткенімізді санамыздың қастерлеп сақтау арқылы беттеп келеміз. Бізді әрдайым тәуелсіздік хакындағы арманымызды жүзеге асыру үшін жан аямай күрескен, мемлекеттілігіміздің іргесін қалап, еліміздің болашақ қуатын бекемдеген барша бабаларымыздың аруағы сыртымыздан желеп-жебеп жүр. Өтіп бара жатқан жылды жалпыұлттық татулықты нығайту мен саяси құғын-сүргін құрбандарын, сайып келгенде, дүниеден баз кешкен барлық қазақстандықтардың сан ұрпағын еске түсіруге арнағанымыз дұрыс болды-ау деген ойдамын.

Қазақстанда тарихи зерденің нәрлі қайнары әманда сарқылмақ емес десем, көпшіліктің ойынан шығарым анық. Біз әрдайым еліміздің аса бай тарихынан жан сергітер нәр алып, бойымызға тың қуат қосатын боламыз. Менің келер жылды өз Жарлығыммен Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жариялауымның сырьы да осында жатыр.

Қымбатты достар! Жаңа жылдың кіруіне санаулы минеттер қалған тебіреністі сәтте баршаңызға шын жүргімнен бақыт тілеймін, барлық ақ тілектеріңіз бер иғі ниеттерінің қабыл болсын, денсаулықтарыңыз мықты болсын! Дастанқандарыныздан ырзық үзілмесін, шаңырактарынызды халықтың ауызбірлігі мен татулығының жалыны жылыштысын, ортақ үйіміз – Қазақстанға құт-береке үяласын!

**НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НАРОДУ КАЗАХСТАНА***

Акмола, 1 января 1998 года

Дорогие мои казахстанцы! Друзья!

В свои права вступил новый 1998 год. Мы благодарим год уходящий, который войдет в историю страны как год укрепления дружбы и братства народа.

В канун наступления нового года мы пережили, пожалуй, единственные в году мгновения, когда помыслы и надежды всех людей были схожими. Все мы вспомнили то, что было в уходящем году, обратились мыслями в будущее с добрыми ожиданиями.

У меня, как и каждого из вас, тоже есть свои надежды и конкретные планы. Они связаны и с моей семьей, и со всеми вами. Мне хотелось бы, и я убежден, что так и произойдет, чтобы новый год ознаменовал наступление нового времени в истории государства.

Для этого у нас имеются все основания. В жизни нашего государства завершен важный этап. За годы после обретения независимости мы сумели продвинуть преобразования, преодолев самую болезненную и трудную стадию экономических и политических реформ – добились макростабилизации, остановили спад производства, обуздали инфляцию, стали более предметно и адресно решать социальные проблемы, начался рост заработной платы населения.

За это время была сформирована наша государственность, на конституционной основе создана принципиально новая законодательная база. Казахстан признан в мировом сообществе как миролюбивое демократическое государство, открытый для сотрудничества надежный партнер, отвечающий за свои дела и поступки.

Наши экономические реформы позитивно восприняты в мире. Казахстаном заключены крупнейшие по международным меркам контракты. В частности, в декабре в Вашингтоне были заключены два важных казахстанско-американских соглашения. Подписан контракт с Китайской Народной Республикой. Реализация этих трех документов привлечет в страну инвестиции на 40 миллиардов американских долларов.

* Газета "Акмолинская правда", 1 января 1998 года.

В культурной жизни страны год уходящий был ознаменован празднованием столетнего юбилея корифея казахской литературы Мухтара Аuezова. Эту дату вместе с нами отмечал весь мир.

Словом, многие первоочередные самые нелегкие задачи, которые мы ставили перед собой, приступая к построению независимого, суверенного государства, практически решены.

Все достигнутое стало реальностью благодаря тому, что казахстанцы проявили максимум выдержки, готовности преобразить страну, сохраняя мир и межнациональное согласие.

Сейчас начинается новая фаза реформ, когда мы уже можем заглянуть в более отдаленную перспективу, поставить перед собой более глобальные задачи, наметить ориентиры, ведущие к динамичному и устойчивому развитию страны по всем параметрам.

Именно из этих соображений и была разработана Стратегия развития Казахстана до 2030 года. Это – компас нашей страны. В этом документе сказано, прежде всего, о тех возможностях, которыми мы располагаем и которые во что бы ни стало надо реализовать.

В Стратегии обозначены основные приоритеты, являющиеся ориентирами нашего движения вперед. Правительство, которому даны восемь конкретных поручений, разработало по ним четкие программы действий. Они направлены на подъем экономики, поддержку малообеспеченных семей, развитие малого и среднего бизнеса, завершение приватизации, компьютеризацию школ, утверждение здорового образа жизни и решение других задач.

Если мы пойдем намеченными маршрутами, проявим волю, будем последовательными, то обеспечим процветание Казахстана, благополучие наших семей, детей и внуков. Но всем нам надо помнить: чтобы задуманное было воплощено в жизнь, требуются усилия каждого из нас.

Уже сейчас наша страна начинает жить и работать в новом ритме. Именно в этих целях и был осуществлен перенос столицы в Акмолу, в город надежды, город смотрящий в будущее, который станет центром реализации Стратегии. Значение этого исторического акта в полной мере оценят и современники, и наши потомки. Кардинально меняя региональную политику, эффективно используя ресурсы, мы, несомненно, сможем вывести страну на геополитический уровень, соответствующий реалиям XXI века.

Обращаясь к вам с новогодним поздравлением, хочу подчеркнуть, что мы – нация, устремленная в будущее. Мы идем в него, свято храня память о прошлом, воздавая должное многим и многим поколениям казахстанцев. Над нами всегда незримо витает дух наших предков – "аруахов", всех тех, кто, не щадя жизни, боролся во имя осуществления мечты о независимости, создавал фундамент нашей государственности, будущей мощи страны. Думается, что мы верно поступили, посвятив уходящий год делу укрепления общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий. По сути – всем поколениям казахстанцев.

Наверное, выражу общее мнение, заявив, что живительный родник исторической памяти никогда не иссякнет в Казахстане. Мы всегда будем черпать из богатейшей истории страны новые освежающие силы, обогащаться созидательной энергией. Поэтому год наступающий я своим указом объявил Годом народного единства и национальной истории.

Каждый народ, живущий в нашей стране, должен помнить свою историю, культуру, язык, традиции. Казахский народ, как основная нация, должен консолидировать все общество обеспечивать равные возможности для развития всех граждан страны.

Дорогие друзья!

От всего сердца желаю всем вам, каждой семье в новом году счастья, благополучия.

Пусть сбудутся все ваши мечты и желания!

Пусть согревают всех нас чувства дружбы и братства народов, пусть будет согрет теплом общенародного согласия, благополучия и процветания наш общий дом – Казахстан!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-
ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫМЕН ЖӘНЕ СТУДЕНТ ЖАСТАРЫМЕН
КЕЗДЕСУІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 5 қаңтар 1998 жыл

Біз төуелсіз елімізді нығайтуда, оның экономикасын көтеруде көп жұмыстар атқарылған тағы бір жылды артқа таstadtық. 1997 жыл тарихқа Жалпыұлттық келісім және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы ретіндегі кірді. Біз ақыл-парасат пен әділдікке өз бағасын бердік, тоталитаризмнің сүмдышқтарын бастарынан кешкен мындаған отандастарымызды еске алдық. Бұл – біз үшін және келер үрпақ үшін тарих сабағы, өмір, арнаамыс сабағы.

Откен жылы егемен Қазақстан жаңа астанаға – Ақмолаға ие болды. Бұл фактінің біздің халқымыз үшін зор тарихи маңызы бар.

Белсенділікпен жүргізілген сыртқы экономикалық және сыртқы саяси қызметтердің нәтижесінде Қазақстан әлемдегі өзabyроійын айтартықтай нығайтты. Каспий жағалауы аймағындағы мұнай мен газды тасымалдау және шығаруға байланысты біздің елдің АҚШ-пен және Қытаймен қол қойылған үш келісімі елге 40 миллиард доллар мөлшерінде инвестиция ала келді, бұл келісімдердің әрқайсысына өзінің көлемі жөнінен дүние жүзінде тең келетін ештеңе жоқ.

Мұның бәрі Қазақстандағы ілгері басып келе жатқан экономикалық және саяси өзгерістердің барысында мүмкін болып отыр. Дүние жүзіндегі аса қуатты ел – Құрама Штаттарының Қазақстанның өзінің стратегиялық әріптесі деп тануы кездейсоқ емес.

Алдын ала шығарылған цифrlар болса да, өнеркәсіптегі өндірістің өсуі төрт процентті құрады, жалпы ішкі өнім екі жарым процентке өсіп, жан басына шаққанда 1500 доллардан келді. Бүкіл дүниежүзілік банктің деректеріне қарағанда, бұл ТМД бойынша ең үздік көрсеткіш қатарына жатады. Негізгі капиталға инвестиция 20 процентке өсті. Инфляцияны 17,5 процентке өседі деп қүтсек те ол, шамамен 12 процент болды. Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы 18,5 процентті құрады. Банктердегі жеке тұлғалар мен азаматтардың салымы, осыған сәйкес, 28 процентке көтерілді.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 6 қаңтар 1998 жыл.

Қазақстанның белсенді төлем балансы бар, елдің алтын-валюталық қоры өсіп келеді. Откен жылдар ішінде республикаға 10 миллиард доллардан астам инвестиция тартылды. Олардың ішінде тікелей тартылғаны – алты миллиард 200 миллион доллардан астам. Откен жылы ғана бір миллиард 700 миллион доллар тартылды. Бізде әр адамға шаққанда тікелей инвестиция 400 доллардан келеді. Ал тұтастай алғанда, 600 доллардан. Мұндай көрсеткіш Төуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы және Венгриядан басқа Шығыс Еуропадағы бірде-бір елде болған емес. Бұл біздегі инвестициялық ахуалдың жақсарып, инвесторлар сенімінің нығайып келе жатқының айқын белгісі.

Откен жылдың тамыз айына қарай шағын жекешелендіру бағдарламасы аяқталды, жеке жобалар бойынша былтыр құны 773 миллион АҚШ доллары болатын 47 кәсіпорын жекешелендірілді. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің өзіне 800 миллион теңге сомасындағы кіріс аударылды.

Кейбір нәтижелер осындай. Олар бізді үміттендіреді әрі реформалау ісінде одан әрі алға жылжуға мүмкіндік береді. Әрине, реформаның онды жақтарын қазақстандықтардың бәрі бірдей өз тіршілігінен сезіл-білген жоқ. Бұл жайында мен өзімнің халыққа Жолдауымда мейлінше ашық айттым. Дегенмен, онды өзгерістердің бар екенине де дау жоқ. 1997 жылы Үкіметтің зейнетакы және бюджет үйымдарына жалақы жөніндегі барлық қарызы өтелді. Еліміз бойынша орташа жалақы 26,8 процентке өсті. Материалдық салада орташа жалақы тоғыз мың теңгеден асып, өнеркәсіпте 13 мың теңге болды. Бұл 25 проценттік өсімге қол жетті деген сөз.

Бұған қоса бізге басқару саласын оңтайландырудың, соның нәтижесінде бюджетке ауыртпалықты азайтудың сәті түсті. Айтальық, 1996 жылмен салыстырғанда, мемлекет қызметшілерінің саны 15 мың адамға қысқартылып, бес облыстың, 70 ауданың чиновниктері таратылды. Үкімет мүшеслерінің саны бұрынғы 41-дің орнына 18-ге азайтылды. Осының өзі бізге жылына екі жарым миллиард теңге дерлік қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл қаржы менің нұсқауым бойынша әлеуметтік салаға, оның ішінде білім жүйесіне жұмсалады.

Шағын және орта кәсіпорындардың саны едөүір, атап айтқанда, 35 проценттен астамға көбейіп, қазір 180 мыңға жуықтады. Жұмыспен қамтылған халықтың үштен бірі осындай кәсіпорындарда еңбек етеді. Бұлар – екі миллионнан астам адам. Шағын және орташа бизнесті одан әрі дамыту – жұмыссыздықпен құреске берік негіз болмақ. Меншік жөнінде тоқтаусыз өзгерістер жүзеге асырылуда. Жекеменшік сектор пәрменді түрде дамып, бәсекелестік ортасы қалыптасуда, нарықтық инфрақұрылым құрылуда. Мемлекеттік емес сектордағы кәсіпорындардың 72 проценті, тауар өндірушілер нарық жағдайына бейімделуде. Басым бағыттағы өндірістерді дамытуды мемлекеттік ынталандырудың түрлері мен тәсілдері одан әрі іздестірілуде. Осының бәрін де салыстырудан көруге болады. Атап қөрсеткіштер біздің реформаларымыз нәтиже бере бастағанын және олардың ТМД-ның басқа

елдеріндегіден жақсы екенін көрсетеді. Қол жеткен межелер – иғі істің басы ғана, бұдан былайғы жұмыстың негізі ғана деп түсіну керек.

Бұл жайында мен реформалардың жаңа деңгейіне шығуымыз бізге Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жасауға, қазірдің өзінде оны жүзеге асыруға кіріп кетуге мүмкіндік бергендеңіне байланысты айтып отырымын. Айта кететін бір жәйт – бұл құжат жастарға ұндеумен аяқталады. Сондықтан менің жұмыс жылын сіздермен кездесуден бастап отырғаным бекер емес. Сіздер Қазақстанды XXI ғасырда ілгері алып баратын ұрпақтың өкілдерісіздер. Біздің қындықтарымыз өлі де алда, сондықтан қол жеткен табысты бекемдеу үшін, халықтың тұрмысын жақсарту жөніндегі жұмыстың нәтижесін барша көпшілік сезінүі үшін мықтап жұмыс істеу керек. Стратегиялық бағдарлама – сіздерге арналған бағдарлама. 1990 жылы бірінші класқа барғандар 2000 жылы 18-ге келеді. Мен олардың бізден гөрі мүлдем басқа жағдайда өсіп-жетілген, жаңа Мемлекеттің жаңа азаматтары болуын қалар едім. Сіздер бай әрі көркейген елде өмір сүре аласыздар, әрі солай етуге міндеттісіздер.

Алайда, бұл үшін қауырт түрде жұмыс істеу керек. Ал оның алдында нақ солайша әрі жауапкершілікпен оқу қажет. Сіздер болашаққа және өздеріңіз бен өз құштеріңізге сенуге тиіссіздер.

Бір тәуекел бұзады

Мың қайғының қаласын,

Бір жақсы сөз жазады

Мың көнілдің жарасын.

Қазаққа ауызбірлік пен татулық қажет. Ел арасы тыныш болса, төнірек-пен тату болсақ, бәрінен де өтеміз. Осындайда Ақтайлақ бидің сөзі еске түседі:

Жақыннан шыққан жау жаман,

Етегіне жабысқан.

Жөнді кісі болмайды,

Ағайынмен алысқан.

Одан жүйрік ат артық,

Ауыздықпен қарысқан.

Жақынын жауға бермейді,

Адамнан туған арыстан.

Дәл қазіргі заманға керек асыл сөздер емес пе!? Тәуелсіздік біздің және ата-бабамыздың арманы. Оны сақтап қалу менің де, сендердің де парыздарың. Бұл баршамызға сын!

Маңызды проблемаларды бізге осы жылдың ішінде шешу керек. Ең бастысы – стратегияда белгіленген міндеттерді жүзеге асыруды бастау. Үкіметтің алдына өндірісті көтерумен, жекешелендіруді аяқтаумен, шағын және орта бизнесті дамытумен, тұрмысы төмендерге қолдау көрсетумен, мектептерді компьютерлендірумен, қоғамда салауатты өмір салтын орнықтырумен және басқа мәселелермен байланысты сегіз нақты тапсырмалар берілді.

Стратегиядағы басымдықтар ішінде денсаулықты нығайту, Қазақстан азаматтарының білім деңгейін және иғлігін арттыру мәселелері белгіленгенін айрықша атап айтамын. Қоғамның болашақтағы салауаттылығы – әр адамның денсаулығына байланысты. Мемлекет денсаулық сақтау ісіне қаржы бөлөтін болады. Өкінішке орай, денсаулықта, салауатты өмір салтына деген бәсеке киімге, автокөлік пен тұрмыстық техникаға деген бәсекеден, шылымқорлық пен ішімдікке өзестіктен артта қалып келеді. Мына фактілер төнірегінде ойланайықшы: қазір әрбір екінші студент түа біткен немесе кейін пайда болған науқасқа душар екен. Қөптеген жас адамдар жүйке ауруларына шалдықтан. Ал денсаулықты сатып алуға болмайтыны бәріне түсінікті сияқты. Онсыз бақыт та, табыс та жоқ. Ендеше осыған көніл бөлуге, денсаулықтарынды қутуге шақырамын.

Елімізде жыл сайын 200 мың жасанды түсік жасалады. Осыған барындардың айтарлықтай процентін студент қыздар құрайды. Студент жастардың арасында ішімдік ішпейтін және шылым тартпайтын жігіттер мен қыздар жоқ немесе жоққа тән. Айтыңыздаршы, осындай адамдардың үрпағы ертең қандай күйде болады?

Салауатты өмір салты мен тиімді демалыс табысты еңбек пен оқудың кепілі болуы тиіс. Тән денсаулығы – рух денсаулығының жемісі деп Бернард Шоудың өзі айтқан. Басқаша айтқанда, бәрі де сіздердің ерік-жігерлеріңізге, өз тұрмыстарыңызды дұрыс үйымдастыра білулеріңізге, соған үмтүлупарыңызға байланысты. Өзімізден бастайық, өз үйімізден, жұмыс және оқу орнымыздан бастайық, өзімізді және айналымызды тәртіпке келтірейік. Мына сөз бекерге айтылmasa керек: он адам үйге келді дейік, оның тоғызығана үйге кіре алды. Ондай жағдайда оныншы адам тағдырына наразы болып, мұның бәрі құдайдың ісі демей, өзінен қай жерде жаңылыстым, қалай болды деп сұрауы керек.

Үш жылдан кейін XXI ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Әрине, мұндай аз уақыттың ішінде стратегияда белгіленгеннің бәріне бірдей қол жеткізу мүмкін емес. Алда тұрган өзгерістер өте ауқымды. Бірақ күн сайын, қадам басқан сайын біз алға қойған мақсатымызды жақындаймыз. Үкіметтің 1998 – 2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы осыған бағытталған. Содан кейін бес жылдық бағдарлама, одан әрі жалғаса береді. Осы жоспарларды орындау Үкімет пен әкімдер жұмысын бағалауға мүмкіндік береді.

Адам уақытқа өкпе артпауы керек. Одан жеңіл болмайды. Рас, уақыт таразы. Бірақ уақытты таңдамайды, онда өмір сүреді. Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген. Егер Отанымыздың гүлденеуіне жүргіміздің бір бөлшегін, сүйіспеншілігімізді, өмірімізді арнар болсақ, біз онда мақтанишпен "Мен – қазақстандықтын!" деп айта алатын боламыз.

Жаңаша ойлай алатын парасат-лайымы әлдеқайда жоғары адамдардың, шүғыл арада жаңа экономикалық кереметке жол ашу мүмкін емес деңгенді мен талай рет атап көрсеттім. Сондықтан да Қазақстан халқына Жолдауда жастарға және өскелең үрпаққа біздің ерекше назар аударуымыз

қажеттігі айтылған. Бізге жоғары білікті кадрлар керек. Отандық, сондай-ақ шетелдік іскерлер тобы оларға қазіргі біз беріп жатқан емес, терең білімді қызметкерлер керек екенін айқын сездіріп келеді.

Қазір, кезек күттірместен осындай адамдар дайындау қажеттігі өте айқын сезіліп отыр. Ал ол үшін білім реформасы керек, ол 2030 жылдарға дейінгі даму стратегиясымен өзара тығыз байланыста.

Осы саланы реформалаудың өте-мәте қажеттігі айдан анық. Ол жастарға білім мен тәрбие берудің пайда болған мұлдем жаңа білім беру және ақпараттық технологиямен, стандартымен байланысты болып отыр. Ал бұл стандарттар ең алдымен қоғам алдында тұрған міндеттерді зерделеуге негізделуі тиіс. Білім беру құрылымдары қалай және не нәрсеге оқытып жатқандарын анық бажайлауы керек. Ал дәріс алушылар да осылайша не оқып жатқандарын және кім болып шығатындарын айқын түсінулері тиіс.

Осы орайда қазіргі жекелеген бірнеше зандардың орнына Қазақстан Республикасының "Білім туралы" бірегей занын жасау және қабылдау орынды болмақ. Мемлекет басшысының тапсырмасымен оған дайындық жүріп жатыр. Ол заң білімге мемлекеттік монополия, осы сала басшылығының шамадан тыс орталықтандырылуы, оку орындары қызметтерін бір қалыптан шығармау, қаржыландыру мәселесінде тек мемлекеттік бюджетке иек арту, тағы да осы секілді бұрынғы заң шығарушылық актілеріне тән белгілерден арылуы керек.

Жаңа заң шығарушылар білім саласында ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік саясат жүргізуді, білім саласын басқаруды демократияландыру процесін тереңдетуді, шектен шыққан өкімшілдік ықпалдан құтылуды және ұйымдық, педагогтық оқу, тәрбие және шаруашылық мәселелерінде оку орындарының еріктілігін көңейтуді көздеуі керек.

Қазір республикада білім жүйесін құрылымдық жағынан қайта құру, не-гізінен, аяқталды, онда қалың қауымның білім алуына оңтайты, орнықты, берік даярлықтан өткізу дің жоғары деңгейі, ғылым мен өндірістің көптеген бағыттары бойынша кадрлар дайындауға қабілеттілігі, жеткілікті түрде оку-әдістемелік қамту секілді бұрынғы жүйенің басты құндылықтары сақталып қалды.

Реформалай отырып, біз білімді реформалау мәселесінде ізденістер жүргізіп жатқан Ресейдің және ТМД-ның басқа елдерінің тәжірибелеріне ғана сүйене алмаймыз. Олармен бірге қателіктерге ұрынудың және оны жөндеу үшін қыруар шығындарға барудың қажеті бар ма? Елде нарық шаруашылығының бағытын ұстанған екенбіз, онда нарық пен демократияны дамытуға білімнің ықпал ететін жағына бет бүрдайық.

Көптеген елдердегі үлті аларлық тәжірибелердің бірі жоғары оку орындарында оқыту жүйесінің көп деңгейлілігі болып табылады. Белгілі болып отырғанында, Қазақстанда мұндай жүйе ішінше енгізілді. Бірқатар жоғары оку орындары 1995 жылы осындай Білім беру бағдарламасына көшті. Өкінішке орай, бізде, оның оң нәтижелері көзге ұрып тұрса да, көп деңгейлі жүйені ұйымдастырудың бірегей жолы әлі жасалмай келеді.

Үкіметке, оның ішінде Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігіне осыған сәйкес тиісті тапсырмалар бергенімді хабарлаймыз. Білім берудің басты сипаттары алғашқы екі-үш онжылдықта оның тұтастығы, оқытудың мазмұны мен сапасына мемлекеттік талаптардың бірегейлігі, икемділігі мен көп деңгейлілігі, мазмұнын жаңарту мен диверсификациялау, білім жүйесін басқаруды демократияландыру болуга тиіс деген ой келеді. Оқу орындарын қаржыландырудың, бітірушілерді бөлу мен оларды өлеуметтік жағынан қорғаудың, білім жүйесін әлемдік білім кеңістігіне интеграциялаудың принципті жағынан жаңа механизмдері енгізілуі керек.

Жоғары білімді ақпараттауға, жаппай компьютерлендіру негізге алынатын оқытудың жаңа технологияларын енгізуге, Бұқіл дүниежүзілік интернет ақпарат желісіне кіруге ерекше назар аударылуы тиіс. Бұған айрықша тоқталуға тұра келеді. Қазір бұқіл әлем аса ауқымды ақпараттық инфрақұрылым құру алдында тұр. Ол уақыт пен кеңістікті женудің құралы болмақ. Сондай-ақ, дүниежүзілік ақпарат рыногы да құрылады.

Ауқымды ақпараттық инфрақұрылым жергілікті, үлттық және аймақтық желілердің біртұтас жүйесі болып табылады. Қазақстанның да уақыт талағынан кешікпеуі, жаңа құрылымдарда өз орнын алуы ете маңызды. Бұл үшін елімізде үлттық ақпарат инфрақұрылымын құру қажет. Өйткені ақпаратқа деген қажеттілік үдайы артып отыратын болады. Мәселен, қазір АҚШ-та жұмыс істейтін адамдардың 60 проценті ақпарат саласында еңбек етеді. Америка экономикасындағы жаңа он жұмыс орнының 8-і ақпараттық мазмұны жоғары салалардың үлесіне тиеді.

Әр адам өзін мектеп партасынан, студент кезінен бастап жаңа қарқында жұмыс істеуге дайындауға, ал, ата-аналар өз перзенттері математиканы, алгебраны жақсы білуіне жағдай жасауға тиіс. Әркім ақпарат бөлісуге көбірек ұмытылған сайын көбірек ақпарат алатындығын еске саламын. Томас Джефферсон былай деген: "Менен идея алған адам мениң білгенімді азайтпастан, өз білімін молайта түседі, мені қарандықта қалдырмastaн, мен тұтатқан шырақтан жарық алады".

Мемлекеттік жоғары оқу орындарына санаттар енгізілуге тиіс. Біз тек осы жолмен ғана профессорлық-оқытушылық құрамның, жетекші және ғылыми қызметкерлердің мамандар даярлауға, ғылымды дамытуға және т. б. қосқан үлесіне лайықты түрде еңбекақы тәлеуді тәртіпке келтіре аламыз деп ойлаймын. Мұндай шаралар жоғары оқу орны қызметінің беделін арттыруға ықпалды серпін бере алады.

Қазір мемлекеттік емес жоғары білім беру секторы қын да қурделі қалыптасу жолынан өтуде. Өкінішке қарай, алғашқы кездे мұнда білім беруді саудаға салу орын алды. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының көпшілігі студенттерді тек беделді болып табылатын "халықаралық" мамандықтар бойынша оқытатын болды. Бұл қажетті материалдық және ғылыми-әдістемелік базаның жеткіліксіз екендігіне қарамастан, сондай-ақ, еңбекрыногында бұл саладағы мамандарға деген сұранысты ескермesten

жүргізілді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындары өлі құнға дейін өз түлектерін қызметке орналастыруды қолға алмай отыр. Олар өзі де ескіше ойлаудан арыла алар емес. Экономиканың 75 проценті жеке адамдардың қолында болып отырған кезде бұл жұмыспен мемлекет те айналыса алмайды.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының өмір суруінің басты мәні жеке адамның байлыққа кенелуі немесе сауда-саттық емес, ғылым мен білім беруді дамыту үшін мемлекет қазынасынан тыс қаржы тарту мүмкіндігін жүзеге асыру болуға тиіс. Бұл еліміздің рухани және мәдени әлеуетін арттыра түсуге жағдай жасар еді. Бұл орайда мемлекеттік емес кез келген оқу орны Қазақстан білім беру жүйесі шеңберіндегі біртұтас талаптар мен стандарттарды ұстанатын болса, Үкімет оларға лицензия беру тетіктерін қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары оқу орындарына қабылдаудың нысандарын жетілдіру қажет. Жетекші елдердің үлгісі бойынша біз принципті түрде жаңа жүйеге көшуге тиіспіз. Бәлкім, оқу орнына қабылдауды тікелей мектептердің өзінде алынатын тестердің нәтижелері бойынша ұйымдастыру қажет болар. Мектеп бітіруші өзі оқығысы келетін жоғары оқу орнын таңдал, оған өзінің күелігін жібереді. Мұндағы ең маңыздысы ол өз құжаттарын бірден бірнеше жоғары оқу орнына жіберуге құқылы болады. Ал оқу орындары өз кезегінде мектеп берген күеліктегі балдар және үміткер ұсынған пайымдама бойынша болашақ студенттерін ірікten алады. Демек, қазіргідей дәстурлі қабылдау емтихандары болмауға тиіс. Бір мезгілде бірнеше жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігі абитуриенттің оқуға түсу мүмкіндіктерін едәуір арттырады. Сонымен бірге бұл тамыр-таныстық жолымен түсуді азайтады. Өткен жылы мұнданың жүйе Қызылорда облысында байқап көрілді. Қабылдауға осындағы түрғыдан келу мектептің де беделін көтеретінін есте ұстау керек. Жоғары оқу орындары да жоғары білім алуға үздік үміткерлерді нақ қайсы мектептің дайындастырынын, ал экономика қайсы жоғары оқу орнын бітіргендердің кәсіби біліктілігі жоғары екенін билетін болады.

Экономиканың қазіргі жағдайы жоғары білімді ұйымдастырудың жаңа нысандарын талап етті. Мысалы, Алматы энергетика және байланыс институты жекеменшік үлесі бар жоғары оқу орны ретінде құрылды. Алдағы уақытта оны толық жекешелендіру қарастырылуда. Болашақта бірқатар басқа жоғары оқу орындарында да осындағы шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Біздің жоғары және арнаулы орта білім берудің мемлекеттік жүйесін сақтап қаларымыз даусыз, университеттердің құрамына шағын жоғары оқу орындарын қоса отырып, жоғары оқу орындарын одан әрі ірілендіруді іске асыру қажет. Қазірдің өзінде мемлекеттік жоғары оқу орындарының ақылы білім беру қызметін көрсету тәжірибесі қалыптасып келеді. Алайда, бұлай жасағанда, осы қызметті нақты жүйелестіру, сондай-ақ, оның көлемін қатаң есепке алып отыру қажет. Бұл орайда мемлекеттік тіркелім құру керек. Олар-

да ақылы негізде кадрлар даярлау үшін рұқсат етілген мамандықтардың тізбесі белгіленеді.

Білім жүйесін қолдаудың бюджеттік жолымен қатар, халықаралық ұйымдардың көмегі елеулі қаржы көзі болып табылады. Мысалы, Бүкіләлемдік банк мектепке дейінгі мекемелерді қолдауға 41 миллион доллардан астам қаржы бөлуді ұсынып отыр. Азия даму банкісі мектептерге құрал-жабдық алу, білімді басқарудың компьютерлік жүйесін жасап, орнату, жаңа оқулықтар дайында, басып шығару, ақпаратнама, шетел тілдері саласында кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру үшін 20 миллион доллар бөлді. Тек өткен жылдың өзінде елімізде 180 мектеп компьютерлендірілді. Ал биыл мынға жуық мектеп компьютермен қамтамасыз етілгелі отыр. Бұл мақсатқа 20 миллион АҚШ доллары бөлінді. ЮНИСЕФ пен ТЕМПУС бағдарламасы аясында, Сорос қоры тарапынан да едәуір көмек көрсетілуде.

Бұл көмекті барынша тиімділікпен, әсіресе жер-жерлерде мүмкіндігінше онтайлы түрде пайдалану керек. Әзірше біздің әкімдеріміз аймақтық жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын дамытуға толық жағдай жасамай отыр. Жоғары білім алып шықкан түлектердің 90 процентке дейінгі бөлігі өздері оқыған жерлерде қалып отырғанымен, оларды жұмысқа орналастыру жүйелі түрде жүргізілмейді. Ал жоғары және орта білім беру мектептерінің іскер топтармен ынтымақтастығын жергілікті деңгейде жолға қою керек. Бұл жастардың өз қабілетін іске асыруларына мүмкіндік берген болар еди. Екінші жағынан, кәсіпкерлік құрылымдардың өкілдері де өз кадрларын даярлау ісі мен білім беруді қаржыландыруға тікелей қатысады қолға алғаны жөн. Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс істейтін барлық бизнесмендерді осы проблемамен байсалды түрде айналысуға, өздерінің ертеңгі мамандарының біліктілігі қандай деңгейде болатындығы туралы ойлауға шақырды.

Көптеген дамыған мемлекеттердің білім беру процесіне қатысушыларды атаулы және мақсатты түрде қаржыландыру жөніндегі тәжірибесін зерттеу керек.

Мемлекет үш-тәрт жылдан кейін еліміздің әрбір азаматына мемлекеттік немесе мемлекеттік емес қорлардан білім беруге арналған несие беруге көмектесетін болады. Бірақ мұның міндетті бір шарты болады: талапкер қоғамның алдында өзіне міндеттеме қабылдауға тиіс. Ең үздік шекірттерді көтермелеп отыру қажет. Бірақ өз міндеттін адаптацияның шамасы жетпелтін салбексерлерді аяусыз қысқарту қажет.

Несие беру тетіктері тиісті заңдармен реттелуі қажет. Бұл орайда аталмыш заңдар мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарына қаржылай көмек берілуін қамтамасыз ететіндей болуға тиіс.

Мемлекет шет елдерде білім алуда жәрдемдесіп келді және жәрдемдесе береді. Қазір бес халықаралық шарт, 40 ведомствоаралық келісім, жоғары оқу орындарының халықаралық әріптестерімен 70 тікелей шарты іске асырылуда. 1800-ден астам қазақстандық шекірт, олардың арасында "Бо-

лашақ" бағдарламасы бойынша 185 жас өлемнің жетекші елдерінде білім алуша. Бұдан өзге, бізде студенттерге арнал 50 Президенттік стипендия мен Қазақстанның көрнекті қайраткерлері атындағы 80 стипендия тағайындалды. Тек сіздердің университеттерінде ғана 20 атаулы стипендияттар бар. Олардың үшеуі Президенттік стипендия алатынын айрықша атап өтеп тұрып, мен мұны мақтан тұтатынымды да жасырмаймын.

Қазақстанда жұмыс істейтін "Шеврон" тәрізді көптеген ірі шетелдік компаниялар маман даярлау проблемасының белгілі бір бөлігін өз мойнына алғып отыр. Бұл үшін біз оларға ризашылық білдіреміз. Шетелдік әріптердерді осы процеске неғұрлым белсенді түрде қатысуға шақырамын.

Бізге де шет елден оку үшін адамдар келетіні қуанышты жәйт. Жоғары оку орындарының кадрлық әлеуетін тиімді пайдалану және қосымша қаржы тарту үшін шет елдердің студенттерін ақылды негізде даярлауды ұлғайтқан дұрыс.

Қазақстанның оку жүйесі білім беру қызметінің өлемдік рыногы мен еңбек рыногына шығып келеді. XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда. Оның өзі маңыздылығы жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуға да тиіс. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады. Жоғары оку орындары арасында ғылым, экономика, бизнес және жоғары оку орындарының өздері қажет ететін мамандарды даярлау жөнінде бәсекелестік өсері сәссіз. Сондықтан біздің университеттер бүгін таңда Батыста, Қазақстанның менеджмент және экономикалық болжам институтында оқығандардың неліктен бірінші кезекте қажет етіліп отырғанын ойластырғаны жөн. Біз үздік жоғары оку орындарын көтермелеге, ал өз міндеттін орындар май отырғандарды жабуға немесе қайта үйімдастыруға тиіспіз. Бір сәзбен айтқанда, біз қандай университеттер мен институттарды сақтап қалуды, мемлекет қаржысына қандай мамандарды және қанша мөлшерде шығаруды нақты анықтауымыз қажет. Жаратылыштану ғылымы пәндері бойынша және ең алдымен мектеп деңгейіндегі математика, физика бойынша дайындықтың деңгейі халықтың білімділігінің аса маңызды көрсеткіші болып табылады. Ата-аналар өз балаларын өмірге дайындауға ерекше көніл аударуға тиіс. Олар қазіргі балалар елдің болашағын анықтайтын, XXI ғасырдың ересек адамдары екенін түсінуі қажет. Өлемдік экономиканың занбарын ешкім де өзгерте алмайды. Сондықтан белгілі бір білімі мен кәсіби білігі жоқ адамдар тиісінше жұмыс таба алмайды. Бұл – бұлжымас факт. Жоғары білім – мол табыс табудың, лайықты тұрмысқа жетудің ең дұрыс жолы, сондықтан ата-аналар балаларын тәрбиелеу, оларға білім беру ісіне мейлінше жауапкершілікпен қарайтын болса, елімізде кедей адамдар да болмайды.

Егер сіз балаларыңыздың тәрбиесіне адаптациясыз, мен сізді барлық басқа істе де солай етпейді деп ойлаймын, – деген болатын Джекки Кеннеди. Демек оку орындарындағы даярлықтың деңгейі мектептегі істің жағдайына байланысты деген қағиданы еске салған жөн. Сондықтан мем-

лекет мектептерді компьютерлендіруге кірісті. Оқушылар ғана емес, барлық ересек адамдарға да компьютермен еркін жұмыс істейтін кез жетті. Адам ғұмыр бойы оқуға тиіс. Жаппай компьютерлендіру латын өліппесіне көшу міндеттін алға қойып отыр.

Қазақстанда білім жүйесін дамыту ұзақ мерзімді, басым стратегиялық бағыттың бірі болып табылады. Был осы салаға жалпы ішкі өнімнің 3,85 проценті, басқаша айтқанда 72 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсалады. Бұл өткен жылғыдан 12 миллиардқа көп. Біз міндетті түрде бұған қосымша да қаржы іздел табатын боламыз. Айта кететін бір жәйт, тек сіздердің университеттің өзіне бір миллиард 100 миллион теңгеден астам қаржы бөлінетін болады. Бұл өткен жылғыдан 110 миллион теңгеге көп. 2030 жылға қарай мемлекеттің білім қажетіне бөлөтін қаржысы кемінде жалпы ішкі өнімнің жеті процентіне жетуге тиіс.

Білім саласын реформалау, әрине, оңай жүзеге аса қоймайды және жүртшылық та, педагогика қызметкерлері де оны бірдей қабылдай бермейді. Алайда, бірде-бір реформа қыындықсыз және кемшіліксіз журмейді. Кез келген реформа тек күшті өкімет пен көсемдердің саяси еркі арқылы және халықтың барлық топтары қайта құрудың мәнін түсінумен қабылдаған кезде ғана мақсатқа жете алады.

Осы университеттің профессоры ретіндегі өз құқығымды пайдалана отырып, сіздердің университеттеріңіздегі дәстүрлердің рухы биік екендігін және оны барынша қолдап, дамыта түсулеріңіз қажет екендігін еске салғым келеді.

Сіздердің әріптестерініздің бірі, Мәскеу университетінің бұрынғы студенті Александр Герцен өзі оқыған жылдарды еске алғанда сондағы дәстүрлердің бірі туралы былай деген екен: "Иә, біз талай көңіл көтеріп, сайран салғанбыз. Бірақ ең бастысы бұл емес болатын. Ең бастысы – біздің өмірге келгендегі мақсатымыз Отанға қызмет ету екендігіне деген сенім еді". Сіздердің әрқайсысының алдарыныңға осындай мақсат қойғандарынызды мен де қалаған болар едім. Қазіргі кезде алғаусыз алып-ұшпа көңіл-күй емес, елімізге дәл қазір ненің қажет екендігін түсіну, байсалды прагматизм қажет.

Мемлекетімізде қазір нарықтық өзгерістерге деген сенімі ояна қоймаған, болашаққа күмәндانا қарайтын адамдар жеткілікті. Кеп жағынан бұл өлі қүнге дейін әліміз жетпей отырған қылмыстың өршуіне, жемқорлықтың тамырлана түсініне байланысты. Сондықтан біз бекем де берік занылышқа құрылған нарықтық қарым-қатынастар орнату үшін бар күшті жұмсауымыз қажет. Тек адаптацияның істің көзін таба білу ғана бағаланатын, занылышқа қаралып өтүмен ұшпаққа жетуге жол берілмейтін нарықтық қатынастар орнатуымыз қажет. Қоғамның осы принциптерді түсініне нақ осы сіздер көмектеседі деп сенемін. Сондай-ақ, нарықтық экономика қатаң тәртіпті қажет етеді. Мұны бүкіл дүние жүзі түсінді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бүкіл Еуропа қирап-бұлініп жатқанын еске алайық. Бірақ осыншама қыындықтарға қарамастан, мұнда экономиканы басқару ең қатаң, кейде қatal шаралар

қабылдаудан басталды. Дүниенің осы бөлігіндегі елдерді гулденуге жеткізген де осы. Біз оларға қарағанда әлдеқайда қолайлы жағдайда өмір сүріп отырмыз. Тәртіп түсінігін кейбіреулер нарықтық қатынастармен үйлеспейді деп есептейді. Бұл орайда мен сіздер үйымдасқан, жинақы да іскер турде қызметке белсенділікпен араласады деп үміттенемін.

Қазақстанның келесі ғасырда дамуы стратегиясын жасаған кезде мен нақ осындаі адамдарға бағдар ұстағанмын. Университеттің тағы бір тамаша дәстүрі – ұдайы өз білімін көтеру, жан-жақты білім алу. Осы салтты қайта жаңғыртып, табиғи факультеттердің студенттері тарих, әдебиет, философия салаларында, ал гуманитарлық факультеттерде оқытын студенттер табиғи ғылымдар бойынша білім алуына қол жеткізудің маңызы зор. Әрбір студент ғылыми-техникалық жетістіктерден хабардар болып отыруға тиіс.

Тек осы арқылы ғана қоғамның шынайы қаймағы болуға жол ашылады. Қазақ мемлекеттік университетті таңдаулы оқу орындары қатарына жатады. Мұнда қабылдану оңай емес. Бірақ бұл орайда сіздер ашық демократиялық жоғары оқу орны болып қала берулерініз керек. Бұқара мен халықтың бетке үстарлары деген түсініктер бір-біріне қайшы кепмеуге тиіс. Университет – өзін қоғамнан жоғары қоятын адамдар тәрбиелеп шығаратын орын емес. Сіздердің жоғары білім алуарыңыз үшін осы қоғам еңбек сінірді.

Қазақстанның жаңа зиялыш қауымы шын мәнісінде демократиялық болуға тиіс. Ол физиканың немесе әдебиеттің тар аясында ғана өмір сүретін оқшау орта болмайды. Зиялыш адамдар Батыс пен Шығыстың мәдениетін тел емген білімдар жандар бола отырып, өз халқының дәстүрін, оның тілі мен мәдениетін мансұқ етпейтін шынайы қазақстандық болып қала беруге тиіс.

Университет дәстүрлерінің рухы бүкіл әлемге ашық болудан да көрінеді. Қажет десеніз, бұл – Еуразия рухы. Әлемнің ең ірі университеттерінде де үлттық мақтампаздықтың, адамгершілік тұрғысынан шектеуліліктің нышаны да болып көрген емес.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ВСТРЕЧЕ С ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКИМ
СОСТАВОМ И СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖЬЮ КАЗАХСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ***

Алматы, 5 января 1998 года

Это мое первое публичное выступление в 1998 году. Желаю всем сбравшимся добра, счастья, здоровья.

Нами прожит еще один непростой год, в котором немало сделано для укрепления независимости страны, подъема ее экономики. 1997-й вошел в историю как Год общегосударственного согласия и памяти жертв политических репрессий. Мы воздали должное разуму и справедливости, отдали дань памяти тысячам и тысячам соотечественников, перенесших ужасы тоталитаризма. Это – урок истории, урок жизни, совести и нам, и будущим поколениям.

В минувшем году суверенный Казахстан обрел новую столицу – Акмолу. Этот факт имеет огромное историческое значение для нашего народа.

В результате активной внешнеэкономической и внешнеполитической деятельности Казахстан значительно укрепил свой престиж в мире. Только три контракта, подписанные нашей страной с США и Китаем, связанные с транспортировкой и добывчей нефти и газа в Прикаспийском регионе, принесут стране инвестиции на сумму порядка 40 миллиардов долларов. Каждый из этих контрактов по своему объему не имеет аналогов в мире.

Все это стало возможным благодаря позитивному ходу экономических и политических преобразований в Казахстане, и не случайно мощнейшая страна мира – Соединенные Штаты – называет Казахстан своим стратегическим партнером.

Коротко об экономических итогах года. Рост производства в промышленности составил почти четыре процента, валовой внутренний продукт возрос на два с половиной процента и составил на душу населения 1500 долларов, что, по данным Всемирного банка, является одним из лучших показателей по СНГ. Инвестиции в основной капитал повысились на 20 процентов, инфляция составит приблизительно 12 процентов, хотя мы ожидали ее рост на 17,5 процента. Ставка рефинансирования Национального

* Газета "Казахстанская правда", 6 января 1998 года.

банка составила 18,5 процента. Вклады физических лиц и граждан в банки поднялись соответственно на 28 процентов.

Казахстан имеет активный платежный баланс, растут золотовалютные запасы страны. За прошедшие годы в республику было привлечено более 10 миллиардов долларов инвестиций, из них прямых – более 6 миллиардов 200 миллионов, только в прошлом году – 1 миллиард 700 миллионов долларов. На одного человека у нас приходится 400 долларов прямых инвестиций, а в целом 600 долларов. Подобных показателей нет ни в одной из стран Содружества Независимых Государств и Восточной Европы, кроме Венгрии. Это является признаком явного улучшения у нас инвестиционного климата, возросшего доверия инвесторов.

К августу прошлого года завершена программа малой приватизации. По индивидуальным проектам приватизировано в минувшем году 47 предприятий на 773 миллиона долларов США. На государственные пакеты акций перечислено только дивидендов на сумму 800 миллионов тенге.

Таковы некоторые итоги. Они нас обнадеживают, дают возможность смело двигаться дальше в деле реформирования. Разумеется, еще не все казахстанцы ощутили на себе позитивную сторону реформ. Об этом я со всей откровенностью сказал в своем Послании народу. И все же позитивные перемены необратимы. В 1997 году погашены все задолженности Правительства по пенсиям и заработной плате бюджетным организациям. Средняя зарплата по стране выросла на 26,8 процента. В материальной сфере средняя зарплата составила более девяти тысяч тенге, а в промышленности – 13 тысяч. То есть достигнут рост на 25 процентов.

Кроме того, нам удалось оптимизировать сферу управления и тем самым снизить нагрузку на бюджет. Так, по сравнению с 1996 годом на 15 тысяч сокращена численность госслужащих, распущены чиновники 5 областей, 70 районов, количество членов Правительства составляет 18 вместо 41, что позволяет нам сэкономить почти два с половиной миллиарда тенге. По моему указанию эти средства направляются в социальную сферу, в том числе в образование.

Значительно, более чем на 35 процентов, возросло количество малых и средних предприятий. Их сегодня около 180 тысяч, и в них трудится треть занятого населения, что составляет более двух миллионов человек. Дальнейшее развитие малого и среднего бизнеса – надежная основа в борьбе с безработицей.

Произошли необратимые преобразования в отношении собственности, идет активное развитие частного сектора, создается конкурентная среда, формируется рыночная инфраструктура, в негосударственном секторе – 72 процента предприятий. Товаропроизводители адаптируются к условиям рынка, продолжается поиск форм и методов стимулирования государством развития приоритетных производств. Все познается в сравнении. Эти показатели говорят о том, что наши реформы начали давать результа-

ты, и они лучше, чем у других стран СНГ. Достигнутое – это только начало, база для дальнейшей работы.

Говорю об этом, поскольку выход на новый уровень реформ позволил нам приступить к разработке, а теперь уже и к реализации Стратегии развития Казахстана на период до 2030 года. Этот документ, между прочим, завершается обращением к молодежи. И поэтому я не случайно начинаю рабочий год встречей с вами, с поколением, которому предстоит вести Казахстан в XX веке. Трудности еще впереди. Надо крепко работать, чтобы закрепить успех, чтобы все почувствовали результаты работы по улучшению жизни народа. Стратегия – для вас. Те, кто пошел в первый класс в 1990 году, достигнет 18-летия в двухтысячном. Мне хотелось бы, чтобы они стали новыми гражданами нового государства, выросшими в совершенно иных условиях, нежели мы. Вы можете и обязаны жить в богатой и процветающей стране.

Но для этого надо напряженно работать, а вначале – столь же напряженно и ответственно учиться. Вам нужны оптимизм и вера в себя и свои силы.

Важные проблемы нам предстоит решать уже в этом году. Главное – начать реализацию обозначенных в Стратегии задач. Перед Правительством поставлено восемь конкретных заданий, связанных с подъемом производства, завершением приватизации, развитием малого и среднего бизнеса, оказанием поддержки малоимущим, компьютеризацией школ, утверждением в обществе здорового образа жизни и другими вопросами.

Особо отмечу, что среди приоритетов в Стратегии обозначены вопросы укрепления здоровья, повышения уровня образованности и благополучия граждан Казахстана. Здоровье будущего зависит от здоровья каждого. Государство будет вкладывать средства в здравоохранение. К сожалению, мода на здоровье, здоровый образ жизни значительно отстает от моды на одежду, автомобили и бытовую технику, от пристрастия к алкоголю и курению. Задумаемся над такими фактами: каждый второй студент сейчас имеет врожденные или приобретенные патологии, многие молодые люди страдают расстройствами нервной системы. А ведь всем, казалось бы, ясно, что здоровье не купишь, без него нет ни счастья, ни успехов. Призываю всех и каждого обратить внимание и заняться своим здоровьем.

Ежегодно в стране производится 200 тысяч абортов, и среди тех, кто прибегает к этому, значительный процент составляют студентки. Среди студенческой молодежи нет или почти нет юношей и девушек, не употребляющих алкоголь и сигареты, каким же, спрашивается, будет потомство у таких людей?

Здоровый образ жизни и разумный досуг должны стать залогом успешного труда и учебы. Еще Бернард Шоу заметил, что здоровое тело есть продукт здорового духа. Иначе говоря, все зависит от вашей воли, от стремления правильно организовать свою жизнь. Начнем с себя, начнем со своего дома, с рабочего и учебного места. Наведем порядок в себе и вокруг

себя. И не зря говорят: если десять человек хотят войти в дом, а удается это только девяти, то десятый не должен роптать на судьбу и полагать, что это произошло по воле Господа. Он должен спросить себя, в чем его оплошность, как это произошло.

Үкіметтің де, мемлекет қаржысына жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдарының да жекешелендірілген және басқаруға берілген – ал, олар 200-ден асып жығылады – кәсіпорындарда 1997 жылы өндірістің 33 процентке және олардың табысы 10 процентке артқаны туралы ауқымды да объективті көрсеткіштер туралы неге айтпайтыны жүмбақ болып отыр.

Тамақ өнеркәсібі 28 процент өсім бергені, инвестициялар 1996 жылға қарағанда 20 процентке артып, 119 миллиард теңгеге жеткені, нақты табыс 9,7 процентке өскені туралы да ештеңе айттылған жоқ.

Ал, жұмыссыздық 1996 жылмен салыстырғанда 6,5 процентке қысқарды. Адамдар еңсесін енді ғана тіктең бастағанын өздері де түсіне қойған жоқ және "Жигули" мәшинесінде отырса да, шетелдік маркалы автомобильді көргенде өздерін бақытсыз сезінеді.

Кәне, мына фактілер тәнірегінде ойланып көрелікші. Қазір қазақстандықтардың жеке меншігінде 1 миллион 357 мың автомобиль бар. Бұл 4 жарым миллион отбасы деген сөз.

Яғни еліміздегі бүкіл отбасылардың 30 процентінде автомобиль бар. 1991 жылы жеке меншікте небәрі 850 мың автомобиль болған еді.

Демек 6 жыл ішінде бұл көрсеткіш 60 процентке өскен. Ол кезде жеке меншікте жүк мәшинелері мүлдем жоқ болатын. 2,3 миллион адам немесе ауыл тұрғындарының 32 проценті жер үлесі құқығын алды, бір жарым миллион азаматтың жеке қосалқы шаруашылығы бар. Мемлекет ауылға қолдау көрсету үшін 200 миллион доллар беріп отыр.

Енді екінші тұрғыдан келейік. 1994 жылдан бері бір жарым миллионға жуық қазақстандық азамат – әрбір 11-ші адам алыс шетелде болып қайташын, қазір 2,5 мыңнан астам адам шетелде оқып жатыр. Біздің ғасырлық тарихымызда мұндаидай жайт болып па еді? Ешқашан болған емес.

Бір кездері фашизмнің атышулы идеологы өтірік неғұрлым ауқымды болса, соғұрлым ол шындыққа ұқсас болады деген еді. Біздің кейір сыйыларымыз Қазақстандағының бәріне жаппай қара бояуды баттастыра жаға отырып, осы принципті берік ұстануда.

Ал, таза статистика өткен жылы елімізде жан басына шаққанда 1500 доллардың жалпы ішкі өнімі өндірілгенін көлтіреді. Бұл ТМД-да Ресейден кейінгі екінші көрсеткіш болып табылады. Біз ұзын-шұбақ кезекке тұрусыз, тапшы заттарсыз өмір сүруге үйрендік.

2000 проценттік инфляция дегенді мұлдем ұмытып кеттік. Машина мен тоңазытыш, телевизор мен жиһаз алу үшін адамды жер қылышп бітептін жеккөрінішті тізім де ұмытылды. Жамандық атаулы тез ұмытылады.

Бірақ осының бәрі, осы өзгерістер аспаннан түсө қалған жоқ, мұның бәрі Қазақстан халқының еңбегі мен ел басшылығының саяси еркінің нәтижесі.

Егер бізде басшылар туралы жылы лебіз білдіру кемшілік саналатын болса, шетелдіктердің не айтатынын тыңдал көрелік.

Халықаралық іскерлік әлеміндегі ең ықпалды органдардың бірі Лондондағы "Файненшл таймс" биылғы қаңтар айында Қазақстан шынайы еркін нарықтық экономика құру жөнінде бірқатар батыл қадамдар жасағандығы туралы жазды.

Тағы бір пара басылымдар Қазақстан аса ірі серіктестер тарапынан бұрынғы кеңестік мемлекеттер үшін тенденсі жоқ міндеттемелер алынуына қол жеткізгендігі туралы жазады. Бұл туралы сіздерге, әйелдерге айтпағанда кімге айтуға болады?

Әміріміздегі жақсылық атаулыны неғұрлым объективті тұрғыдан бағалайтын адамдар нақ осы сіздер ғой деп ойлаймын. Мархабат етіп, мұны өздеріңіздің әмірлік серіктеріңізге түсіндіріп беріңіздер. Оларға қыңқылдай беру мен сарыуайымға салыну нағыз ер азamatқа ешқашан шырай бермен-генін түсіндіріңіздер. Мұны бойға біткен даналық пен көрегенділік және сүйіспеншіліктеріңіз арқылы, тек сіздер ғана істей аласыздар.

Мен осы шаңырақтың астында сіздермен жүздесіп отырғаным қуаныштымын. Ел алдында сіздер – мемлекеттік қызыметші, депутат, педагог, дәрігер, кәсіпкерсіздер. Ал, үйде аяулы ана, асыл жар, айнымас доссыздар! Бұғінгі сіздердің мемлекеттік мәсөлелерден бастап тіршіліктегі, тұрмыстағы небір қыын міндеттерді шешулеріңізге тұра келіп отырғаны маған жақсы мәлім.

Соған қарамастан сіздер жарқын да жайдары күйлерінізден жазбай, болашаққа сеніммен қарап, бәрімізге күш-куат беріп отырсыздар. Сол үшін де сіздерге ел риза. Өз басым да сіздерге орасан зор ілтипатымды білдіремін.

Сондықтан да баршаңызды келе жатқан мерекемен шын жүректен күттүкташ, зор денсаулық тілеймін! Шаңырақтарыңыздан шаттық үзілмесін, сәбілердің шадыман құлқісі кетпесін, ошақтарыңыздың іргесі дәйім берік болсын. Еңбекте де, окуда да табыстан-табысқа жете беріңіздер, бақытқа, жақсылыққа кенелініздер!

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ
ОБЩЕСТВЕННОСТИ, ПОСВЯЩЕННОЕ МЕЖДУНАРОДНОМУ
ЖЕНСКОМУ ДНЮ 8- МАРТА***

Акмола, 6 марта 1998 года

С особой сердечной теплотой поздравляю вас и в вашем лице всех женщин Казахстана с наступающим светлым праздником – 8 Марта.

Встреча с вами на этом празднике, пришедшем с весенним месяцем, мне доставляет большое удовольствие. Она – не просто обычная дань знаменательному празднику. Прошу принять ее как проявление особой любви и признательности к женщине-матери, сестрам, глубокого уважения к ним за их активное участие в общественной жизни страны.

Сегодняшнее торжество – особенное. Мы с вами встречаемся в новой столице. Думаю, что те, кто впервые прибыл в Акмолу, воочию убедились в том, какая громадная работа проделана здесь по преобразованию облика города.

В связи с этим я бы сравнил новую столицу с вновь построенным зданием. Конечно, перед всяkim новосельем каждой женщине присуще позаботиться о благополучии своей семьи, детей и внуков на новом месте. Благо в каждой семье обеспечивается не красотой четырех стен и имуществом, а прежде всего искренними взаимоотношениями и согласием ее членов.

Эта мысль имеет прямое отношение к нашей новой столице. Мы пошли на этот смелый шаг, заботясь о будущем страны, о судьбе грядущих поколений. Наша мечта – передать им в наследство страну с развитой экономикой, где были бы решены социальные вопросы, гражданам обеспечена зажиточная жизнь, было стабильное общественное согласие. Не зря сказано, что у страны без мечты не будет хорошего будущего, без взаимного согласия людей не будет ни богатства, ни счастья.

У нас есть ясный план сообща продвигаться вперед в будущее. Об этом говорится в Стратегии развития Казахстана на период до 2030 года. Для того чтобы осуществить намеченное, всем нам необходимо самоотверженно трудиться.

* Газета "Казахстанская правда", 7 марта 1998 года.

Поздравляя вас сегодня с самым светлым праздником каждого года, хотел бы отметить одну замечательную черту, присущую нашим женщинам. Наверное, так распорядилась история, что народу нашему пришлось пережить немало тяжелых испытаний. И в годы этих испытаний наши женщины сохраняли оптимизм и веру в лучшие времена.

Мы сегодня имеем реальную перспективу в Стратегии развития нашей страны до 2030 года и поставили прежде всего гуманную задачу – улучшить жизнь всего народа Казахстана. Ваше отношение к тому, что происходит в обществе, определяет тонус общественного настроения в целом.

Мы исходим из того, что, несмотря на трудности современной жизни, все же моральным стержнем нашего казахстанского общества, хранителем наших ценностей остаются семья, человек с его заботами и надеждами. Историю делают граждане страны – мужчины и женщины, наделенные дальновидностью, патриотизмом, готовностью преодолеть неизбежные в этот период трудности. Мы живем сейчас именно в такое время, когда объединение усилий деятельных людей способно переломить ситуацию, достичь подъема и обеспечить достойную жизнь будущим поколениям.

В этой работе мы всегда ощущаем вашу поддержку, дорогие женщины. Откликаясь на современные реалии жизни, понимая возросшую ответственность за будущее детей, вы стали жить и работать в новом, учащенном ритме. Отрадно видеть вашу собранность, активность и деловитость во всех сферах жизни.

Конечно, во всем необходима мера. Иначе можно оказаться в ситуации, имевшей место в истории. Речь идет о курьезном декрете, изданном еще в 1918 году в Саратовской губернии. Назывался он так – "Об отмене частного владения женщинами". В нем с революционной прямотой объявлялось, что все женщины от 17 до 30 лет изымаются из частного постоянного владения и являются достоянием всего трудового народа. Далее еще интереснее. Граждане мужчины имели право пользоваться женщиной не чаще четырех раз в неделю и не более трех часов, да и то при одном условии: каждый желающий воспользоваться экземпляром народного достояния обязан был предоставить удостоверение о своей принадлежности к трудовому классу и отчислять от своего заработка два процента в фонд отчужденных женщин. Если же он не принадлежал к "гегемону", то взнос составлял уже тысячу рублей. Саратовцам было сделано только одно послабление: за бывшими владельцами жен сохранялось право пользоваться женой вне очереди.

Я вспомнил об этом несуразном декрете, конечно же, в шутку. Если же серьезно, то та возросшая активность женщин, о которой я говорил, – и в сфере предпринимательства, и в общественных делах, и в семейной жизни – не может не радовать. Есть старинная французская поговорка о том, что женщины могут все, а мужчины все остальное. Я думаю, это в полной мере относится к нашим прекрасным женщинам.

Природа и небо создали женщину как хранительницу очага и воспитательницу детей. На наших детей в грядущем столетии ляжет весь груз ответственности за развитие Казахстана. Облик будущего Казахстана будет определять специалист с образованием на уровне мировых стандартов. Многое, конечно, тут зависит от нашей системы образования. Но если вы не создадите в семье культ знаний, то никакое учебное заведение не поможет. Без всякого преувеличения, скажу, что будущее страны зависит от матери, побуждающей своего ребенка к знаниям.

Особая роль матери и в вопросах культуры межнационального общества. Национализм и шовинизм никогда не впитываются с молоком матери. Это – источники другого свойства. Только за последние годы в мире было 26 межнациональных войн и крупномасштабных конфликтов, в результате которых появилось дополнительно 23 миллиона беженцев, погибли более полумиллиона человек, 12 миллионов детей остались без кровя. Давайте помнить о том, что цена мира познается только после его утраты. И многое здесь зависит от примера родителей.

Нынешний год своим указом я объявил Годом народного единства и национальной истории. Это далеко не случайно. Стремительный вихрь перемен на исходе тысячелетия сказался и на старой системе ценностей. Осознание реальной картины национальной истории, общности наших исторических судеб, горьких и радостных минут истории без прикрас и без национального самоуничижения – это основа того, что именуется высоким словом патриотизм.

И, конечно же, не могу не сказать о вашем особом предназначении в реализации такого стратегического направления развития нашей страны, как утверждение здорового образа жизни. Культ здоровья, физической культуры также начинается с семьи. Я понимаю всю сложность этой проблемы, особенно в вопросе укрепления здоровья женщин и детей.

Сегодня мы имеем возможность приступить к комплексному решению женских проблем, усилить внимание к молодым семьям с тем, чтобы улучшить положение женщин в обществе, обеспечить их активное участие в производственной и общественно-политической жизни. Уже сейчас по моему поручению разрабатываются государственные программы "Семья и женщина" и "Дети Казахстана".

В этот прекрасный весенний день мне бы хотелось сказать о том, что не нужно уподобляться тем религиозным фанатикам, любимым занятием которых является самобичевание. В последнее время средства массовой информации выливают на головы граждан Казахстана чернуху, забывая о том большом хорошем, что делается сегодня в республике. Казахстан за эти годы прошел непростой путь. Но это был путь наверх, а не путь в преисподнюю, как изображают любители чернухи. Факты – упрямая вещь, и давайте этим фактам посмотрим в лицо.

Остается загадкой, почему ни Правительство, ни средства массовой информации, причем работающие за государственные средства, не рассказывают о колоссальных и вполне объективных показателях роста в 1997 году: на 33 процента – производства и на 10 процентов – прибыли на приватизированных и переданных в управление предприятиях, а их более 200, и это очень крупные предприятия. О том, что пищевая промышленность дала рост 28 процентов; о том, что инвестиции достигли 119 миллиардов тенге с ростом к 1996 году на 20 процентов; о том, что реальные доходы выросли на 9,7 процента. А безработица сократилась на 8,5 процента по сравнению с 1996 годом. Люди сами еще не осознают, что поднимаются с колен и, сидя в "Жигулях", чувствуют себя несчастными, глядя на иномарку.

Между тем давайте задумаемся над такими фактами. Сейчас в частном владении у казахстанцев находится 1 миллион 357 тысяч автомобилей. Это – на 4 с половиной миллиона семей, то есть 30 процентов семей владеют автомобилями. В 1991 году в частном владении было всего 850 тысяч автомобилей, то есть рост за 6 лет на 60 процентов. А грузовых машин в частном владении тогда вообще не было. 2,3 миллиона граждан, или 32 процента сельского населения, получили право на земельную долю, полтора миллиона граждан имеют личное подсобное хозяйство. Государство дает селу на поддержку 200 миллионов долларов.

Давайте посмотрим с другой стороны. С 1994 года почти полтора миллионов казахстанцев побывали в дальнем зарубежье – каждый 11-й казахстанец. 4 тысячи наших соотечественников получили образование за рубежом, сейчас больше 2,5 тысячи учатся за рубежом. Когда такое было в нашей долгой истории столетия? Никогда.

Когда-то печально известный идеолог фашизма говорил: чем чудовищнее ложь, тем она правдоподобнее. Некоторые наши критики свято следуют этому принципу, изображая все и вся в Казахстане черной краской. Но ведь сухая статистика говорит о том, что в прошлом году на одного жителя страны произведено валового внутреннего продукта на 1500 долларов. Это – второй показатель в СНГ после России. Мы привыкли жить без очередей, дефицита, мы забыли об инфляции в 2000 процентов. Мы забыли об уничижительных списках на машины и холодильники, телевизоры и мебель. Плохое быстро забывается.

Но ведь все это, все эти сдвиги не упали в виде маны небесной, а есть результат труда казахстанцев и политической воли руководства страны. Если у нас стало плохим тоном говорить положительное о руководстве, то давайте послушаем, что говорят за рубежом.

Один из самых влиятельных органов международного делового мира лондонский "Файнэншл таймс" пишет в январе этого года о том, что Казахстан предпринял ряд смелых шагов по созданию подлинно свободной рыночной экономики. Ряд изданий пишет о том, что Казахстан добился бес-

прецедентных для постсоветских государств обязательств со стороны крупнейших партнеров. Кому, как не вам, женщинам, сказать об этом!

Я думаю, что именно вы – наиболее объективные ценители хорошего в нашей жизни. Пожалуйста, объясните это своим спутникам по жизни, объясните, что нытье и упадочные настроения никогда не красили настоящего мужчину. Только вам под силу сделать это – благодаря мудрости, такту и любви.

Я рад встрече с вами под этим шаныраком. Вы являетесь государственными служащими, депутатами, педагогами, врачами, предпринимательницами, а дома – дорогими материами, добрыми спутницами жизни и верными подругами. Мне хорошо известно, что вам приходится решать многие сложные вопросы, начиная от государственных и кончая повседневными бытовыми. Несмотря на это, вы уверенно смотрите в будущее и тем самым передаете всем нам новый прилив сил и энергии. За это вам благодарна вся страна. И я выражают свою огромную личную признательность.

Сердечно поздравляю всех вас с наступающим праздником, желаю доброго здоровья, семейного счастья, радостных улыбок на лицах детей, больших успехов в труде и учебе.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІН 8 - НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ***

Ақмола, 7 наурыз 1998 жыл

БАРЛЫҚ ІЗГІ НИЕТТЕРІНІЗ ОРЫНДАЛА БЕРСІН

Ардақты бибілер!

Сіздердің баршаңызды тамаша көктем мерекесі 8 Наурызben шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн біздердің, ер-азаматтардың бойындағы ең бір ізгі сезімге – ыстық ілтипат пен шексіз алғыс сезіміне нәр беретін күн. Бұл біздің жан-жүргімізді ғұмыр бойы нұрға бөлеп тұратын ең бір асқақ сезімдер.

Сіздерге, аналарымызға, жарларымызға, апа-қарындастарымызға, қыздарымызға бізге сыйлаған жан-жылуларыңыз, отбасының берекесі, ыстық ықыластарыңыз берілген гүл сезімдерінің үшін әрдайым қарыздармыз.

Сонымен бірге сіздер белсенді қоғамдық жұмыс жүргізуге де, өндірістік істерге қатысуға да, бала тәрбиесіне де уақыт тауып келесіздер.

Бұгінгі күні елімізді абаттандыру жөніндегі жасампаздық істе сіздердің қолдауларыңызды айрықша сезінуліміз. Бибілердің өздеріне тән жина-қылықпен бұгінгі болмыс түрпатын жедел пайымдауы, бала тәрбиесі үшін өскелең жауапкершілігін терең түсінуі қуантады.

Бұгін қоғамның саяси өмірінде болсын, кәсіпкерлікте, шығармашылықта, отбасында болсын, сіздер үйымшылдық, айрықша дарын мен қам-қоршылық танытпай отырған сала жоқ.

Сол арқылы сіздер көп істе біздің баршамызға өнеге көрсетіп, құллі қоғамның көз алдында ізгі тұлғаларыңызды асқақтата түсіп отырысыздар. Тыңдырған барша жақсы істерінің үшін де сіздерге мың да бір алғыс.

Сонымен қатар біз қазіргі кезде әйелдердің өсіресе әлеуметтік мәселелерді шешу аясында, балаларды қорғау саласында қолдауға зәру болып отырғанын жақсы білеміз.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 7 наурыз 1998 жыл.

"Отбасы және әйел", "Қазақстан балалары" сынды арнайы бағдарламалар міне нақ осы міндеттерді шешуді көздейді, бұларды іске асыруға кірісуге біздің қазірдің өзінде мүмкіндігіміз бар.

Ардақты бибілер!

Осынау салтанатты күні біздің бәрімізден өздеріңізге орасан зор бақыт, отбасыларыныңға ырыс пен береке, қуаныш пен шаттық, барлық ізгі ниеттеріңіздің орындалуын тілеген тілеулестігімізді қабыл алыңыздар! Мерекелеріңізben, ардақты бибілер!

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ЖЕНЩИНАМ КАЗАХСТАНА С ДНЕМ 8 МАРТА***

Акмола, 7 марта 1998 года

Дорогие женщины!

От всей души поздравляю вас с замечательным весенним праздником – 8 Марта. Этот день всегда вызывает в нас, мужчинах, самые светлые чувства – чувства огромной любви и благодарности. Собственно говоря, мы несем их по отношению к женщинам через всю жизнь. Вам – нашим матерям, женам, сестрам, дочерям – мы признательны за теплоту, семейный уют, за вашу нежность, отзывчивость. При этом вы успеваете вести активную общественную работу, участвовать в производственных делах, воспитывать детей.

В сегодняшней созидательной работе по переустройству страны мы ощущаем вашу особую поддержку. Отрадно, что женщины с присущей им всегда собранностью восприняли реалии современной жизни, возросшую ответственность за воспитание детей. Сегодня нет таких сфер – и в общественно-политической жизни, и в предпринимательстве, и в творчестве, и в семье, – где бы вы ни проявили организованность, талант, заботу. Этим вы во многом подаете пример всем нам, возвышаете свой благородный облик в глазах всего общества. Огромная вам благодарность за все, что вы делаете.

Наряду с этим мы видим, что сейчас женщины нуждаются в поддержке – особенно в решении социальных проблем, охраны детства. Именно на это нацелены специальные программы – "Семья и женщина" и "Дети Казахстана", к реализации которых мы сегодня уже имеем возможность приступить.

Дорогие женщины! Примите в этот день пожелания огромного счастья, семейного благополучия, радости, осуществления всех заветных надежд! С праздником вас, наши милые женщины!

* Газета "Казахстанская правда", 7 марта 1998 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МИНИСТРЛІКТЕР МЕН
ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН, ОБЛЫСТАРДЫҢ
ӘКІМДЕРІМЕН ӨТКІЗГЕН КЕҢЕСТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Ақмола, 10 наурыз 1998 жыл

РЕФОРМАЛАР ТЕРЕҢ ӘРІ ЖЕДЕЛ ЖҮРГІЗІЛУГЕ ТИІС

Қазір реформаларды жандандыруға жәрдемдесетін нақты да іскер ұсыныстар талап етіледі. Әсіреке, өзгерістер төзісіз түрде баяу жүріп жатқан аграрлық сектор бұл ұсыныстарға өте мұқтаж болып отыр.

Нарық, 83 шарттарын қоя бастады. Ал, ауыл маркетингі бөлімдері жаңа проблеманы қазірге шеше алмай отыр. Мысалы, 1997 жылы бізде дәнді дақылдар егілетін алқаптар көлемін арттыруға баса назар аударылды. Ал, астықтың әлемдік бағасы төмендеп кетті. Осының нәтижесінде шығын тарттық. Бұл бізге ішкі рынок пен экспортқа шығару үшін қандай өнімді қанша мәлшерде өндіруіміз керектігін анықтап отыратын жақсы мониторинг өте қажет екенін көрсетеді. Кез келген өндіріс, оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірісі де тиімді болуға тиіс.

Жедел да батыл түрде жүзеге асырылған реформалар ғана табысқа жеткізетіндіктен, Президент тапсырмасын орындау үшін Үкіметке өте қысқа уақыт берілді: наурыздың 15-іне дейін бірлесе қаржыландыру бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлу тетігін жасап шығаруды аяқтау; сәуірдің 15-іне дейін екінші дәрежедегі екілетті банктер арқылы бірлесе қаржыландыру бағдарламасы бойынша берілетін қаржының 75 процентінен кем түспейтін мәлшерде лизинг қоры үшін қаржы бөлуді қамтамасыз ету; сәуірдің 1-іне дейін ауыл шаруашылығы техникасын прокатқа беретін машина-технологиялық станциялар желісін несие ресурстарын пайдалану арқылы азық-түлікті көтерме бағамен сату рыноктарын құру схемасын жасау және бекіту қажет.

Осы әңгімені қорытындылай келе, Үкіметтің алдына – шағын бизнес кәсіпорындарында жүргізілген тексерулерге талдау жасау және 1998 жылы бұларға тыйым салу жөнінде ұсыныс енгізу, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жұмысын бағалайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесін жасау, бір ай мерзім ішінде түрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының жұмысын талдап шығу және оны реформалау жүйесін жасап шығару туралы міндеттер қоямын.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 11 наурыз 1998 жыл.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА СОВЕЩАНИИ С РУКОВОДИТЕЛЯМИ МИНИСТЕРСТВ
И ВЕДОМСТВ, АКИМАМИ ОБЛАСТЕЙ***

Акмола, 10 марта 1998 года

РЕФОРМАМ – ГЛУБИНУ И УСКОРЕНИЕ

Сейчас требуются конкретные и дальние предложения, которые способствовали бы активному продвижению реформ. В сельском хозяйстве параллельно с проведением процедур банкротства необходимо заниматься поиском инвесторов, решать вопросы сбыта сельхозпродукции, изучать рынок.

Рынок начинает диктовать свои условия, а отделы сельского маркетинга с новой проблемой пока не справляются. Так, в 1997 году у нас была сделана ставка на увеличение зернового клина, а мировые цены на хлеб упали. В результате – потери. Это говорит о том, что нам нужен хороший мониторинг, который должен определить, сколько и какой продукции необходимо производить для внутреннего рынка, а сколько для экспорта. Любое производство, в том числе и сельское, должно быть рентабельным.

Поскольку реформы принесут эффект, если только будут осуществляться быстро и решительно, в предельно сжатые сроки, Правительству необходимо: до 15 марта завершить разработку механизма выделения средств из республиканского бюджета по программе софинансирования. До 15 апреля обеспечить выделение не менее 75 процентов средств по программе софинансирования для лизингового фонда через уполномоченные банки второго уровня; до 1 апреля разработать и утвердить схему создания сети машинно-технологических станций проката сельхозтехники, оптово-продовольственных рынков с использованием кредитных ресурсов.

О проблемах развития бизнеса. Несмотря на мои неоднократные предупреждения, продолжается вмешательство государственных органов и частных лиц в дела предпринимателей. На это есть правоохранительные органы. А руководители Северо-Казахстанской и Павлодарской об-

* Газета "Казахстанская правда", 11 марта 1998 года.

ластей предпочитают работу подменять словами: здесь в 7–10 раз завышена статистика занятости населения в сфере бизнеса.

Подводя итоги этому разговору, ставлю перед Правительством следующие задачи: провести анализ проверок на предприятиях малого бизнеса и внести предложение по их запрету на 1998 год; разработать систему оценочных статистических показателей для предприятий малого и среднего бизнеса; в месячный срок провести анализ и разработать систему дальнейшего реформирования жилищно-коммунальной сферы.

ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИИ ПО ИТОГАМ КАЗАХСАНСКО- МОНГОЛЬСКИХ ПЕРЕГОВОРОВ, О ПРЕДСТОЯЩЕМ САММИТЕ ГЛАВ ГОСУДАРСТВ СТРАН СНГ В МОСКВЕ*

Алматы, 12 марта 1998 года

Зашел разговор о строительстве Акмолы и подготовке новой столицы к презентации, о встрече с А. Кажегельдиным и о некоторых аспектах внутренней и внешней политики страны.

Главы государств в столице Молдавии критиковали разноскоростную интеграцию и решили не подписывать никаких документов, поскольку не работают старые. Я тогда предложил принять лишь один документ – о создании единого экономического пространства, о цивилизованной свободной торговле. Мне поручили подготовить доклад к новой встрече. И я изучил, как решаются проблемы интеграции в мире, особенно в Европейском союзе, который основан прежде всего на экономической интеграции без "политики", без вмешательства во внутренние дела других государств.

Доклад готов. Как пойдет его обсуждение, какими путями будет развиваться СНГ дальше, покажет предстоящее обсуждение. Любые шаги, инициативы, которые укрепляют сотрудничество, развиваются настоящую интеграцию, я поддержу. Но никто из президентов в одиночку проблему не решит. Это проблема общая.

Говоря о выздоровлении А. М. Кажегельдина и его возвращении в Алматы, посоветовал бы журналистам не ловить рыбку в мутной воде. В сложнейшее время бывший Премьер-министр осуществлял политику Президента и делал это по мере своих сил, не жалея себя. Не дело разбрасываться знающими, подготовленными кадрами, поэтому А. М. Кажегельдин станет советником Президента по экономическим вопросам и будет готовить материалы, проводить исследования, которые ему будут поручены.

Особая тема для нас – строительство Акмолы. Пожалуй, в недалеком будущем Акмола станет любовью и гордостью всех казахстанцев. Подго-

* Газета "Казахстанская правда", 14 марта 1998 года.

товка к презентации столицы идет полным ходом. К июню будет готов аэропорт, уже установлено современное навигационное оборудование, взлетно-посадочная полоса позволяет принимать любые типы самолетов. Еще раньше примет первых посетителей 25-этажная пятизвездочная гостиница "Интерконтиненталь".

В этом году начнут строить национальный музей и библиотеку, картинную галерею, художественную мастерскую. Взметнется ввысь 40-этажный небоскреб торгово-финансового бизнес-центра. Огромное строительство будет осуществляться за счет получения инвестиций частного капитала, нефтяных и других компаний. Так, Саудовская Аравия подарила 15 миллионов американских долларов на возведение нового здания Парламента. Этим летом 43 объекта берутся построить алматинские бизнесмены: рестораны, кафе, казино, Диснейленд, аквапарк, детский парк. Несомненно, Акмола вскоре станет одним из красивейших городов.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң РЕСПУБЛИКАНЫҢ ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗИЯЛЫ
ҚАУЫМЫНЫҢ ТАНЫМАЛ ӘКІЛДЕРІМЕҢ КЕЗДЕСУІНДЕ
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 17 наурыз 1998 жыл

**"ҚАЗАҚТЫҢ БҮКІЛ ТАРИХЫ – БІРІГУ ТАРИХЫ,
ТҰТАСТАНУ ТАРИХЫ"**

Шығармашылық, ғылыми интеллигенцияның басын ауық-ауық қосып, еліміздің алдында тұрған келелі мәселелер төңірегінде ақылдасып отыру – менің жұмыс дағдыма айналған әдет. Сонау 1989 жылы, республика басшылығына жаңа ғана сайланған кезде де менің ең алдымен жинаған адамдарым шығармашылық иелері – ақын-жазушылар, композиторлар, суретшілер, сәулетшілер, кинематографистер, театр қайраткерлері болғаны естерінізде деп сенемін.

Сіздермен кездесулеріміз мұнан кейінгі жылдарда тұрақты жалғаса бастады. Еліміздің егемендігінің елең-алаңында, төүелсіздіктің таңы жаңа атып, жас мемлекеттің тәй-тәй басқан қызың қундерде де мен өздеріңізben пікірлесіп, ойласып отырдым. Бұғанамыз бекіп, елдің еңсесі тіктелген тұста, аргы-бергі тарихымыздың асыл адамдарымыздың мерейтойларын кең көлемде, әлемдік ауқымда атап өтер кезеңдерде де бастарыңызды қосып, "Ал, ағайын, елдігімізге сын болатын осы шаруаны қалай атқарғанымыз жөн болар еді? Не айтасыздар?" деген тұрғыда ақылдасып жүрдім. Шүкір, онан зиян көрген жерім жоқ. "Кеңесіп пішken тон келте болмайды".

Кейінгі кезде бұл жұмыстың жаңа тәсілдерін де пайдаланып келеміз. Мен соңғы жылдарда ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның же келеген әкілдерін кейде олардың өз өтініші бойынша, кейде мерейтойлары қарсаңында арнайы қабылдап, өміріміздің сан-салалы мәселелері туралы пікірлерін көзбе-көз, емін-еркін айтуына жағдай жасап жүрмін.

Елге еңбегі сіңген, өзім қадір тұтатын ағаларымның біразы алдында болған, әңгімелерін мұқият тыңдағанмын. Олардың қай-қайсысы да "Қазақстан – 2030" деп атаған стратегиямызды бірауыздан қолдап, қостап сөйлеген. Біздің халықаралық аренада атқарып жатқан жұмысымызға да, астананың Ақмолаға қоныс аударуына байланысты атқарылған қыруар шаруаларға да қолдау білдірген. Жекелеген сын ескертпелерін қабылдағанмын да. Менің алдында болған сол азаматтардың біразы бүгін де осында отыр.

* "Егemen Қазақстан" газеті, 18 наурыз 1998 жыл.

Олардың сыртында бүгінгі бас қосуымызға, негізінен, халық тарихын зерделеуге тікелей атсалысып жүрген ғалымдарды, қаламгерлерді, өнер адамдарын шақырдық. Біз не шаруа атқарсақ та сіздерге – елдің сөзін сөйлейтін, халықтың үнін жеткізетін азаматтарға сүйеніп атқарамыз.

Сіздермен осы кездесудің алдында Жалпыұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп аталған өткен жылдың саяси қорытындыларын шығарып, осы кезеңде атқарылған жұмысты бір пайым-дап алуды қажет деп таптым.

Бұл туралы мениң жақында баспасөзде жарияланған жазбаларыммен жақсы таныссыздар деп сенемін. Бұл арада оның негізгі тұжырымдарын қайталап айтпай-ақ қояйын. Бір нәрсенің басы ашық: 1997 жылды Татулық пен еске алу жылы деп жариялау бізге жиырмасыншы ғасырдағы тарихы-мызды тың тұрғыдан қарастыруға, жүріп өткен жолымызға жаңаша баға беруге мүмкіндік жасады. Жыл бойы айтылған жүйелі әңгіме тоталитаризмнің шын кейпін айқара ашып берді, жетпіс жылдай жамылдып келген бетпердесін сипырып таstadtы. Мен бір ғана цифрды атайын. 1932-33-ші жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық пен репрессия кезінде республикамызда 1 миллион 750 мың адам құрбан болған еken. Бұл дегеніңіз – сол кездегі қазақ халқының 42 проценті. Бір жылда халқының жартысына жуығынан айрылған бізден басқа үлт бар ма еken мына дүниеде?!

Тек осы үшін, тек осы сүмдік қасірет үшін ғана, санымыз өнбей, өркеніміз еспей, талай жылдар бойына өз жерімізде, өз елімізде аз үлт болып келгеніміз үшін ғана, соナン кешегі күнге дейін намысымыз жасып, сағымыз сынып қалғаны үшін ғана біз қазақтар, тоталитаризм атаулыға лагнет жаудырып, балаларымыздың балаларының балаларына: "Демократияның қадірін біліңдер!", деп есiet айтып өтуіміз керек!

Мен өз Жарлығыммен биылғы жылды Халықтың тұтастығы мен үлттық тарих жылы деп жарияладым. Бұл жылды да біз өткенде жинақталған тәжірибелі ескере отырып, тұғырдан тайса да, санадан әлі сырыла қоймаған тоталитаризм идеологиясын әшкереleуді жалғастыра түсеміз. Тоталитаризмге халықтың тұтастығының қажеті жоқ. Ол үлт мәселесін қолдан қындастып, халықтардың бір-біріне сенімсіздігін, күдікшілдігін арттыруға мүдделі. Халықтың бір тобын бір тобына, бір табын бір табына айдал салуға мүдделі. Өйткені, үрейге бой алдырған ондай қофамды билеу женілге түседі. Тоталитаризмге үлттық тарихтың да қажеті жоқ. Ол үлттың тарихи жадын жойып, мәңгүрттік психологияны орнықтыруға мүдделі. Өйткені, өткенін білмейтін халықтың өзіне сенімі болмайды. Ал өзіне сенімі аз халықты айтқанға көндіру, айдағанға жүргізу женілге түседі. Тоталитарлық қофам атаулының аңсайтыны да сол.

Мәселенің басқа жағы да бар. Дүниеге келген әрбір адам мына дүниені сан қырынан тануға тырысады, сонымен бірге өзін де танытуға тырысады, өзгелердің өзімен санасқанын қалайды, құрмет тұтқанын қалайды.

Халық та сондай. Әсіресе, ықпалдастық процесі ғаламдық сипат алған мына заманда халықтың күні халықпен болатыны өкібастан белгілі. Елдің экономикалық мұдделерінің дұрыс шешілуі үшін де алыс-жақындағы мемлекеттердің бізді танығаны, сыйлағаны, мойындағаны керек.

Ал осынау дүбірлі дүниеде өзінді мойыннатудың сенімді жолы – тағылымды тарихың, озық ғылымиң, өрелі мәдениетің. Әркениетті әлемде, дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстанды экономикалық қуаты мол, болашағы зор, саясаты сенімді, бағыты байыпты мемлекет ретінде таниды.

Мысалы, дүниедегі ең дәулетті ел – Америка Құрама Штаттарының Қазақстанды өзінің стратегиялық әріптесі деп атағаны көп жайды аңғартады. Ал қазақ елінің тарихы, ғылыми, мәдениеті өзінің жер асты байлықтарында танымал ма? Олай дей алмаймыз.

Алдыңғы жылды ерекше бір кітап жарық көрді. "Хроника человечества" деп аталады. Ағылшын тілінен аударылған. Тамаша безендірілген кітапта алғашқы қауымдастық құрылыштан бері қарай, күні кешегі Ресейдегі тамыз бүлігіне дейінгі оқиғалар рет-ретімен баяндалып шыққан. Әлем тарихындағы айтулы тұлғалар түгелге дерлік қамтылған. Алайда, 1200 беттік сол кітапта қазақ даласы атымен ауызға алынбайды. Бұл өнірде өткен бірде-бір оқиға айтылмайды. Біздің төл тарихымыздан екі-ақ адам туралы жазылған: Әбліхайыр хан мен Назарбаев. Ал осы әділдік пе? Әрине, әділдік емес. Сонау палеолит дәүірінен бері адам мекендер келе жатқан ұлан-байтақ қазақ даласында небір ғаламат тарихи оқиғалар өткен, бұл жерде небір ұлы тұлғалар ғұмыр кешкен.

Әріге бармай-ақ қояйық. Жоңғар армиясы мен қазақ жасағының 1727 жылғы Бұлантты өзені бойындағы алғашқы ірі шайқасын айтальық. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен сол қанқасап қыргынға тең келетін шайқас сирек.

Немесе екі жұз жылдық жоңғар-қазақ соғысының тағдырын шешкен ала-пат Аңырақай шайқасын алыңыз. Отан қорғаудағы мәні жағынан ол әйгілі Нева шайқасынан кем еді деп кім айта алады?

Айбынды Абылайдың басқа еңбегін былай қойғанда, аю мен айдаһардың арасында жанталаса жүріп, елін, жерін ондаған жылдар бойы, бүгінгі тілмен айтсақ, де-факто тәуелсіз ұстап тұра алған, ақыр аяғында өз дүшпаның оның дүшпанының қолымен қырғызып салған саясаткерлігінің өзі-ақ дүниежүзілік дипломатия тарихындағы қайталанбас құбылыстардың бірі емес пе? Әлемнің зиялдық қауымы, өкінішке орай, бұларды білмейді.

Ал енді осы үшін кімге өкпелеге болады? Американдық тарихшыларға ма? Тек өзімізге-өзіміз өкпелегуіміз керек.

Біз ез тарихымызды өзгелер тұрмак өзімізге де толық таныста алмай келе жатқан халықтыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім, не деп таниды? Қалай мойындаиды? Жарайды, кешегі жағдай белгілі. Халықтың өз тарихын өзіне қайтаруға талаптанған Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышбаев, Ермұхан Бекмаханов сияқты ағаларымыз нақақтан жазаланды.

Соны көрген басқа тарихшылар шындықты жазудан жасқанып қалды. "Қазақ ССР тарихының" қолжазбасы Ғылым академиясына жетпей жатып, алдымен Орталық Комитеттің бөлімінде сүзгіден өтетін, сонда түзелетін, сонда қүзелетін. Енді, шүкір, жағдай мүлде басқаша ғой.

Ойдың шідері алынды. Архивтер ашылды. Құпия фондыларға дейін зерттеуге мүмкіндік бар. Аландайтын ештеңе жоқ. Жазыныздар. Жарияланыздар. Шын жақсы болса шетел тілдеріне, әсіреке ағылшын тіліне аудартуды да ойластырамыз.

Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Біз бірде-бір соғыс өртін бастаған емеспіз. Біз бірде-бір елдің жерін жаулап, даламызыға қосып алған емеспіз. Қайта осы мәселеде қапы қалып кеткен тұстарымыз бар. Мұны айтқанда біз көршімізден жер даулағалы тұрған жоқпыз. Қалыптасқан шекараларды қайта қарауға қарсымыз. Сонымен, біз бұл мәселеге неге осыншама мән беріп отырмыз? Жылдың осылай аталуы нені білдіреді?

Бұл – тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елеғінен өткізіп, "Кеше кім едік? Бұғін кімбіз? Ертең кім боламыз?" деген төніректе ойлансын деген сөз. Бұл – әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз.

Бұл – әрбір азамат тарих қойнауына ойша терендеу арқылы өзінің атабабалары қалдырыған осындаі кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға үмтүлсын деген сөз.

Жер байлығы деген ұғым бар. Ел байлығы деген ұғым бар. Сонымен қатар, меніңше, ер байлығы деген ұғым да болуға тиіс.

Жер байлығы, шүкір, бізде жетіп-артылады. Қазақтың жерінің асты да қазына, үсті де қазына. Тек игере білейік. Жер байлығы бар жерде ел байлығы да болмай қоймайды.

Қазірдің өзінде сол игіліктің басы көріне бастады. Әлі-ақ дәүлетті де сәүлетті елге айналамыз. Мен бұл жөнінде бүгінгі әңгімеміздің екінші бөлігінде арнайы айтпақтын. Қазіршे бұл тақырыпты қозғамай қоя тұралық. Ал ер байлығы деген не сонда? Ол – ұлттың биік рухы. Елдің өзін-өзі сыйлауы.

Оның көрсеткіші, өлшеуіші бар ма? Жер байлығы баррельмен, тоннамен, текше метрмен өлшенеді. Ел байлығын да теңгемен, доллармен мөлшерлеуге болады. Ер байлығының өлшеуіші – елдің өзін ел сезінуі. Өзгелермен тең сезінуі. Өзінің ұлтын ер сезінуі. Қайраттанып, намыстанып, жігерленіп өмір сүруі.

Сөйтіп, әлемдік тарих көшінің алғы шебіне үмтүлтуы. Түптеп келгенде, біз осыны мақсат етеміз. Осы асыл мақсатқа, асқақ мұратқа жетудің жолдарын ақылдасу үшін сіздермен бас қосып отырмыз.

Сонымен, биылғы жылды – Барыс бейнелі болашағымызыға үмтүлышты бастайтын, Қазақстанның дамуының 2030-шы жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асыруды нақты қолға алатын жылды біз Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жарияладық.

Бұл екеуі ажырағысыз, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар.

Алдымен халықтың тұтастығын айттық. Неге?

Менің елді басқара бастағалы бергі айтып келе жатқан бар тілегім, зар тілегім – бірлік, тұтастық. Ең алдымен, қазақтың бірлігі, халқымыздың тұтастығы.

Алдыңғы жылы Дүние жүзі қазақтары Қауымдастығының жиынында сөйлегендеге басын ашып тұрып айтқанмын. Тағы да айтамын: қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы.

Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына орай руға бірігу, жер ынғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптастырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне орай бірігу, мемлекеттік мұдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен, эволюциялық жолмен, әлеуметтік сілкініссіз, қақтығыссыз өтті.

Бұл – біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақтың арғы-бергі тарихының ең гибратты тағылымы да, міне, осында.

Қазақ – ауызбірлікшіл халық. Ауызбірлігі жоқ халықтың осындағы терриорияны ұстап қалуы еш мүмкін емес еді! Өздерінің ойлап қараңыздаршы. Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуеші тетіктері іске қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашанда, еш жерде қазақта тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген! Осыны ұмытпаңыздар.

Өмір болған соң кездеспей қомайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымтаның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер көңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған.

Хандық билікпен бірге қазақ жүздерінің территориялық сипаты жойылды. Аға сұлтандықпен бірге тайпалардың меншіктеген жер-сусы қоса кетті. Болыстықпен бірге ру-ру болып дауыс беру қойылды. Көшпелі өмір салтының өшуімен бірге ағайынның ауыл-ауыл болып, ірге ажыратпай қоныстану салты жойылды. Қазақтың бір-біріне айдал салудың небір құйтырқы тәсілдерін білген, әдісін әккілікпен менгерген дейтін кешегі Қоңес әкіметі, одан бұрын Ресей патшалығы қазақты беліп-жарып басқарудың бұрынғы тәсілдерін салғаны белгілі. Біз қазірде абай болуымыз қажет.

Аз қазақтың азаматын ру-руға теліп сөйлеудің де ендігі жерде ешқандай қысыны келмейді. Қуандық Шанғытбаев ағамыз бір өлеңінде былай дейді екен:

Жұз десен мына заманда

Мазағың, тіпті азабың!

Ру мен ұлтқа адамды

Белді ме есті қазағың!

Ардақты ақыннымыздың бұл сөзіне менің қосып-аларым жоқ. Мазаққа қалмайық, үрпақты азапқа салмайық. Ойланыңыздар. Өсіресе, жаңа астанаға Ақмолаға бұрынғы былық-шылық әнгіме ере барып журмесін. Жаңа астананың қаласы да, адамдарының санасы да жаңа болсын.

Ұлттық тарих жылы еліміздің шежіресіндегі талай айтулы оқиғалардың қарсаңына келіп тұр. Оның ең негізгілері: Түркістанның мың жарым жылдық мерекесі, Мұхамед Хайдар Дулатидің 500 жылдығы, Құрманғазының 175 жылдығы, Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығы, Аңырақай шайқасының 270 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қорқыт бабамыздың 1300 жылдығы. Олардың кейбірі биыл аталады, біразына дайындық осы жылдан басталады.

Ұлы тарихшымыз Мұхамед Хайдар Дулатидің мұрасы әлі қазақ оқырманына жете қойған жоқ. Менің білуімде, бабамыздың негізгі еңбегі – "Тарихи-Рашиди" толық күйінде ағылшын тілінде ғана жарияланған, орыс тіліне тек жекелеген тараулары аударылған. Тойға тарихшының қазақша кітабымен баруды шешпей болмайды. Орыс тіліндегі нұсқасын жариялау да артық етпес еді.

Осындай талапты Құрманғазы, Ахмет Байтұрсынов, Қорқыт баба мұрапарына байланысты да айтамыз.

Откен жылғы Мұхтар Әуезов тойының тағылымын есте ұстаяу жән. Оған дайындық барысында негізгі назар ұлы жазушының бай мұрасын насиҳаттауға, зерттеуге, шығармаларын жариялауға аударылғаны өте орынды болды.

Ана бір жылдардағыдай аста-тәк дастарханды, онды-солды шығынды азайту керек. Атын ағайындары ғана білетін толып жатқан жергілікті батыр, жергілікті би, жергілікті ақындарға ат шаптырып, той жасап, жүртты шаршатуды қою керек.

Одан ұлттық тарих жасалмайды, рулық тарих жасалады.

Мен жақында Үкіметтің Халық тұтастығы және ұлттық тарих жылына байланысты атқарылатын жұмыстарының жоспарымен таныстым. Онда көп мәселе қамтылған екен. Ғылым министрлігінің – Ғылым академиясының ұлттық тарих мәселелеріне арналған Жалпы жиналышының сессиясын өткізу идеясы өте орынды. Сессияның көшпелі мәжілісін Түркістан қаласында ұйымдастыру да жақсы ұсыныс. Тек осы орайда бір күмән бар. Биыл біз Түркістан тойын ойдағыдай етіп өткізе аламыз ба? Дайындалып үлгереміз бе? Ойласайық. Нақты мүмкіндігізді шамалайық.

Биыл Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне айрықша салмақ түспек. "Менің Отаным – Қазақстан" сериясымен балаларға арнап кітапшалар бастыру, уш томдық "Қазақ мәдениеті" энциклопедиясын дайындау, 9 томдық "Қазақтар – Казахи" атты анықтамалық шығару, "Қазақстан тарихы – романдарда, повестерде, құжаттарда" деген кітаптар сериясын бастау ойлары маган ұнайды. Ғылым академиясымен бірлесіп, "Отан тарихы" – "Отечественная история" деген атпен жаңа журнал шығару да көкейге қонатын шешім.

Жылдың идеясын жан-жақты ашып көрсететін республикалық телемарафон өткізу керек. "Қазақстан теледидары мен радиосы" корпорациясы өткен жылы саяси құфын-сүргін құрбандарын еске алу күні елдің есінде қала тындай телемарафон ұйымдастырған болатын. Дайындалсын. Қолдарынан келеді.

Корпорацияның "Менің халқымның тарихы" деген атпен жастардың интеллектуалды теле-ойынын ұйымдастыру талабы да, Қазақстан тарихы туралы деректі фильмдер жасамақ ойы да құптарлық.

Әрине, жылдың негізгі жүгін Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы көтереді. Был бұл мекеменің шама-шарқын байқап көреміз.

Министрліктің зерттеулері қазақ тарихы адамзат шежіресінің құрамдас бөлігі еkenін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беруі керек. Біздің ұлттық тарихы-мұздың дүние дидарындағы аса күрделі процестерден сырт қалуы мүмкін де емес еді.

Өткеннің өкінішін айтқанда елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алғатындағы етіп айту керек.

Қазақтың құллі адамзаттан алабетен тағдыры жоқ, болуы да мүмкін емес. Отар болу тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Бізден алып, бізден халқы көп елдер де кезінде отаршылықта болған. Білегі мықтының бәрі әлсізге әлімжеттік жасап, қаруының күші жеткен жерді басып ала берген өткен дәүірлерде, өсіреле, он сегізінші, он тоғызыныш ғасырларда бүкіл әлемнің тен жартысына жуығы отарларға бөлініп біткен болатын. Бұл ала-паттың дауылды дүниенің бір қырында емес, Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан қазақ даласын айналып өтуі мүмкін де емес еді. Жер шарының басқа бір шетіндегі Үндістанды алыстағы Ұлыбритания басып алғанын көріп отырған Ресей империясы көршілес жатқан қазақ жеріне неге көзінің сұғын қадамасын?

Қазақстан жеріндегі ежелгі мемлекеттер, олардың болашақ қазақ ұлтымен сабақтастығы деген мәселелер әлі терең зерттелмей келеді. Сақтардың, Ғұндардың, Үйсіндердің, Қаңылардың мемлекеттері, Батыс түрік, Түргеш, Қарлук, Қимақ, Оғыз қағанаттары, Дешті-Қыпшақ, Алтын Орда, Жошы ұлысы, Қазақ хандығы. Осылардың әрқайсысына арнаулы монографиялар жазылса да артығы жоқ. Сол дәүірлердің жәдігерліктерін зерттейтін археологиялық экспедициялар шығару керек. Ғалымдар тобын жасақтаңыздар. Облыс әкімдеріне тапсырма беремін, жұмысқа қажетті жағдайдың бәрін де жасатамыз.

Мұны айтып отырғаным – қазақ даласының, Қазақстан жерінің көне тарихын саудаға салып, біздің осы өлкенің ең байырғы тұрғындары еkenімізге күмән келтірісі келетіндер табылады.

Қазақстан тарихшылары, археологтары біздің территориялық тұғыр-тиянақтарымызды нақты дәлелдермен, қолмен қойғандай етіп бере алатынына ешқандай құмән жоқ. Көшпелілер мал жайып кеткен жерінің бәрін өздерінікі санай берген дейтін сандырақты ғылыми тұрғыдан әшкерелеу шарт.

Жаңағы мен атап өткен ежелгі мемлекеттердің барлығы да бүгінгі Қазақ елінің бастауы, тұпқазығы. Біз солардың занды мұрагеріміз. Қазақ даласында қазақтан өзге халық ту тігіп, орда құрган емес.

Қазақ тарихы тек осы Қазақстан жерімен шектелмейді. Ресейдің шекаралас облыстарына, Өзбекстанның Бұқара, Жызак, Ташкент облыстарына, Қарақалпақстанға тарихи, этнологиялық экспедициялар шығару керек.

Монголиядағы, Қытайдағы, Түрікменстандағы, Ирандағы қазақ диаспорасының фольклорлық мұрасын жазып алу да ойда болсын.

Біз зерделі зерттеулер арқылы үлтymыздың өткен жолы Қазақстанды мекендеген басқа да үлттар мен ұлыстардың тағдырымен, көрші мемлекеттердің тағдыр-талаійымен тікелей байланысты екенін дәлелдеуіміз қажет.

Халықтың тұтастығы дегенде біз тек қазақтың бірлігін ғана айтпаймыз. Қазақстан халқының тағдыры да ортақ, тарихы да ортақ. Отаншылдық сезімін тәрбиеудің бір тетігі де осы.

Атақты тарихшы Ключевскийдің: "История учит только тех, кто ее изучает", деген ғибратты сөзі бар. Тұтеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол ең алдымен тарихтан тағылым, сабак алу үшін зерттеледі. Осы тұрғыдан қараганда қазақ тарихы нені көрсетеді? Бұл тарих біздің халқымыздың даму арнасы әлемдік процестерден сырт қала бастаған тұстарда үлттың да кенжелеп қалғанын көрсетеді. Бұғінгі таңда да біз әлемдік даму динамикасын ескермесек, өзгелердің қарқынына қарап отырмасақ, тарих шеруінің соында, шаң қауып қалуымыз әбден мүмкін. "Қазақстан – 2030" стратегиясын жасағандағы басты мақсатымыз да осы болатын.

Төуелсіздік алғалы талай нәрсе өзгерді. Өзгермейтін біздің музейлеріміз ғана. Қай облыстың музейіне барсаң да социалистік идеялар самсал алдыңнан шыға келеді. Экспонаттар көп жерде сол күйінде тұр. Музей ісінің жаңа концепциясын жасау керек.

Монументті насиҳаттың міндеп-мақсатын да қайта қарау жөн. Біздің облыстардағы әкімдеріміз орталық алаңдардағы Лениннің ескерткіштерін алып тастаумен іс біттіге санап отыр.

Қай қалаға барсаң да қалған кішігірім қызыл көсемдер "ассалаумағалейкум" деп алдыңнан шыға келеді.

Сіздермен осыдан төрт жылдай бұрын кездескенде: "Коммунистік проспектіні Абылай хан даңғылы деп атадық. Енді вокзал басындағы Калинин атамызды басқа жерге ауыстырып, оның орнына Абылай ханың аттылы ескерткішін орнату керек", дегенім естерінізде шығар.

Сонан бері не істелді? Конкурс жарияланды ма? Соны бақылап отырған біреу бар ма өзі? Бұл істі бетімен жіберуге болмайды. Министрлік тиісті концепция ұсынсын, облыс әкімдерімен бірлесе отырып, таяудағы жеті-сегіз, әрі кетсе он жылға арнаулы жоспар жасасын.

Кімге ескерткіш қойылады, кімге қай жерде қойылады, қашан қойылады, қандай қаражаттың есебінен қойылады – бәрін де сол жоспарда белгілейік, үкімет қаулысымен бекітейік.

Ономастикалық саясатты босаңсытуға болмайды. Жалтақтай беретін ештеңе жоқ. Ақмолада қала астана деп жарияланардың алдында ғана бірден 28 көшениң аты өзгертілді. Советская Конституция, Революционная, Комсомольская, Делегатская, Октябрьская деген сияқты қызыл бояуы шашырап тұрған көшелердің атын ауыстыру үшін қаланың астана болғанын күтіп отыру шарт па еді?

Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің өзіндік зандаулығын, табиғи үндеңтігін бұзып тұратын атауларды да ауыстырмаса болмайды.

Тарих пен тіл тамырлас. Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды беле айтар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз ақ наизаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қанын төгіп, жанын беріп жүріп қорғап қалған қазақтың қасиетті жері.

Тағы бір олжамыз – сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы қунге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мәп-мелдір қазақ тілі.

Мемлекет тілге байланысты өзіне қатысты саяси мәселелердің бәрін шешіп берді. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Арнаулы мемлекеттік орган бар. Бөлінген қаржы бар. Тек нақты жұмыс жоқ. Құн кешеге дейін тіл мәселесін орынсыз саясаттандырып, әркімнің қолжаулығы етіп келдік.

Атқарушы биліктегі адамдар жұмысты жаңаша жүргізе алмады. Тың бағдарламалар ұсынылмады. Енді сөзден іске көшу керек. Жақында баспасөзден бір топ белгілі қайраткерлердің ел халқына үндеуін оқып, тіл саясатының тұпкі мәнін дәл түсінгендерінізге, сергек сезінгендеріңізге разы болдым.

Үндеуге қол қойған азаматтардың біразы осында отыр. Сондағы: "Бүкіл қазақ халқын шаңырақтан шаруашылыққа, мектеп партасынан Парламент пен Үкіметтің биік мінберіне дейінгі қунделікті тұрмыс-тіршілігіміздің барлық саласында ана тілінде тілдесуді белсенді өмір салтына айналдыруға шақырамыз. Өз тілімізben өмір сүрейік. Ана тіліміз рухани азаттығымыз бен мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тірегіне айналсын" деген сөздер әр қазақтың жүргіне жететіндей. "Өз тілімізben өмір сүрейік" – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеніздер одан да онайлатып айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.

Тек қаралайым нәрсені – қазақ тілі ең алдымен қазақтың өзіне керек екенін түсіндіруге осыншама уақыт кеткені ғана қынжылтады. Тіл туралы жынын-жиналыстарды енді көбейте беретін ештеңе жоқ. Оған кететін алтын уақытты нақты іске арнайық.

Ұлттық тарих жылында журналистер қауымына айрықша сенім артамыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы батырларды бәсекелестіру, сардарларды салыстыру белен алып кетпесін.

– Вы, очевидно, имеете в виду программу "голубых фишек", которую мы запустили наконец этой весной. Эта приватизационная программа предусматривает цель создания фондового рынка в Республике путем продажи государственных пакетов акций крупных и перспективных предприятий. Государственная комиссия по ценным бумагам в апреле выдала мандаты на пакеты акций двух нефтяных компаний – "Мангистаумунайгаз" и "Актобемунайгаз" – и Усть-Каменогорского титаномагниевого комбината. Это первые ласточки, дальше процесс пойдет по нарастающей.

Правда, первые операции с ними пройдут не раньше чем через полгода. Сдвигка сроков связана с финансовым кризисом в Азии, точнее, с тем временем, которое уйдет на стабилизацию мирового фондового рынка.

Особенность программы "голубых фишек" очевидна. Если раньше инвестиции привлекались по индивидуальным проектам, то есть заранее было известно, кто станет обладателем конкретных пакетов ценных бумаг, то теперь акции предприятий будут циркулировать в свободной продаже на фондовом рынке и их стоимость будет определяться не в министерских кабинетах, а путем спроса и предложения.

Корреспондент:

– Вот уже семь лет вы возглавляете Республику Казахстан. Что, на Ваш взгляд, тормозит движение страны вперед? Как Вы собираетесь преодолевать барьеры на пути в будущее?

Н. Назарбаев:

– Не надо думать, что с переходом на рельсы рыночного развития мы полностью избавились от стереотипов планового хозяйствования. Родимые пятна административно-командной системы еще до конца не исчезли. Если на высших этажах власти и управления люди мыслят стандартами правового общества и рынка, то на местах до сих пор неистребимо появляется желание командовать, контролировать, распределять. Аппарат мимикрирует, но не сдается, приспособившись лишь к условиям "дикого рынка" с его злоупотреблениями и безнаказанностью и плохо воспринимая новые требования к государственной работе.

Сейчас ломается многое вокруг роли государства в переходных обществах, соотношения авторитаризма и демократии. Бессспорно, что в годы становления самостоятельной Республики Казахстан мы уделяли повышенное внимание именно укреплению государства и всех его институтов. Такова была логика политического момента. Одним из следствий этого стало то, что мывольно или невольно пользовались старым багажом, консервируя в некоторых случаях прежние административно-командные подходы. На нынешнем этапе они становятся тормозом развития, барьером для массовой социальной инициативы.

Это большая и важная проблема. Но к ее решению надо подходить с максимальной осторожностью. Полагаю, что наше продвижение вперед в значительной мере зависит от того, насколько успешно мы сможем культивировать прорастание демократических норм в общественные и экономические процессы, сохранив при этом их стабильность и тенденции развития.

Корреспондент:

– Одной из главных основ любого демократического государства является сильная конструктивная оппозиция. Насколько сильна демократия в Казахстане с этой точки зрения? Можно ли говорить о сильной оппозиции? Насколько она конструктивна? Насколько конструктивен диалог оппозиции с Правительством?

Н. Назарбаев:

– Оппозиция в Казахстане существует, как и диалог власти с оппозицией. Степень демократических свобод достаточно высока, чтобы оппозиция имела возможность свободно выражать свои идеи, создавать партии и движения, иметь органы печати.

Сильна ли она? Сила и конструктивность оппозиции – это две стороны одной медали. Нет силы, нет и конструктивности. И наоборот, отсутствие позитивных, опережающих идей и программ ведет к тому, что оппозиция застrevает на политической "галерке".

На мой взгляд, слабость казахстанской оппозиции проистекает не из ее разрозненности, слабой финансовой базы и тому подобных причин. Дело в том, что она хронически не поспевает за действующей властью, которая раньше аккумулирует новые идеи, проявляет способность "точечно" и упреждающе реагировать на самые болезненные проблемы.

Мы и впредь не будем ни в чем ограничивать деятельность оппозиции, кроме попыток борьбы против государственности страны, попыток внести раздрай в сферу межнациональных отношений. Здесь мы будем непреклонны и никому не позволим нарушить мир и согласие между на-селяющими Казахстан народами. Мы по-прежнему будем вести дело к тому, чтобы население Казахстана воспринимало себя как единую нацию, сообщество

граждан равных прав и возможностей, этническое многообразие которого является важнейшим залогом и источником ее развития.

Корреспондент:

– Нурсултан Абишевич, не так давно вы согласовали с Россией свои позиции по Каспию. Однако известно, что большая нефть – это большие войны. Чем будет Каспий в начале следующего века – регионом процветания или источником нестабильности?

Н. Назарбаев:

– В следующем веке Каспийский регион обещает стать ведущим мировым источником энергоносителей. Вокруг него в настоящее время концентрируются интересы крупнейших мирохозяйственных центров. Большая нефть – это не всегда войны, но всегда большая политика. Но эту политику можно вести так, чтобы не создавать предпосылок для конфликтов. Путь для этого один – учесть интересы всех прикаспийских государств. При этом должны принимать во внимание интересы промышленно развитых государств, которые и будут основными потребителями энергетических ресурсов. При соблюдении этих условий можно избежать "балканизации" обстановки вокруг Каспия.

По моему мнению, ситуация вокруг каспийской нефти постепенно входит в pragматическое русло. Дипломатическая активность пяти прикаспийских государств должна принести свои плоды. Огромное значение имеет позиция России. Казахстан всегда придерживался мнения, что ее интересы должны быть максимально учтены. Примером нашего взаимодействия может служить проект нефтепровода Тенгиз – Новороссийск. Можно говорить и о новом нефтепроводе через Самару по территории России. Наши последние двусторонние договоренности с Президентом Борисом Ельциным по разделу дна Каспийского моря по серединной линии отражает единство подходов наших государств и послужат толчком для окончательного и справедливого определения правового статуса этого моря.

У меня есть уверенность, что в следующем веке Каспий не будет яблоком раздора, а – морем дружбы и процветания.

Корреспондент:

– Столица – это лицо государства. Какие черты вашей новой столицы Астаны будут наиболее точно отражать суть Казахстана XXI века?

Н. Назарбаев:

– Вы имеете в виду архитектурный облик как отражение духа города, да? Мне хотелось бы, чтобы наша столица стала евразийским городом – таково его географическое положение. Чтобы она выражала собой устремленность в будущее. Сочетала в себе открытость нашего государства для

взаимодействия культур и для прогресса, воплотила стремление к гармонии между человеческими дерзаниями и спокойным человеческим счастьем.

Корреспондент:

– Господин Президент! До начала третьего тысячелетия осталось меньше тысячи дней. Какие главные конкретные цели Вы ставите для себя к этому сроку? Что Вы хотите успеть сделать к 1 января 2001 года?

Н. Назарбаев:

– Хороший вопрос, но трудный. Столько вокруг проблем, больших и малых... Если коротко, хочу, чтобы народ стал жить лучше. Чтобы нефть наша потекла по "внутренним" и "внешним" трубопроводам. Чтобы усилилась тенденция возвращения казахстанцев, покинувших в последние годы родные края. Чтобы Содружество Независимых Государств к этому времени имело свободный общий рынок и поднимало большие проекты. Главное, чтобы новую эру все мы встретили достойно.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
"ҚАЗАҚСТАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САММИТІ" АТТЫ ЕКІНШІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 4 маусым 1998 жыл

**ҚАЗАҚСТАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР САЛУ УШІН ЕҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ
ЕЛДЕРДІҢ БІРІ**

Осыдан жеті жыл дерлік бұрын тәуелсіздік алған республикамыз, бұрынғы мемлекеттің дағдарыстар жүйесі қүйреткен кезеңнен мұра болып қалған проблемалардың орасан зор үйінділеріне душар болды. Бірақ өзімізге мұра болып қалған ол қыындықтарды Қазақстан қоғамының болаттай берік саяси ерік-жігері мен біртұтастығы арқасында женіп шығудың сәті түсті.

Елімізде ішкі саяси тұрақтылық сақталды және нығайды, қажетті мемлекеттік институттар құрылды, олар егемендігіміздің негізін қалады, бұрынғы ескірген саяси және экономикалық жүйелерден біржола арылдық.

Бұған Қазақстанның дүниежүзілік және аймақтық халықаралық қатынастар құрылымында өзінің ерекше орнын ала білуі ықпал етті.

Оның маңызды рөл атқарғанына берілген бағаның айқын бір көрінісі біздің елімізге дүниежүзілік ядролық державалардың "бестігі" тарарапынан қауіпсіздік кепілдігінің қамтамасыз етілуі болып табылады, дег атап көрсетті мемлекет басшысы.

Реформалардың заңдық базасын қамтамасыз ету мақсатымен бірқатар батыл шаралар қабылданды.

Соның нәтижесінде Қазақстанда негізінен алғанда осы заманғы дүниежүзілік стандарттарға жауап беретін құқықтық өріс қалыптасты.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, аса маңызды макроэкономикалық индикаторлардың тұрақтылығына қол жетті, прогрессіл құрылымдық өзгерістерді серпінді түрде жедел жүзеге асыру, үлттық экономиканы дамыту және Қазақстанның дүниежүзілік бейбіт шаруашылық байланыстарын ықпалдастыру үшін алғышарттар жасалды, өндірістің құлдырауы тоқтатылды. Сөйтіп 1997 жылы ішкі жалпы өнім өндірудің көлемін арттыру 2 процентке жетті, ал өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4 процент өсті.

2000 жылға қарай ішкі жалпы өнім өндірудің өсімі 5 процент болады дег болжам жасалып отыр.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 маусым 1998 жыл.

Өзіміздің ұлттық валютамызды айналымға шығаруға байланысты қатаң монетарлық саясат жүргізуін нәтижесінде, ақшамыздың құнсыздану деңгейін күрт төмендетуге қолымыз жетті: ол 1995 жылы – 66,3; 1996 жылы – 27,8; 1997 жылы – 11,2 процентке дейін төмендеді.

2000 жылға қарай ақшаның құнсыздану көрсеткіштері, біздің болжамдарымыз бойынша, 3 – 5 процент деңгейінде болады деп күтіліп отыр.

Ұлттық ақша өлшемінің бағамы да тұрақтандырылды. Оны шетелдік валютаға емін-еркін, ешқандай шектеусіз айырбастауға әбден болады.

Мұның кез келген инвестор үшін маңызы зор. Мемлекеттік қазыналық міндеттемелерді қайта қаржыландыру мен табыс келтіру мөлшерінің деңгейі де төмендетілді.

Екі деңгейлі банк жүйесі дами түсті: Мұның өзіне тән ерекшеліктері тәуелсіз Ұлттық (орталық) банктің нығаюы, екінші деңгейдегі банктердегі капиталдың шоғырланырылуы және банк жүйесінің халықаралық стандарттар бойынша атқарылатын жұмыстарға бірте-бірте көше бастауы болып табылады.

Іс жүзінде алғанда, қорыногын тиімді қалыптастыру үшін қажетті заңдық және үйымдық-техникалық алғышарттар қазірдің өзінде қалыптасып болды. Зейнеткерлік реформаны одан әрі жүзеге асыру портфельді және институттық инвесторлардың қызметін белсенді ете түсуге мол мүмкіндіктер ашады.

Біздің экономикамыздың мүмкіндіктеріне халықаралық сенімнің барған сайын артып келе жатқаны, ИБКА, "Стандарт Энд Пуурз" және "Мудиз" сияқты әйгілі рейтингтік агенттіктердің Қазақстанға ұзақ мерзімге несие рейтингін беруі болып табылады.

Мысалы, ИБКА агенттігі 1998 жылдың ақпан айында Қазақстан үшін берілетін ұзақ мерзімді өз рейтингін арттыра түсетінін мәлімдеді.

Ал, мұның өзі қазіргі қалыптасып келе жатқан рыноктарға Азиядағы дағдарыстың салдарынан қаржы өлемінде жалпы алғанда айқын сезіліп отырған сенімсіздік пен құмәнданушылық күшейіп отырған кездегі жағдай екенін де ескеру керек.

Біздің еуробондыларымыз халықаралық капитал рыноктарында қазірдің өзінде екі рет табысты орналастырылды. Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында шетелдік инвестициялар тартудың жан басына шаққандағы көрсеткіштері жағынан сөзсіз жетекші орынға шықты.

Ол инвестициялардың жалпы көлемі 1993 – 1997 жылдар кезеңінде шетелдерден тікелей түскен инвестиция бойынша алғанда жан басына шаққанда 400 доллардан асып түсті.

Экономикамыздың әртүрлі секторларына өз капиталдарымен келіп, ойдағыдай табысты жұмыс істеп жатқан аса ірі трансұлттық компаниялар мен дүние жүзіне әйгілі фирмалар баршылық.

Міне, бұл деректердің өзі Дүниежүзілік қаржы қауымдастығының біздің елімізде инвестициялық қолайлы ахуал жасау жөнінде орасан зор күш-жігер жұмсалып жатқанын мойындауының көрінісі болып табылады.

Реформалардың жаңа деңгейіне шығу бізді елді дамытудың үзақ мерзімді мақсаттарын белгілеу қажеттігіне алып келді.

Былтыр күзде жария етілген Қазақстан халқына арналған өзімнің Жолдауымда, мен бұдан байлайғы өзгерістердің анық нұсқаларын белгілеуді мақсат еттім.

Қазақстанды 2030 жылға дейінгі кезеңде дамытудың стратегиясы осы жұмыстың қорытындысы болды.

Мұндағы негізгі міндеттердің бірі дамудың тұрақты кезеңінен тұрақты экономикалық өсу кезеңіне ету қажеттігі туралы тұжырым болып табылады. Оны жүзеге асыру ірі ауқымдағы отандық қаржы мен шетелдік инвестицияларды тартусыз, сондай-ақ ішкі жинақ қаржыны ынталандырусыз мүмкін емес.

Қуатты әлеуметтік нарықтық экономика құруға ұмтыла отырып, біз мемлекеттің экономикалық процестерді реттеуде белсенді рөл атқаруын жақтайды.

Тұрақты экономикалық өсу стратегиясын жүзеге асыру, біздің көзқарасымыз бойынша, ел Конституциясында бекітілгендей еркін бәсекелестік, экономикалық өмірді ырықтандыру, осы заманғы нарық институттарын қалыптастыру және қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету жолымен жекеменшік пен кәсіпкерлік қызмет жүргізу құқығын құрметтеуді талап етеді.

Біз, инвестициялық климатты жетілдіруге жан-жақты жағдай жасауды көздел отырмыз. Ал бүгінгі таңда бұл бағытта едөүір іс атқарылды. Атап айтқанда, еліміздің Заңында көрініс тапқан инвестор үшін артықшылықтар принципті түрде маңызды болып табылады.

Бұлар кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі, инвесторлардың мұддесін қорғау жөнінде мемлекеттік кепілдік беру, табысты қайтару мен капиталды әкету еркіндігі, кәсіпорындарды тіркеудің оңайлатылған жолдары, шетелдік кәсіпорындардың обьектілерді жекешелендіруге және жер мен жылжымайтын мүлікті жалға алуға мүмкіндігі, баға қалыптастыруды нарықтық жүйені құру, экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін инвесторларға женілдіктер мен преференция беру.

Іс жүзінде алғанда Қазақстан шетелдік және отандық инвестицияларды тарту және қолдаудың жалпы мемлекеттік жүйесін құруды аяқтап келді.

Оған ел Конституциясымен бірге Азаматтық және Салық кодекстері, Шетелдік инвестициялар туралы, Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы, Валюталық реттеу туралы, құнды қағаздар рыногы туралы, Инвестициялық қорлар туралы, Банктер және банк жүйесі туралы, Жер қойнаулары және жер қойнауларын пайдалану туралы, Мұнай туралы, Жер туралы, Сақтандыру туралы, тағы басқа зандар зандық негіз болып табылады.

Қазақстанға тән ерекшеліктің бірі, сондай-ақ, халықтың жалпы білім деңгейінің жоғарылығы, ғылыми және шығармашылық әлеуеттің, жоғары

білікті жұмысшы және инженер-техник қызметкер кадрлардың бар екені анық.

Аумағы жөнінен әлемдегі тоғызыншы ел болып табылатын республикада ұлан-ғайыр ауылшаруашылық жерлер мен бүкіләлемдік маңызға ие пайдалы қазбалардың көніштері бар.

Мысалы, Қазақстандағы мыстың қоры дүние жүзіндегі осы металдың 10 процентін, қорғасын – 19, мырыш – 13, темір – 10 (әлемдегі 7-ші орын), марганец – 25 (әлемдегі 3-ші орын), хром рудалары – 30 (әлемдегі 2-ші орын) процентін құрайды.

Ел уранның қоры жөнінен әлемде 1-ші, алтын жөнінде 7-ші (оның құрамы жөнінен 2-ші) орын алады. Бариттің дәлелденген қоры бүкіл дүниежүзілік кордан 1,1, ал вольфрам 1,2 есе асып түседі.

Алайда, "Қазақстан – 2030" стратегиясында атап өтілгенідей, "табиғат байлықтары бар көптеген елдер оларды дұрыс пайдалана білмегендіктен, кедей елдердің қатарынан шыға алмай қалған".

Біз, бүгінгі таңда қабылдап отырған шешімдердің бүкіл маңызы мен мәнісін, біздің болашақ үрпақтар алдындағы жауапкершілігімізді сезінеміз. Ел басшылығының басты міндеттерінің бірі – экономиканың нақты секторын сауықтыру және оның серпінді өсімін қамтамасыз ету.

Анық, тиімді және занды қатал сақтайтын ашық әрі ырықты инвестициялық саясат бұрынғысынша басты назарда болып қала береді. Шетелдік инвесторлар да Қазақстанның өзі таңдаған бағытпен жүргүре бекем бел буып отырғанына талай рет көз жеткізді.

Әрине, қателеспейтін ешкім болмайды. Осы бір бүлжымас қагидадан Қазақстан Үкіметі де шығып кете алмады. Алайда, біз бұдан былай бірде-бір инвестордың, мейлі ол отандық яғни шетелдік болсын, тиісті келісім-шарттың ережесін және біздің зандарымызды бұзбаған жағдайда, санкцияларға ұшырамауына күш саламыз.

Қазақстанда жұмыс істеуге қорықпаңыздар!

Сіздер істі адаптациялық жағдайда Заның қорғауында боласыздар, бұл принциптерді қатаң түрде іске асыру инвестициялық қызметті түбірінен жақсартудың маңызды алғышарты болады деп ойлаймын.

Өз тарапынан, мен Қазақстан Президенті жанынан Шетелдік инвесторлардың консультативтік кеңесін құруды үйіндердім.

Ол инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері жөнінде маған көмек көрсететін болады. Кеңестің алғашқы мәжілісі биылғы қыркүйек айында өткізіледі.

Сөзінің қорытындысында Президент "Интернәшнл Геральд трибюн" газетінің үйымдастырушылық көмегімен және шетелдік, отандық демеушілердің белсene қатысуымен шақырылған осы форум өзара түсіністікі одан әрі қүшетуге қызмет етіп, шетелдік бизнесшілердің Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ынталылығын арттырады деген сенім білдірді.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА МЕЖДУНАРОДНОМ ФОРУМЕ "КАЗАХСТАНСКИЙ
ИНВЕСТИЦИОННЫЙ САММИТ"***

Алматы, 4 июня 1998 года

**КАЗАХСТАН – ПЕРСПЕКТИВНЫЙ ОБЪЕКТ
ДЛЯ ИНВЕСТИЦИЙ**

Социально-экономическое положение страны характеризуется стабилизацией важнейших макроэкономических индикаторов и созданием предпосылок для динамичного осуществления прогрессивных структурных преобразований, подъема национальной экономики и интеграции Казахстана в глобальные мирохозяйственные связи. Важно, что прекращен спад производства, и в 1997 году достигнут рост объема ВВП на 2%, а объем промышленного производства вырос на 4%. К 2000 году прогнозируется достичь роста ВВП выше 5%.

Осуществление радикальной программы разгосударствления и приватизации привело к структурной адаптации экономики и изменению роли государства в ней – от его прямого участия в качестве субъекта хозяйствования к преимущественно регулятивным функциям.

Показателем растущего международного доверия к возможностям нашей экономики стало присвоение Казахстану известными рейтинговыми агентствами ИБКА, "Стандарт энд пуурз" и "Мудиз" долгосрочных кредитных рейтингов. Так, агентство ИБКА в феврале 1998 года объявило о повышении своего долгосрочного рейтинга для Казахстана на фоне общей тенденции недоверия и настороженности к зарождающимся рынкам, которые ощущаются в финансовом мире вследствие азиатского кризиса. Наши евробонды уже дважды были успешно размещены на международных рынках капиталов.

Казахстан стал неоспоримым лидером среди государств СНГ по среднедушевым показателям привлеченных зарубежных инвестиций. Их общий объем превысил 7 миллиардов долларов США, на период 1993–1997 годов составив более 400 долларов прямых иностранных инвестиций на душу населения. В различные секторы экономики пришли со своими инвестициями и успешно работают ряд крупнейших транснациональных компаний и всемирно известных фирм. Эти факты свидетельствуют о признании ми-

* Газета "Казахстанская правда", 5 июня 1998 года.

вым финансовым сообществом наших усилий по созданию благоприятного инвестиционного климата.

Переход от стабилизационного этапа развития к этапу устойчивого экономического роста невозможен без крупномасштабного привлечения как отечественных, так и зарубежных инвестиций.

Мы намерены всемерно способствовать совершенствованию инвестиционного климата, и на сегодня в этом направлении сделано немало. В частности, принципиально важными для инвестора, нашедшими свое отражение в законодательстве нашей страны, являются следующие преимущества:

- свобода предпринимательской деятельности;
- предоставление государственных гарантий по защите интересов инвесторов;
- свобода репатриации прибыли и вывоза капитала;
- упрощенная процедура регистрации предприятий – свободный доступ иностранных предприятий к приватизации объектов, возможность приобретения земли и недвижимости;
- формирование рыночной системы ценообразования;
- предоставление льгот и преференций инвесторам для реализации инвестиционных проектов в приоритетных секторах экономики.

По существу, Казахстан завершает формирование общегосударственной системы по поддержке и привлечению зарубежных и отечественных инвестиций, законодательной основой для которой, помимо Конституции страны, являются Гражданский и Налоговый кодексы, законы об иностранных инвестициях, о государственной поддержке прямых инвестиций, о валютном регулировании, о рынке ценных бумаг, об инвестиционных фондах, о банках и банковской системе, о недрах и недропользовании, о нефти, о земле, о страховании и другие.

Характерной особенностью Казахстана является общий высокий образовательный уровень населения, наличие научного и творческого потенциала, квалифицированных кадров, рабочих и инженерно-технических работников. Мы располагаем обширными сельскохозяйственными угодьями и полезными ископаемыми общемировой значимости.

Наиболее важными природными ресурсами Казахстана являются нефть и газ. От того, насколько правильно будет выбрана стратегия их эффективного использования, насколько последовательны мы будем в реализации этой стратегии, зависит в определенной степени будущее нашей страны.

В центре нашего внимания по-прежнему остается открытая и либеральная инвестиционная политика с ясными, эффективными и строго соблюдаемыми законами. Чтобы наш инвестиционный климат стал более благоприятным, росли объем и качество привлеченных иностранных инвестиций, нам нужны политическая воля и реальные действия. Решиности идти в выбранном направлении нам не занимать.

Есть случаи расторжения контрактов с зарубежными инвесторами, получивших негативную оценку в западной печати. Безусловно, никто не застрахован от ошибок. Действие этой аксиомы не обходит стороной и Правительство Казахстана. В то же время, я убежден, что в большинстве случаев Правительство действовало правильно, исходя из интересов экономической эффективности и социальной целесообразности, твердо опираясь на правовые устои нашего законодательства и положения соответствующих контрактов.

Хотел бы подчеркнуть, что отныне ни один инвестор, будь то отечественный или зарубежный, не будет подвергаться санкциям, если он не нарушает положения соответствующего контракта и нашего законодательства. Мой призыв обращен ко всем добросовестным инвесторам: не бойтесь работать в Казахстане! Вы находитесь под покровительством закона – при условии добросовестного ведения дел, разумеется. Полагаю, что строгая реализация этих принципов на практике станет важной предпосылкой коренного улучшения инвестиционной деятельности.

Рядом с вами в этом зале – представители Правительства и деловых кругов страны. Надеюсь, что в дни форума вы сможете провести плодотворные обсуждения по различным аспектам нашего инвестиционного климата и конкретным проектам. Со своей стороны, я принял решение создать консультативный совет иностранных инвесторов при Президенте Казахстана, который будет оказывать мне помощь в вопросах совершенствования инвестиционного климата. Первое заседание совета состоится в сентябре текущего года.

И в заключение выражают надежду, что настоящий форум, созданный Правительством страны при организационной поддержке газеты "Интернэшнл геральд трибюн" и активном участии зарубежных и отечественных спонсоров, послужит дальнейшему росту взаимопонимания между нами и укрепит вашу приверженность развитию взаимовыгодного сотрудничества с Казахстаном.

Будучи сам инициатором проведения такого рода форума и убедившись в плодотворности этой идеи, я пришел к выводу о необходимости проведения инвестиционного саммита на ежегодной основе здесь, в Алматы, в первые четверг-пятницу июня и именовать его впредь Алматинским инвестиционным саммитом.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ИЗВЕСТИЯ" ГАЗЕТИНІҢ
КОРРЕСПОНДЕНТІ Ф. АЛИМОВКЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ*

Мәскеу, маусым 1998 жыл

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГҮЛДЕНГЕН ЕЛГЕ АЙНАЛАТЫНЫ КҮМӘНСІЗ

F. Алисов:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз "Известияның" тілшісімен кездесер алдында тап осы кабинетте ТМД-ның жаңадан сайланған атқарушы хатшысы Борис Березовскиймен әңгімелестіңіз. Мәскеудің кейбір саяси талдау жасайтын шолушылары Сізді мерзімінен бұрын өткізілетін Президент сайлауына өзірленіп жатыр және Березовский бұл ретте Сізге өз стратегиязызы қалай құру жөнінде көмектеседі деп біледі. Сіз шынында да мерзімінен бұрын өткізілетін сайлау жөнінде ойланып жүрсіз бе?

Н. Назарбаев:

– Жоқ. Егер менің осы бір "жоқ" деп айтқан бір ауыз сезім жеткіліксіз болса, онда қайталап айттайын – жоқ! Сайлау Конституция талаптарына сәйкес өткізілетін болады: 1999 жылы Парламент сайлауы, 2000 жылы Президент сайлауы өткізіледі.

F. Алисов:

– Сіз Президент қызметінен үміткер өзге нақты біреулер бар деп санайсыз ба?

Н. Назарбаев:

– Неге санамайын? Бізде соңғы кезде көптеген азаматтар тәрбиеленіп есті. Бұлардың көвшілігі үкіметтік құрылымдарда қызмет істеді, Үкіметтің мүшелері болды. Сондай-ақ жақсы мағынасында айтқанда өздеріне-өздері өте сенімді жастар да жеткілікті.

Мысалы, Министрлер кабинетінің соңғы, қазіргі құрамындағы ең жас қызметкер – "Қазақстан" мемлекеттік мұнай компаниясының президенті Нұрлан Қаппаров небәрі 28 жаста, ал "Үкіметтің ең танымал мүшесі" – 38 жаста.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 6 маусым 1998 жыл.

F. Алимов:

– Сонда Сіз өзіме балама азаматтар табыла қоймайды деп бас қатырмайсыз ғой? Шынымен солай ма?

H. Назарбаев:

– Жалпы мен сайлау жөнінде тіпті де бас қатырмаймын. Оған алаң болмаңыз. Өз басым мейлінше сабырлылықты қалаймын.

F. Алимов:

– Сіз өзіңіз жүргізіп жатқан реформаларға қарсы оппозиция бар деп сезінесіз бе?

H. Назарбаев:

– Әрине, сезінемін. Бірақ мен мұның өзі өлде бір қасақана үйимдастырылған күш деп айтпас едім. Мәселе тіпті басқаша. Реформалар тым қыын жағдайда жүріп жатыр. Олар жүрттың бәріне бірдей молшылық әкеле қойған жоқ.

Әсіреке аға үрпақ – зейнеткерлер үшін қыын болып отыр. Әрине, олар бүкіл өмірінде белгілі бір идея жолында күрес жүргізіп келді. Ал, қазір бәрі де өзгеріп сала берді. Сондықтан да олар өздерін-өздері едәуір жайсыз сезінеді, көзделген мақсаттары мен бағдарларынан айырылып қалды. Біздің оларға барынша көмек көрсеткіміз-ақ келеді. Бірақ мемлекетіміздің қазіргі мүмкіндіктері шенберінде ғана көмек жасаудамыз. Қалай дегендे де олар зейнетақыларын дер кезінде алып жүр, бюджет қаржысы есебінен жалақы алатындар да, екі облысты – Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоспағанда, айлықтарын дер кезінде алады.

Ал, жағдай оларда да жақсы жағына қарай өзгеріп келе жатыр. Қазақстан өнеркәсібінің 90 проценті дерлік белгілі бір дәрежеде шетелдік компаниялардың қолына өтіп кетті немесе жекешелендіріліп алынды. Сонда шетелдік концессиялар өздерін-өздері ақтай ма?

Іе, Қазақстан экономикасының бүкіл өсімін жекешелендірілген кәсіпорындар беріп отыр. Қазақстанның мыс өнеркәсібі, қара metallurgиясы бүгінгі таңда елдің бюджетін құрап отыр дей аламыз.

Ал, бұрын бұл салалардан еліміз бір тиын да алмайтын – бәрі де одақтық Тұсті металдар министрлігіне, Қара металдар министрлігіне кетіп жататын. Ал, қазір бір ғана "Қазақмыстың" өзі жылына 350 миллион доллар мөлшерінде табыс келтіреді. Қазақстан мұндай мол ақшаны ешқашанда алып көрген емес. Алайда шешілмеген проблемалар өлі де баршылық. Жүзденген кәсіпорынның жұмысы табыс өкелудің орнына зиян шектіруде. Адамдар лажсыздан демалысқа шығуда, жалақысын ала алмауда. Сондықтан да олардың басшысын немесе менеджментін өзгерту керек. Адамдарды болашаққа деген сенімінен айыруға болмайды.

F. Алимов:

– Қазір "жаңа орыстар", "жаңа україндықтар" деген әр түрлі ұғымдар пайда болды. Әрине, сіздерде де "жаңа қазақтар" бар болуы керек. Сіз оларды халық арасында қалай деп атайдының білесіз бе?

Н. Назарбаев:

– Бұл ретте біздің азаматтарымыздың мысқылы күштірек болып шықты: "Казанова" деген сөз сізге қалай әсер етеді, ұнай ма?

F. Алимов:

– Сіздің қарсылас оппоненттеріңіз бәрін де кешіруге бар, бірақ елдің жаңа астанасы жөніндегі әрекетіңізді ешқашан кешіре алмайтын түрі бар. Сіз Алматы сияқты тамаша қаланы тастап бара жатқаныңызға өкінбейсіз бе? Оның үстіне ел астанасын Ақмола, Целиноград, Ақмола, өнді Астана деп қайта-қайта өзгерте берудің қаншалықты қажеттігі болды?

Н. Назарбаев:

– Ресейлік оқырмандардың Куйбышев неге Самара, Горький неге Нижний Новгород деп аталғанын ойланғаны жөн болар. Ал, бізге келсек, бұл жерде бәрі де өз ісіміз. Мұның өзі сіздерді соншалықты неге алаңдатып отыр? Неге олай? Германия астанасының Боннан Берлинге қайта көшіп жатуы сіздерді неге алаңдатпайды?

F. Алимов:

– Қазақстан бізге біртабан жақын. Сіздер негұрлым туыс емессіздер ме...

Н. Назарбаев:

– Олай болса, қуана беріңіз! Астана – бүкіл еуроазиялық тоғыз жолдың торабы. Біз Ресейге 1000 километр жақындаған түстік, Мәскеуге, Еуропаға бір сағат бұрын ұшып жететін болдық. Оның үстіне, бұл қала еліміздің қақорталығында. Жаңа астананың стратегиялық және тарихи маңызы бар.

Мұны болашақ үрпақ бағалай біледі. Жаңа астана – Назарбаевтың қисынсыз қиялышан тұған нәрсе емес. Оның алып құрылышы экономика-мыздың дамуына қазірдің өзінде күшті серпін берді. Онда 20-ға жуық компания жұмыс істеп жатыр.

Салынып жатқан қалада еліміздің көптеген көсіпорындары үшін жұмыс табылып отыр. Ол салықсыз аймаққа айналды. Айта берсек, жақсылық жағы жеткілікті.

F. Алимов:

– Астана деп аталуының сырты неде? Бұл Сіздің ойлап тапқаныңыз ба?

Н. Назарбаев:

– Солай екені рас. "Астана" деген сөз барлық тілде де – қазақ, орыс, ағылшын және басқа да тілдерде әсем естіледі. Оның мән-мағынасын жанжаққа жүгіртуге ешқандай негіз жоқ.

Оның қазақ тілінен аудармасы орысша "Столица" деген мағынаны береді. Әрі қысқа, әрі нұсқа. Жүрттың бәріне де түсінікті.

F. Алисов:

– Ал шенеуніктер оған ықылассыз барып жатыр деседі ғой.

Н. Назарбаев:

– Жалған айтады. Оған баруға тілек білдірушілер өте көп. Олардың бәрін бірдей жіберіп жатқанымыз жоқ. Қазірдің өзінде конкурс. Ондағы тұрмыстық жағдайлардың күштілігі, европалық жөндеу жұмыстарының тартымдылығы сонша, бұл жөнінде көлтеген адамдар тек қана қиялдай алады.

Ал, ауа райының жағдайы Мәскеудің немесе Қазанның ауа райымен шамалас.

F. Алисов:

– Оңтүстік Қазақстанда туып өскен адамдардың онда өмір сүруі мүмкін емес деген әңгімені құлағының шалған кез болды ма?

Н. Назарбаев:

– Өтірік айтады. Оңтүстік Қазақстанның байырғы тұрғындары менде талай рет болып жүр. Сонда айтатындары – қан қысымынан зардап шегуші едім – мұнда келgelі құлан-таза айығып кеттім дейді. Сіз білесіз бе, мұнда, Алматыда ауаның қысымы күніне үш-төрт рет өзгеріп тұрады. Қалай дегенде де теңіз деңгейінен 1150 метр жоғары тұр ғой. Ал, Астанадағы ауа райы денсаулыққа өте жайлы. Мұнда қыста құрғақ аяз болады, жұқпалы аурулар кездеспейді, жазда жанға жайлы салқын самал соғып тұрады. Хрущевтің кезінде Ақмоланың атының Целиноград деп өзгеруі тіпті де тегін емес екенін осы жүрттың ұмыта қалғанына таңданамын. Бұл қала Қазақстанның ең құнарлы аймағының ортасына орналасқан.

F. Алисов:

– Астанада Хрущев көшесінің пайда бола кетуі мүмкін бе?

Н. Назарбаев:

– Несі бар? Жаман идея емес, ойланып көруге болады.

F. Алисов:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз Достастық шенберіндегі ықпалдастықты мейлінше табандылықпен жақтап келе жатқаныңызды жүрт жақсы біледі. Бірақ,

соңғы, сәуірдегі ТМД-ның Мәскеуде өткен саммитінен соң көнілініздің қатты қалғаның жасырған жоқсыз ғой. Олай болатындағы не жағдай орын алған еді?

Н. Назарбаев:

— Алғашқыда бәрі де ойдағыдай, қанағаттанарлық болды. Саммиттегі "төрттік" — Кедендік одақ — менің ұсыныстарымның бәрін де бұлжытпай қабылдады. Мұның өзі жан-жақты шүғыл ықпалдастықтың қажеттігі мен өміршемдігін дәлелдейді. Өзара жақындауды қаламайтындар өзірше шыдай тұрсын, оның қажеттілігін кейін өз көздерімен көретін болады.

Ал, ТМД мемлекеттері басшылары кездесуінде болатын жағдайды мен одан бұрын күткен едім. Өйткені, өз әріптестерімнің қандай адамдар еkenін жақсы білетінмін.

Біздің Достастығымыздың өмір сүре бастағанына жеті жылдай уақыт өтті. Сол жылдардың бәрінде де онда қайдағы бір жалпылама бос сөздер көп болып, нақты істерге назар аударылмай, олар аяқсыз қалып жатыр. Біз әдетте ықпалдастыққа кедерігі келтіріп отырған нәрселер жөнінде айтуға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Бірақ оны жүзеге асыруға келгенде ең болмаса ілгері қарай бір қадам жасауға, нақты іс-әрекет етуге жоқызы.

Міне, сондықтан да мен нақты істер жөнінде ұсыныстар енгіздім. Оның үстіне, мұның бәрі де экономикалық сипатта болды. Өйткені, кейбір президенттердің тап осы экономикалық ықпалдастық — тек қана экономикалық ықпалдастық қажет, ешқандай саясат араласпауы тиіс деп отырып алатынын жақсы білетінмін.

Менің "Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам жасайык" деген жобамды еске түсірейікші. Онда, қарап тұрсаныз, ешқандай да бас қатыратын күрделі нәрсе жоқ.

Біздің елдеріміз де, халықтарымыз да ғасырлар бойы бірге жасасып келді. Ал, енді олардың бір-бірімен жақындаудының табиғи үмтүлісін бір сәттің ішінде жоққа шығаруға бола ма?

Әлде біз Ресейде болсын, Украинада болсын, тағы басқа елдерде болсын өмір сүріп жатқан бір-біріне жақын туыс адамдарды бір-бірден мәңгі бақи мұлдем айыруды қалаймыз ба? Егер білгініз келсе, менің жобам ТМД механизмі арқылы қарапайым адамдардың бәріне де шын мәнінде көмек көрсету, ал Достастықты әйтеуір бір пайдаланып қалғысы келетіндер үшін "кездесу клубы" ретінде қабылдауына мүмкіндік беретін тест болып табылады.

Қазақстан, Қыргызстан, Ресей, Тәжікстан бұл ұсыныстарды шын ниеттерімен қолдады. Ал, біз "төрттіктің" келесі саммитіне дейін мәселенің әрбір тармағы бойынша арнайы шешімдер өзірлеп жатырмыз. Кейбір мемлекеттер біздің ұсыныстарымызды қолдаған жоқ, ал кейбіреулер тыжырына қарап, теріс айналды. Мен үшін мұндай жағдайлардың сырты әбден айқын болды.

F. Алимов:

– Көптеген адамдар осы саммитте, Сіздің "Кишинев саммитінің" сәтсіздікке ұшырағанын зерделеуге қаншалықты тырыссаңыз да, жеке қалып қойғаныңызға күмән келтірмейді. Сонда Мәскеудегі сәтсіздіктің себебі неде?

H. Назарбаев:

– Мен жеке қалып қойған жоқпын. Ақаев, Ельцин, Лукашенко және Рахмонов сияқты төрт Президенттің ортасында қалдым. Ал, олардың менің ұсынысымды қолдағаны белгілі.

F. Алимов:

– Сіз ТМД-ны тарап кетті деп ойлайсыз ба? Осылай деп ойлайтын болсаныз, оған тепе-тең өзге балама табыла ма? Оның үстінен, Сіздің Ресей мен Белоруссия, Кіндік Азия тұрпатындағы әртүрлі одақтар туралы пікіріңізді де білгім келер еді. Олар бүгінгі Достастықтың быт-шытын шығармай ма?

H. Назарбаев:

– Әзірше ТМД-ның қажетсіздігі жөнінде оған қатысушы мемлекеттер басшыларынан ешкім де мәлімдеме жасай қойған жоқ. Шамасы, олардың қайқайсысы да одақты сақтаға қалуға тырысатын болуы керек.

Әйткені, қазіргі таңда ешкім де жеке-жеке әрекет жасай алмайды. Мен Еуропалық одақтың тәжірибесін өзіміздің нарықтық жағдайларымызға қарай икемдеп пайдалану жөнінде барлық уақытта да табандылықпен айтып көлемін.

Мұның ықпалдастық процестерін жолға қоюға да және сауда-саттықтың біртұтас механизмін құруға да қатысы бар.

Ал, екіжақты, үшжақты әртүрлі құрылымдарға келетін болсақ, бұл ретте мен жан-жақты жедел ықпалдастықтың маңызды екендігін бұған дейін де атап көрсетіл жүрмін.

Екі мысал көлтірейін. Біз Өзбекстанмен және Қырғызстанмен сауда-экономикалық саладағы өзара іс-әрекеттерімізді жолға қойдық. Бірақ одан Ресейге немесе жалпы алғанда Достастыққа келіп-кететін қандай зиян бар?

Оның үстінен, біз Экономикалық ынтымақтастық үйымына да қатысамыз. Ол өзімізben көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Әзіrbайжан, Түркия, Иран, Пәкістан, Ауғанстан сияқты елдерді де қамтиды.

Бұл бірлестік жөнінде алуан түрлі, көбінесе шындыққа сәйкес келе бермейтін пікірлер айтылып қалады. Әйткені, мұның өзі мұсылман әлемін біріктіріп жатыр-мыс, онда ислам фундаментализмінің қатер төндіруі мүмкін болады-мыс деген сияқты пікірлер айтылады.

Бірақ биылғы мамырда Экономикалық ынтымақтастық үйымының Алматыда өткен саммитінің күн тәртібіне көз жүгіртсек, ондағы басты мәселе-

лердің тіпті де саяси сипаты болмағанын байқар едік. Біз байтақ мұнай мен газдың тасымалдауына, кеңбайтақ Азия аймағындағы коммуникациялар мен инфрақұрылымдарды дамытуға байланысты проблемаларды талқыладық.

Өздерініз ойлап көрінідерші. Қазір Қазақстанның ішкі рыногында мұнайға деген сұраныс жылына 13 миллион тоннадан аспайды.

Таяудағы жылдардың ішінде бізде мұнай өндірудің, қазіргі жасалған болжамдарға қарағанда, 20 миллион тоннадан аса қоймайтыны белгілі. Ал, біздің еліміздегі мұнайдың қоры, түрлі болжамдар бойынша, 6 миллиардтан 12 миллиард тоннага дейін жетеді. Олай болса, әрине, біздің өз мұнайымызды экспортқа шығаруды арттыруға мүдделі әріптестерді алдағы кезде де іздей беретініміз әбден табиғи нәрсе.

Атап айтқанда, біз ТМД елдері арасында олардың барлығымен бірдей өзара түсіністік таба алмағандықтан да қазірдің өзінде Экономикалық ынтымақтастық үйымына мүше бірқатар елдермен нақты және өзара тиімді келісім-шарттар жасастық.

Оның үстінен, Қытай Халық Республикасымен Батыс Қазақстан – Қытай мұнай құбырын салу жөніндегі келісім-шартқа қол қойылды.

Біздің еліміз АҚШ-пен, Қытаймен Каспий аймағындағы мұнай мен газ өндіруге және оны тасымалдауға байланысты үш келісімге қол қойды. Ол келісімдер елімізге 40 миллиард доллар шамасында инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Ол келісімдердің қай-қайсысында да дүние жүзінде тен келері жоқ.

Сонда біздің мұндай екіжақты немесе одан да ірі әріптестіктен бойымызды аулақ салуымыздың не қажеті бар деген сұрақ өзінен-өзі туындаиды. Халықтың игілігіне пайдасы тиетін нәрсенің барлығы да мен үшін, кез келген саяси қайраткерлердің бәрі үшін бірінші кезекте тұратын маңызды мәселе болып табылады деп білемін.

F. Алимов:

– Сіз Ресей – Қазақстан қарым-қатынастарының дамуына қандай баға берер едіңіз? Бұл салада проблемалар бар ма? Екі жақтың қаншалықты қажетті мүмкіндіктері бар. Бұл салаларда біздің елдеріміз өздерінің стратегиялық әріптестігін нығайта алар ма еді?

H. Назарбаев:

– Мен біздің саяси қарым-қатынастарымызға ең жоғары баға берер едім. Ал, экономикалық қарым-қатынастарымызға келсек, "2" деген, әрі кеткенде "-3" деген баға қояр едім. Кезінде біздің елдеріміздің үкіметтері экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және терендете тусу жөнінде талай рет келісім жасасқан болатын.

Бұл ретте перспективасы бар сондай жобалардың ішінен Қазақстан – Ресей қаржы-өнеркәсіп топтарын құру жөніндегі, Ресей капиталының Екі-бастүз энергетикалық көмір кенішін игеруге қатысуы туралы, біздің жаңа

елордамыз – Астана қаласын абаттандыруға атсалысы турагында және басқа да жоспарлар турагын көлісімдерді еске алудың өзі де жеткілікті.

Алайда, қазір ол үкіметтердің ешқайсысы да жоқ, оларды басқарған премьерлер де кетіп үлгерді. Сонымен кезіндегі өмірге келген тәп-тәуір жобалар қағаз жүзінде қалып қойды.

Бізде бірқатар позициялар бойынша бір-бірімен жана сым табатын нұктеудердің көптігі, атқарылатын істердің молдығы сонша, басқа жақтан, өзге елдерден әріптес іздел әуре болудың тілпі де қажеті жоқ.

Алыс шетелдерден әріптес іздеу көз алдыңдағыны көрмеумен бірдей болар еді. Біз ресейліктерге әрқашан "Қош келіпсіздер!" деген ниетпен есірімізді айқара ашуға өзірміз. Бірлесе жұмыс істегенге не жетсін! Біз ынтымақтастықтың перспективасы мол салаларын ешқашан құпия ұстамаймыз.

Алайда Ресей капиталының бізге келуге асығар түрі жоқ. Өйткені ресейліктер планетамыздың қайдағы бір экзотикалық түкпірлерінен дос іздеуді артық санайтын сияқты. Оның есесінде Қазақстанда олардың алуы тиіс орындарды негұрлым шамдағай американдықтар, немістер, итальяндықтар, түріктер, қытайлар бірте-бірте иемденіп жатыр...

Ал, мұның өзі біздің оларды Ресей компанияларынан артық санап, әлде бір ерекше іш тартатындығымыздан емес, қайта олардың ашық тендерде жеңіп шыққандығынан болып отыр.

F. Алимов:

– Өткен жылдың қазан айында Сіз өз еліңіздің халқына "Қазақстан – 2030" атты Жолдау жасадыңыз. Мұның өзі күшті құжат екеніне дау жоқ. Қазақстанның болашақта гүлденген және халықтың әл-ауқаты жақсарған ел болатынына көміл сеніміңіздің негізі неде?

H. Назарбаев:

– Елдегі қазіргі ауыр экономикалық ахуал ондай оптимизмге ерекше жағдай жасай қоймайтын болар...

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында мен оның болашағына футурологиялық тұрғыдан емес, қайта объективтік, ғылыми негізделген есептер тұрғысынан үлгі жасап беруге тырыстым.

Мендеңі ондай оптимизмнің базасы қандай? Менің оппоненттерім ондай базаны мұнай деп санайды. Мен оларға: "Жоқ, олай емес, тек мұнай ғана емес" деп жауап беремін.

Әрине, мұнай факторын есептен шығарып тастауға болмайды. Ал, егер пайдалы қазбалардың бүкіл шоғыры турагын айттар болсақ, онда олардың мүмкін болатын құндылығы кем дегенде 9 триллион долларға жетер еді. Мұнда мыстың да, мырыштың да, темірдің де, марганецтің де, хромrudаларының да, алтынның да үлесі мол.

Мысалы, Қазақстандағы барланып бекітілген бариттің қоры дүниежүзілік қормен салыстырғанда 1,1 есе, ал, вольфрамның қоры – 1,2 есе артық.

Осында орасан зор байлықты ақылға қонымды түрдө пайдалану ғана қалып отыр.

Халықтың әл-ауқатын жақсартудың және бір мол мүмкіндігі – Қазақстанның геостратегиялық жағдайының ерекше қолайлыш болуы.

Шын мәніне келгенде, біздің еліміз трансконтинентальдық коммуникациялар жүйесіндегі аса маңызды транзитті торап болып табылады. Трансазия темір жол магистралінің едәуір бөлігі тап осы аймақта жатқаны белгілі.

Ал, бұл магистраль Шығыс Қытайдағы теңіз жағалауынан бастау алып, өзінің сан-алуан тармақтарын Ресейге, Орталық және Батыс Еуропаға, Кіші Азияның және Таяу Шығыстың елдеріне дейін жеткізеді.

Осы магистральмен тасылатын жүк қозғалысының бағыты, мысалы, Германиядан Жапонияға дейін деп алатын болсақ, Транссібір темір жолымен салыстырғанда 2,5 мың километр төте, ал теңіз тасымал жолымен салыстыратын болсақ, Суэц каналы арқылы өтетін жолдан 10,5 мың километр жақын.

Алайда біздің ең басты байлығымыз – адамдар. Қазақстан азаматтары еліміздің дербес дамуының ең алғашқы (және ең қыын) жылдарында кімді болса да қызықтыра, сүйсіндіре алатын шыдамдылығы мен төзімділігін таныта білді.

Олар өз бастарына түскен қыын сынның өткінші сипаты бар екенін жақсы түсінді. Бұған өнеркәсіп пен аграрлық кешенді салаларының көпшілігінде жұмыс істейтін қазақстандықтардың білімділігін, техникалық сауаттылығын қосыңыз...

Жоқ, мұндай адамдарды молшылықта өмір сүргізбеу барып тұрған күнә болар еді! Бірақ бұл үшін әлі де уақыт қажет болып отыр.

F. Алимов:

– Кейбір деректерге қарағанда, Қазақстанның байырғы халқынан басқалардың көшіп кетіп жатуы тоқталатын өмес. Мұның себебі қандай? Өздерінің перспективасы осында, Қазақстанда екенін көре алмайтын адамдардың барған сайын көбейіп бара жатуының сыры неде?

H. Назарбаев:

– Рес, 1993 – 1997 жылдарда Қазақстандағы көші-қон процесіне 5 миллионға жуық адамның тартылғаны – 3 миллионнан астам (63,5 процент) адамның көшіп кеткені және 1,5 миллион адамның көшіп келгені белгілі. Олар негізінен Ресей мен Германияға қоныс аударды. Алайда, көші-қон сальдосы жыл өткен сайын қысқарып келеді.

Ол ол ма, қайта көшіп келіп жатқандардың қатары үдайы арта түсуде. Әйткені шетелдерге көшіп кеткен, ол жақтан басымызға бақыт құсын қондырымды деген қиялдары құрсағымға айналған адамдар енді бұрынғы өсіп-өнген жеріне қайта оралып жатыр.

Менің таяуда сондай бір адаммен әңгімелесуіме тұра келді. Ол Ресейден жұмыс таба алмапты, отбасымен бірге құлағалы тұрған баракқа қоныстыныпты. Мемлекеттің үәде еткен көмегін құте-қүте төзімі таусылыпты.

Бәрінен де бұрын оған, ол сияқты өзгелерге де жергілікті тұрғындардың "Өзіміз ішер асқа, киер киімге жарымай отырғанда қайдағы бір нансоғар масылдардың келгені сор болды ғой. Аман-сау кезінде бала-шағасын алып, қарасын батырмай ма екен?" деген сөздері жандарын жегідей жепті.

Құдай-ау, өздеріміздің славян бауырларымыз осылай деп отырғанда, өзгелерге не дерсің?! Мен жылы орныңызды сұбытып, көшіп кететіндей не көрініп еді? – деп сұрадым. Сондағы оның берген жауабы: "Егер мұндай болатынын алдын ала сезгенімде тарихи отанымның "еркелетер мейірімін" қажет етпес те едім. Жайлы орнымнан қозғалмас едім...".

Көшіп кетіп жатқандардың әрқайсысының өз себебі бар. Көші-қонның алғашқы толқыны – экономикалық мұdde күғандар. Оған кезінде партия мен комсомолдың жолдамасымен Қазақстан аумағында "бүкілодақтық екпінді құрылыштар" салуға келген, бірақ өздерінің туып-өскен отанындағы терең тамырларынан қол үзбеген, ал Қазақстандағы өмірін үақытша кезең деп санаған адамдарды, өз отбасымен бірге Одақтың аса ірі өскери округтерінің бірінде қызмет істеген офицерлерді және басқаларды қосыңыз.

Көшіп кетудің және бір себебі балаларының болашағын ойлап, алаңдаушылық екенін де үмітпау керек.

Әйткені Ресейдің өзегінен қол үзіп қалған олардың болашақ перспектиvasы жүрттың бәріне бірдей айқын емес болатын.

Ендігі жерде ондай сылтаудың қисыны жоқ.

Әйткені, егемендік дамуымыздың жеті жылы көрсеткеніндей, Қазақстаның байырғы халқынан өзге үлт өкілдерінің құқығына ешкім де қол сұғып жатқан жоқ.

Олар біздің көпұлтты қоғамымыздың толық құқықты бөлігі болып табылады.

Солай бола тұрса да, бұрынғыдай жапатармағай көшіп жатпаса да, кейбір адамдардың кетіп жатқаны рас. Ал, Ресейден Германияға, Канадаға, АҚШ-қа, Израильге кетіп жатқандар аз ба? Біз өз отандастарымыздың елімізден кетіп жатқанына қатты өкінеміз.

Әйткені әдетте заңың талаптарын қатаң сақтайтын азаматтар мен біліктілігі жоғары мамандар кетіп жатады. Есінізде болсын, олардың арасында қазақтар да бар. Бірақ біз оларды қай жерде тұрып, қай жерде өмір сүргісі келетінін таңдау құқығынан ажырата алмаймыз.

F. Алимов:

– Мұнай мәселесіне қатысты, Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз қалай ойлайсыз, Қаспий мұнайын тасымалдау мәселелеріне келгенде Ресейдің мұдделерін үміт қалдыра беруге тырысадың себебі неде? Бұл ретте Ресейдің қаншалықты кінәсі бар? Ол шынында да кінәлі ме?

Н. Назарбаев:

– Қазақстан Ресейдің мұдделерін сақтауға барлық уақытта да тырысып келеді. Бірақ Ресей де біздің мұдделерімізді ескеруі тиіс қой. Мұнай және газ құбырлары зор пайда келтіреді. Сондықтан да олардың өз аумақтарынан өтуін барлық ел қалайды.

Менің ойымша, Ресей өуелі өзінің мұдделерін айқын белгілеп алуы тиіс. Содан кейін барып ол мұдделерді кімнің ескермейтіні немесе кімнің ала-лауға тырысып отырғаны жөнінде сез етуіне болады.

Каспий құбыры консорциумы жобасын жүзеге асырудың ұзақ жылдар бойы іске аспай келуінің себебі неде? Мұның басты себебі – Каспий мұнайын тасымалдаудың ресейлік нұсқасына балама боларлық өзге жобаның уақытша жоқтығын пайдаланып, Мәскеу ол құбырдың транзиттік желісін салдырғаны үшін шектен тыс жоғары пайда табуды көздел, алуан түрлі талап қоюмен болды.

Ал, өзге бағыттар пайда болып, көзге түсे бастаған кезде өз талабын едәуір жұмсаартуға кірісті. Бірақ тап осы кезде Каспий құбыры консорциумы Ресейдің онтүстік аймақтарына экологиялық қатер төндіреді деген айқайшу көтерілді. Содан соң құбыр төсөлетін жердің өтемі үшін облыстарға қыруар қаржы төлеуіміз туралы талап қойыла бастады.

Менің ойымша, біздің бәріміз де реалистер болуға тиіспіз. Ал, мұның өзі қандай да болсын шамшылдық атаулыдан бас тарту және бәліштің төтті бөлігін талап етуден бас тарту болып табылады.

Оның үстіне, әлі піспеген, тіпті, пешке де қойылмаған бәліштен дәмету қысынсыз. Егер біздің мұнай және газ құбырларымыз Ресей арқылы өтсе, мұның өзі Қазақстанға да, Ресейге де пайдалы болар еди.

Мысалы, Самараға дейін құбыр тартып, одан әрі "Достық" мұнай құбырына қоса қою тіпті оңайға түсетіні белгілі. Бірақ біздің өтінішімізді еститін құлақ табылмады.

F. Алимов:

– Таяудағы болашақта Каспий мұнайының дүние жүзінің тұтынушыларына онша қажеті бола қоймайды, өйткені Парсы шығанағындағы және басқа да мұнай көздерінің болуы осыған алып барып соғады деген көзқарас бар. Сондықтан да Каспийдің экономикалық мәселеден гөрі геостратегиялық мәселе ретіндегі маңызы зор деушілер табылады. Дивиденттерді ұзақ күтуге тұра келеді деседі. Сіз бұған не айта аласыз?

Н. Назарбаев:

– Осыдан 20 – 25 жыл бұрын планетадағы мұнай қорлары сарқылған сайын бұл өнімнің құны үздіксіз арта түседі және ақыр сонында құлақ естіп, көз көрмеген сомаға дейін көтеріледі деген пайымдау басым болатын.

Алайда энергия үнемдеуші технологиялардың дамуы көмірсутегі шикізатына деген бағаның төмендей түсуіне алып келіп соқты. Мен мұны

көріпкелдік пен алуан түрлі "көзқарастардың" қаншалықты орындалатынына қатысты айтып отырмын.

Әзірше біз экспортқа мұнай шығарушылардың жеткілікті дәрежедегі жоғары бәсекелестігін тек Еуропа рыногынан ғана көріп отырмыз. Еуропаның сұранысы Парсы шығанағындағы мемлекеттерден, ОПЕК-тің өзге мүше елдерінен жеткізілетін өнімдерді толық дерлік қамтиды.

Бірақ мұның қазір қатты дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс пен Шығыс Азия елдері үшін – ең алдымен Жапония мен Қытай үшін ешқандай қатысы жоқ. Алдын ала жасалған болжамдарға қарағанда, ұлан-байтақ осы бір аймақтың көмірсуге өніміне деген орташа жедел перспектива-дағы қажеттілігі ұдайы арта түсетін болады.

Сондықтан да біздің еліміз Батыс Қазақстаннан Қытайға дейін созылатын құбыр салу жөніндегі келісімге қол қойды. Басқа да "оңтүстік" нұсқалары жасалып жатыр. Ал, Еуропа ше... Несі бар, қажет десек, еуропалық рынокта да бәсекелестік куреске түсе аламыз.

Ондай мүмкіндікті қолымыздан шығарып алмаймыз деп ойлаймын. Ондай бәсекеден Батыс елдерінің де ұтатыны сөзсіз. Әрине, бұл жерде геостратегиялық мұдделер де орын алады: Каспий мұнайын өндіруге, тасымалдауға нақты үлес қосатын мемлекеттер Каспий аймағындағы елдерде өздерінің үлес салмағын белгілі бір мәлшерде арттыра түсуге құқықты болмақ.

Ал, "Ресейдің өз саяси беделін бұл салада нығайта түсуіне кім кедергі келтіріп отыр?", – деп сұрауға тұра келеді.

F. Алимов:

– Егер қарсы болмасаңыз, Қазақстанның ішкі өміріне қатысты және бір сұрақ қояйын. Әңгімеміздің бас кезінде Сіз президент сайлауы 2000-жылы өтуі тиіс дедіңіз. Менің түсінгенім бойынша, Сіз ол сайлауға қатысатын боласыз. Сіздің бәсекелестерінің де болады. Сіз өз тағдырыңызда құтпеген бетбұрыс болуы мүмкін деп ойлайсыз ба? Егер қажет ет-сеніз, сұрақты өзгешелеу қояйын: өкімет билігінің бір қолдан бір қолға көшу сабактастығы жөніндегі ойлар мазаламай ма?.. Сіз бұл туралы ойлайсыз ба?

H. Назарбаев:

"Болар істің басына жақсы келер қасына", – деген осы. "Жақсылығыңа алыстағы дос та қуанады, жамандығыңан жанындағы бауырың да безінеді", – деген халқымыз. Иті қадамымызды ізгілікпен түсініп, біздің елімізге деген үлкен құрметтін, достық ниетін, ынтымақтастығын, тілеулестігін білдірген мемлекеттерге, үйымдарға, қадірменді меймандарымызға қазақ халқының атынан, Қазақстанды мекендеген көп ұлттар екілдері атынан, өзімнің атынан достық, тысықандық мың да бір алғысымды айтамын. Хош келдіңіздер! Үңқыластарыңыз алладан қайтсын! Өздеріңізге, елдеріңізге жасағанның нұры жаусын!

"Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, қажытпас қабырғалы болса халқы", – деген ақын бабамыз Әбубәкір Кердери. Тәуекелге бел байлатып, назарымызды сындырмagan ізгі ниеттің ізгі нәтижеге, асыл арманның абыройлы іске айналуына көнінен қолдау көрсетіп, қысылғанда тірек, қиналғанда мемдет болған туған халқыма, барша отандастарыма, құллі қазақстандықтарға бүгінгі күні басымды иіп, адап перзенттік жүргіммен: "Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр – бәрін аянбай сарп етуге пейілмін", – дегім келеді.

Іә, біз бүгін тәңір мен тарихтың ерекше бір шапағатты нұрына бөленіп тұрмыз. Бүгін – тірінің шындал тебіренетін, өлінің, расында да, жатқан орнынан аударылып түсетін күні. Жан-жағымызды шыр айнала қоршап жатқан ұшы-қиырсыз ұлан-кеңістік – Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді. Багзы бабаларымыздың ақ наизаларын аспанға атқан айбарлы жеңістерін де көрді. Бергі бабаларымыздың еңселері түсіп, қабырғалары қайысқан қасіреттеріне де күә болды. Енді, міне, екі ғасыр тоғысында, жаңа мыңжылдық табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік оралып, құлаған Орда қайта бой көтергеніне де күә болып отыр. Бұл да ұзағынан болғай, қайырымен келгей, қадірлі халқым!

* "Арқа ажары" газеті, 13 маусым 1998 жыл.

Бұл – әрине, ежелден бергі ата-мекенізді сұғанақ басқыншылардың сұқты көзінен сақтап қалу жолында сарп етілген талай үрпақтың пек қанының, асыл арманының, өршіл күресі мен өжет өміршемдігінің арқасы. Сонымен қоса, жалпы адамзат қоғамындағы саяси құштерінің түбегейлі жаңа арасалмағының арқасы. Біздің бүгінгі үрпақ тарихтың бір орнында тұрмайтының, заман өзгеретінін, заманмен бірге қоғам да өзгеретінін өз көзімен көріп отыр, өз жүргімен сезіп отыр. Қазір бүкіл әлемде жасампаз ынтымақтастық, тату-тәтті ықпалдастық, бейбіт бәсеке дәүірі басталды. Қоғамның, мемлекеттің дамуы аса құрделі сипатқа ие болды. Сондықтан мемлекеттік дәрежедегі қай мәселенің де шешімі аса ықдағаттылық пен табандылықты әлемдік дамудың болашағын алыстан аңғарып, мұқият ескеретін тарихи дәйектілік пен ғылыми дәлелділікті, барлық іске тәуелсіздігіміз бен елдік болашағымыз тұрғысынан қарай білуді қажет етеді. Бұл реттен келгенде, біздің тәжірибеміздің жалпы алғанда, әлемдік тәжірибемен қабысатын да, қабыспайтын да тұстары көп. Өйткені күні кеше біз бастан кешкен қоғамдық үрдіс жалпы адамзаттың даму үрдісінен атымен оқшау тұрды, соған лайық саяси-аумақтық құрылым тұзді. Тәуелсіздік алған аз жылдың ішінде оның тек тұстастығымызға да, қалған адамзатпен қоян-қолтық араласуымызға да қол байлау болатының сезіне бастадық. XX ғасырда пайда болған жаңа астаналардың басым көпшілігінің Жер шарында жаңадан қалыптасып отырған геостратегиялық соны ахуалдан туындал жатқанын ескердік. Бұл тұрғыдан бізге қалай да назар аудармай болмайтын факторлар ете жеткілікті. Қазақстан жер аумағы жағынан әлемдегі ең ірі он мемлекеттің санатына кіреді. Ол иемденетін миллиондаған шаршы шақырым кеңістікте бірнеше уақыт бойлығы ұшырасады.

Мұндай ұлан-ғайыр аймақта басқару орталығының географиялық орталықпен мейлінше дәп түсініне үмтүлуге қай тұрғыдан да түсінікті құбылыс деп білеміз. Ол тек өзіміз үшін ғана емес, шектес көршілеріміз бен алыс аймақтардағы ықпалдастарымызға да қолайлы екені даусыз. Өйткені, жаңа астана тек өз аумағымыздың ғана емес, Еуразия құрлығының да қақ орталына орналасқан. Ендеше, бұл өз тәуелсіздігінің кепілін атаптыш екі құрлықтың өзара және қалған дүниелермен жараптықты қарым-қатынасЫнан іздейтін жас мемлекет үшін мықтап ескермей болмайтын ерекше фактор. Тоғыз жолдың торабында, қай тараппен байланыс жасауға да ең тәте бағытта тұрған астана ішкі қарым-қатынасты да, сыртқы қарым-қатынасты да жер шалғайлышы мәселеін өзіміз үшін де, ықпалдастарымыз үшін де тиімді шешүге қолайлы жағдай жасайды.

Оның үстінен жаңа астана сәулетшілік қиялға мол мүмкіндік береді. Экологиялық қауіп атаулыдан атымен ада аймаққа орналасқан. Табиғи апат қаупі де аз. Құрылыш жүргізу есke астанаға қарағанда екі есе арзанға түседі. Әрине, бұл шешімді қабылдарда әлгіндей тиімділіктердің ескерілмей қалмайтындығы белгілі. Оларға бүгінгі біз түгіл ежелгі бабалармыз да ерекше мән берген. Археологиялық зерттеулер, күллі планетамыздың адамзат

қоғамының тұтас мекенге айналуының ең шешуші оқиғаларының осы дала-ларда өткенін дәлелдейді. Аныздағы Олжай мен Өгіз хандар, нақты тарихтағы Жошы, Бату, Орда-Ежен, Тайбұғы, Көшім, Орыс, Әбілқайыр, Шайбани осы маңдағы Ортақ пен Кертақта, Ұлытау мен Кішітауда, Ордатау мен Әскерде хан сайланғандары тегіннен-тегін емес шығар. Екі құрлыш тоғысындағы бұл қеңістік тек жаһанды жаулап алар жойқын жорықтардың ғана емес, дін мен дінді, мәдениет пен мәдениетті, ұлт пен ұлтты ұластырар тарихи тамырластықтың да ұлы арнасы бола білді. Атақты "Жібек жолынан" көп бұрын біздің дәүірімізге дейінгі мың жылдықтарда ежелгі Элладаны Қыыр Шығыс халықтарымен жалғастырған даңқты "Дала жолы" тап осы өлкенің үстімен өтті. Ежелгі Геродот пен Аристейлерден бастап, әлемдік ғылыми-ой түгел билетін бұл ақиқатты кейінгі ғасырлардың геосаяси ақыл-оый да аттап өте алмады. Бұл қеңістіктегі мемлекеттілік тарихының ең шешуші бетбұрыста-рында қайта-қайта еске алынып, қайта-қайта талқыға түсті.

Ұлттық тұластығымыздың мәселесі, ең өткір қойылған арғы Тоқтамыс пен Еділ, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік ордасының бұл ма-найға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде де көп сыр бар.

Үстіміздегі ғасыр басында алғашқы қазақ либералдары – Алаш партиясы көсемдері де саяси орталықты өуелден зор стратегиялық маңызға ие осы аймаққа көшіріп әкелуге күш салды. Кейін, алпысыншы жылдары Қазақстан экономикасының қауырт дамуында шешуші маңызға ие бола бастаған бұл өлкенің саяси мүмкіндіктері қайтадан талқылана бастады. Бірақ әлемдік тайталастар заманының шәлкес тарихи толғағы жеткен мәселенің түбегейлі шешілуіне мүмкіндік бермеді. Әлемдік мұхиттардың бәрінен де бірдей қашықтықтағы қиян түкпірде жатқан Сарыарқа жылдар бойы әскери стратектердің ғана назарында болып, балистикалық нысанан ретінде ғана ерекше маңыз иемденді. Ежелгі өркениет әлемінің дуалы ауыздары таңғажайып құбыжықтар мекеніне сайыған шыған дала әлемдік ақпарат мейлінше дамып, қияндағының өзі дәл іргендегідей еш таңсық болмайтында осы заманның өзінде ұзақ уақыт тылсым құпияяға толы "жабық өлкे" саналып келді. Біресе адам көрмеген саяси озбұрлықтың, біресе ауыз айтып жеткізе алмас қырып-жойғыш қаруулардың сынақ аландарына айналып, қалған дүниенің жағасын ұстасытын қатерлі қонысқа баланып келді.

Тіпті, соны пайдаланып, көне тарихты көпе-көрнеу түгел сзызып тастап, дүние жаратылып, су ақжалы құлазып иесіз жатқан иен қеңістік деп ұғындырығысы келетін ақылға сыйимас сандырақтар айтыла бастады. Бұл өлкенің мыңжылдықтар қалыптастырған табиғи байлығы, талай ұрпақ үлес қосқан рухани қазынасы, тарихи жүйеленген саяси мүмкіндіктері жан-жақты есепке алынып, жарасымды игерілер дәурені біздің тұсымызға, XXI ғасыр табалдырығына, оның тек масштабты әскери карталар құпия кескіндей алған үлкен маңызын экономикалық және рухани ықпалдастықтың әркімге түсінікті ұғымдарына нақтылай көшіру жауапкершілігі біздің замандастарымызға тап келіп отыр. Тәнірге бұл үшін мың мәртебе тәубе дегеніміз жөн шығар.

Қысқасы, тәуелсіз мемлекетіміздің саяси орталығының Астана қаласына ауысуы – бір адамның, бір топтың, немесе бір кезеңнің кездейсоқ күш салуымен қара дұрсін алған келенсіз үйғарым емес, талай ғасырғы ізденістердің заңды нәтижесі, тамыры терең, мақсаты биік, келешегі зор тарихи таңдау. Оны жүзеге асыруға да ойланып-толғанып, қажет десеніз қызу талас-талқыны бастан өткізіп барып кіріскеңімізді ел біледі. Алғашқы шешім 1994 жылы Парламентте қабылданды. Сол уақыттан мемлекеттік билік институттары жаппай жаңа орынға қоныс аударған кезеңге дейінгі үш жыл ішінде, кейбіреулер айтып бақындаі, көп сөз болып қана қалмай, жанжақты қамдастырылған үлкен өзірлік жүргізілді.

Құқықтық және нормативтік негіз жасақталды. Бюджеттен тыс "Жаңа астана" арнайы қоры, астананы экономикалық дамыту қоры, еркін экономикалық аймақ құрылды.

Мұндай кең ауқымды іс қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай тым күрделі тұста жүзеге асты. Тіпті жұртшылықтың саясатшылар шешіміне деген сенімін шындалап бәске тігуге тұра келді десе де болады. Өтпелі кезең екен деп, болашақты ойламай, күнделікті күнкөрістің әлі түзеліп кете қоймаған күйік мәселелерімен шектеліп қалсақ, замана үдесінен шыға алмай, тәуелсіздігіміздің іргетасын уақтылы бекемдей алмаған болар едік. Ондай бейғамдықты бізге кейінгі ұрпақ кешлес еді. Бұл арада қанша қызын дегенмен, Қазақстанда зейнетақының уақтылы төленетінін, тау-кен және металлургия өндірістерінің негізінен ырғакты жұмыс істеп тұрғанын айтқан жән. Былайғы жұрт не десе, о десін, отандастарымыздың басым көпшілігі мәселеңі дұрыс түсінді. Халықаралық қоғамдастық тарапынан да тиісті қолдау тапты. Орайы келгенде, Астана қаласының құрылышы мен көркеюіне қолма-қол үлес қосқан шетелдік компаниялар мен фирмаларға, инвесторлар мен құрылышыларға пәрменді көмектері үшін алғыс айтамыз.

Бұл істе берік желі салған экономикалық ынтымақтастығымыздың одан әрі де жемісті жалғасатындығына сендіргім келеді.

Енді, міне, бүгін ежелгі қазақ жерінде естен кетпес тарихи оқиғаға күе болып тұрмыз. Жаңа Елордамыз – Астана қаласының тұсаукесері шын мәнінде, жас тәуелсіз мемлекетіміздің беташарындаған болып отыр. Сондықтан, бүгінгі отандастарымызға, олардың ертеңгі ұрпақтарына әсем астана тарту етіп, оның тұсаукесерінің сәнді де салтанатты болуына жан аямай енбек етіп, баға жетпес үлес қосқан құрылышыларға, сәулетшілерге, бензіндірушілерге, Астана қаласының барлық тұрғындарына асқан ризашылығымды білдіремін.

Біз жаңа астанаға көшудің тек бірінші кезеңін ғана артқа салдық. Соның өзінде байырғы қазақ даласында атымен жаңа сипаттағы жаңа шаһар пайды болғанын көздерініз көріп отыр. Енді екінші кезеңді аяқтаймыз. Астанаға лайық инженерлік инфрақұрылымының негізгі элементтері салынып біtedі. Алдағы үшінші кезеңде астананың әлеуметтік, мәдени және әкімшілік инфрақұрылымы түпкілікті қалыптасады. Бүгіннің өзінде ол инвестициялық белсенділікті арттырып, іскерлердің жаңа легін жұмысқа құлшынтып отыр.

Аз уақыт ішінде жаңа астана сыйның үлкен шаһардың салынып бітуі реформаның өміршендігі мен болашағына деген сенімді нығайта түсепті сөзсіз. Бүкіл халық болып жабыла жұмылса, жақсармайтын жағдай, шешілмейтін мәселе, алынбайтын қамал жоқтығына көзімізді айқын жеткізе түседі. Осының өзі-ақ, бұл шешімнің тек homo ekonomikus үлгісіндегі тіршілікке тән барлық нәрсені аз күндік күнкөрістің тар ауқымы мен қалтасындағы әмиянның қаншалықты қомақты екендігімен өлшеп-пішетін күлдікемеш пайдакунемдік есептен тумағандығын дәлелдей алса керек.

Бізге қалай да астана қөшіріп, ат шығару мұрат болған жоқ. Ақиқатына келсек, сұлулығына сағат сайын еріксіз сұқтанып отыруға тұра келетін ару қала Алматыны, жер үйіры Жетісуді қызып кету бізге де оңай тиген жоқ. Біздің далалық мемлекеттілігіміздің бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихы бар. Оның әрқиыл қезеңінде, әрқиыл өлкемізге орда қонып, ту тігілген. Біреулерінің саяси дәурендеуі әлденеше ғасырларға созылса, біреулерінікі бірнеше айлармен шектелген. Соған қарамастан, оның қай-қайсысы да біздің ұлттық тағдырымыздың ең түйінді мәселелерін шешіп, рухани тағдырымыздың ең талма кезеңдерін иемденеді. Сондықтан да, батыс бетіміздегі Сарайшық, Астана, Байтак, Орынбор, құнгейіміздегі Суяб, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Созақ, Түркістан, Сығанак, Сауран, Жаңакент, Қозыбасы, Ақмешіт, Сарыарқадағы Ұлытау мен Ордатау, Қекшетау мен Алаштың аттары аталғанда ет жүргегіміз еріксіз елжіреп қоя береді.

Алматының ондай сиқыры бәрінен де асып түседі. Рухани кемелденуіміздің, саяси мереіленуіміздің ыстық үясы, балаң тәуелсіздігіміздің алтын бесігі, бүгінгі көзі тірі үрпақтың қай-қайсысының да солардың ішінде осы шешімді қабылдап, жүзеге асыруға тікелей атсалысып жатқан жандардың да жеке тағдырында ол ерекше орын алады. Бәріміздің де жастық дәуреніміз, қалыптасуымыз, кемелімізге келуіміз сол бір ғажайып қалаға етene байланысты. Жаңаша дәурендеуіміздің дәл бір осы шырайлы шағында, шапағатты сағаты мен мереілі минеттерінде азаматтығымыздың ақ құсын ез бауырынан аспандата самғатқан аялы Алматы мен өзіз Алатауға бәріміз де тікемізден тік тұрып, басымыз жерге жеткенше иіліп, қанша мәрте тағым етсек те, артықтығы жоқ деп білемін. Дүние тұрғанша тұр, жәннат қалпынан жазбай, жасай бер, жайнай бер, қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс, мұбәрак мекен – Алматы!

Биікке самғап, қыырды шарлау, заманнан қалмай зымырай заулау – мына біздерге өзің берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!

Алдымыздығы жаңа ғасырда жаңа мемлекет, жаңа қоғам орнатып, жаңаша даму міндетті тұр. Жаңаша шарықтауға жаңа өріс пен жаңа үрдіс керек. Барша адамзатпен қатар адымдап, өскін өркениетпен өзектесе даму қажет. Астана ауыстыру тек ішкі мақсаттардан ғана туындаған жоқ. Қазақстан – Еуразия елі, мемлекет астанасының аумақ ортасына көшүі біздің ықпалдастық жайлы өз көзқарастарымыздан өрбіді, сыртқы саясатымыздың сан

салалы бағыттарынан туындасты. Ол біздің сыртқы саясаттағы стратегия-мызды өзгеріске ұшыратпайды. Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі жасалған стратегиясы бойынша, жеріміз шектес жақын көршілесіміз – жаңару, демократиялану үстіндегі Ресей, осы заманғы қайта жаңаруға ұшырап жатқан шығыс көршілесіміз Қытай, Қазақстандағы сияқты өзгерістерді де өздері де бастаң кешіріп жатқан Орталық Азиядағы бауырластарымыз бұрынғысынша басым маңызға ие болып қала береді.

Бірақ, біздің ендігі дамуымызды ынтымақтастық аясы мейлінше кеңейте беруді, дәстурлі ықпалдастырыммызбен ғана шектеліп қалмауды талап етеді. Жан-жағымызбен бірдей тату-тәтті қарым-қатынас орнатып, есігімізді аштық, пейілімізді кең ұсташа мұрат болып тұр. Меймандос бабаларымыз өзгелердің тәріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ тәрінен орын беріп, құрмет көрсеткен.

Ол үшін бізді талай уақыт адамзат қауымдастырының есігінен аттаптай қойған топас тоталитарлық жүйе жағалай қымтап тастаған іргемізді түріп, былайғы дүниені қаралай шошытқан жабық кеңістікке айналдырып жіберген киелі тәріміздің қадірі мен салтанатын қайта асырып, алыспен де, жақынмен де бірдей татулықты, бірдей ықпалдастықты қалайтын көп векторлы, көп қарымды сыртқы саясатымызды жаңа астанадан жалғастыру – біз үшін уақыттың өзі алға тартып отырған өзекті талап. Олай болатыны – астанасына қарап елін таниды. Астанасының қайда орналасып, қалай өркендереп жатқанынан өр елдің өзінің өткені мен ертеңіне деген көзқарасын аңғарып, өзгелерге дәйім пейілін сезінеді. Сондықтан да астана келбеті – ұлт келбеті. Мемлекет дидары. Халық мерейі. Құллі өлем атын енді жаттай бастаған жаңа астана біздің жас мемлекетімізге деген назарды екі есе арттыра түсере сөзсіз. Оның біз жетпек биіктірдей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тартымды болып, көркейіп, өсуі жолында күш-жігерді аямаймыз. Біздің жаңа астананы, жаңа астананың бізді ұятқа қалдырмайтынына нық сенімдіміз.

Жаңа мемлекетіміздің жаңа астанадағы қызметін Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылында бастауында да ерекше мән бар. Өткен жолын жетік білетін қауым алар асуларын да айқын елестете алмақшы. Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы. Әруақ ырза, үрпақ мерейлі болар берекелі дамуымыздың беташарын осы жылдан, осы арадан бастағанды біз де жөн көрдік.

Маңдайың ашық, жолың кең, қадамың құтты, аларың асқар, жетерің жемісті, сапарың жеңісті болсын, жас астана!

Талабымызды тәнір қолдап, ісіміз оңға баса бергей, ағайын!

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ ЗАСЕДАНИИ, ПОСВЯЩЕННОМ
ОФИЦИАЛЬНОЙ ПРЕЗЕНТАЦИИ НОВОЙ СТОЛИЦЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН***

Астана, 10 июня 1998 года

**НОВАЯ СТОЛИЦА – НОВОЕ ГОСУДАРСТВО,
НОВОЕ ОБЩЕСТВО**

Я хотел бы сердечно поприветствовать и выразить искреннюю признательность за участие в торжествах по случаю презентации нашей новой столицы президентов: Азербайджанской Республики – Гейдара Алиева, Кыргызской Республики – Аскара Акаева, Турецкой Республики – Сулеймана Демиреля, Республики Узбекистан – Ислама Каримова, Украины – Леонида Кучму, а также официальным делегациям: Республики Армении во главе с премьер-министром Арменом Дарбиняном, Республики Беларусь во главе с заместителем премьер-министра Геннадием Новицким, Китайской Народной Республики во главе со специальным представителем правительства КНР, министром коммуникаций Хуан Чжэнъдуном, Республики Грузии во главе с государственным министром Николаем Лекишвили, Республики Молдовы во главе с вице-премьер министром Николаем Андронником, Российской Федерации во главе с полномочным представителем президента России в СНГ Иваном Рыбкиным, Республики Таджикистан во главе с премьер-министром Яхье Азимовым, Республики Туркменистан во главе с председателем меджлиса парламента Сахатом Мурадовым, Республики Ингушетии во главе с президентом Русланом Аушевым, Республики Саха во главе с президентом Михаилом Николаевым, Республики Татарстан во главе с президентом Минтимером Шаймиевым, Исполнительного секретариата Содружества Независимых Государств во главе с исполнительным секретарем Борисом Березовским, Организации экономического сотрудничества во главе с генеральным секретарем Ондер Озаром, Организации исламской конференции во главе с генеральным секретарем Аз Ад-Дином Лараки, делегациям городов Москвы, Санкт-Петербурга и Кемеровской области России.

А также выражая искреннюю признательность руководителям крупных компаний и фирм, принимающим участие в торжествах, а также всем, кто по случаю столь памятного для нас исторического события направил свои теплые поздравления.

* Газета "Казахстанская правда", 11 июня 1998 года.

Воистину "благое дело объединяет друзей". А еще в народе говорят: "Хорошему радуется и друг издалека, плохого сторонится и брат родной".

От имени всего казахского народа, представителей многих народов, населяющих Казахстан, и от себя лично еще раз искренне выражая глубокую признательность государствам, организациям и высоким гостям за проявленные к нам истинные чувства уважения, почета, солидарности, дружбы.

"Джигиту к лицу и подвиг, и власть, коль на то будет воля народа", – сказано поэтом древности Абубакиром Кердери. И сегодня в благословенный день и час, выражая свою безмерную сыновнюю признательность родному народу, всем соотечественникам и казахстанцам, благословившим меня, поддержавшим в трудные годы испытаний, хочу сказать, низко кланяясь перед всеми и от чистого сердца: "За все это я в неоплатном долгу перед тобой, мой родной народ! И впредь никогда не пожалею собственных сил и возможностей для всеобщего блага!"

Сегодня для нас пробил день, озаренный особым светом. День, когда торжествуют живые и воссияет прах усопших. Всему прошлому была невольной свидетельницей простирающаяся вокруг нас безбрежная степная Сары Арка. Она видела великие победы наших предков и взметнувшиеся в небо в такие триумфальные моменты победоносные мечи. Была печальной свидетельницей и горьких поражений в последующие периоды истории. И теперь, в наши дни – на рубеже двух веков, на пороге нового столетия, – она явится долгожданной свидетельницей нашего возрождения к новой жизни, когда вновь возгорелось потухшее некогда пламя надежды, к нам возвращается утерянное поневоле наше славное прошлое, взмывает в чистое небо голубой стяг нашего знамени, обретена независимость. Да пребудет так отныне и во веки веков во имя всего святого, мой славный народ!

Наше сегодняшнее торжество – не что иное, как победный итог кровопролитных сражений, светлых мечтаний, самоотверженных борений и жажды свободы, за которые не жалели жизни многие поколения наших предков.

Это и результат нового расклада политических сил в мире в целом.

Наше поколение является свидетелем того, что "ничто не вечно под луной" – на глазах меняется история, преображается мир, а вместе с ним меняется и общество. Непростые этапы переживают общество и государства. Поэтому решение любых вопросов государственного масштаба и значения требует особого упорства и настойчивости с учетом предвидения перспектив мирового развития, исторической важности и научной обоснованности в интересах независимого, суверенного пути развития государства.

С этой точки зрения складывающаяся у нас на сегодняшний день практика во многом удачно сочетается с общемировой практикой, но в то же время не обходится и без серьезных расхождений. И виной тому является то, в каком обособленном обществе мы пребывали многие десятилетия,

вплоть до последнего времени бесправно подчинялись его общественно-политическому строю.

И лишь за многие годы после обретения независимости у нас открылись глаза на то, как тот строй держал народы и государства в строгой изоляции друг от друга. Мы также убедились и в том, что новые столицы ряда государств, основанные в нашем XX веке, появились на карте мира благодаря новой геостратегической логике. И множество факторов говорило за то, чтобы и мы обратили на них свое пристальное внимание.

Посудите сами. В мировом масштабе Казахстан входит в первую десятку крупнейших стран по величине собственной территории. На ней, исчисляемой миллионами квадратных километров, встречаются несколько часовых поясов. И, думаю, всем понятно, что, конечно же, следовало упорядочить и совместить центр управления с географическим центром столь огромной территории. Бессспорно и то, что это в интересах не только нас самих, но и соседних с нами государств, а также дальнего зарубежья, имеющего с нами тесные деловые взаимоотношения. И потому наша новая столица размещена не только в центре территории нашей страны, но и в центре Евразийского континента.

В таком случае это особенный фактор, для молодого государства ищащего гарантию своей независимости в дружественных взаимоотношениях данных двух материков между собой и остальным миром, которого нельзя не учесть. Стоящая на перекрестке девяти дорог, имеющая приоритет в связях в любых направлениях дает шанс занять удобное положение для эффективного разрешения внутренней политики, внешних отношений, проблему расстояний и для нас, и для сообщников.

К тому же новая столица дает обширную возможность архитектурным воображениям. Расположена вне зоны экологических рисков. Также мал риск природных явлений. Проведение строительства обойдется в два раза дешевле, чем в старой столице. Естественно, при принятии этого решения не остаются без внимания такие эффективности.

Им придавали приоритетное значение не только мы, но и наши предки.

Археологические исследования свидетельствуют о том, что именно с этой территорией связаны многие события, имеющие непосредственное отношение к окончательной ойкуменизации планеты.

И, видимо, вовсе не случайно то, что с этими местами связаны легенды об Олжай-хане (прототип библейского Ноя) и Огуз-хане, историческая быль, связанная со здешними местностями, где расположена наша новая столица, Ортак и Кертак, Улытау и Кишитау, Ордатау и Аскер, в которых в разные времена и годы избирались ханами Джучи, Батый, Орда-Ежен, Тай-буги, Кучум, Урус, Абулхаир Шайбани.

Это пространство, раскинувшееся на стыке двух континентов, было не только полем битвы и захватнических сражений, но и объединяющим центром религий, культур, наций и народностей. Задолго до всемирно известно-

го Шелкового пути здесь пролегала степная дорога (степной путь), соединявшая народы и страны Древней Эллады и Крайнего Востока.

Пренебречь таким историческим фактом, известным еще Геродоту и Аристею, не могла и более поздняя geopolитическая мысль. В решающие моменты истории к нему возвращались постепенно при необходимости обсуждения истории государственности на этом пространстве.

Немало интересного скрывается и за тем, как в самые решающие моменты нашего национального единения, во времена Токтамыса и Едиге, позднее в период правления Тауке и Абылая, именно здесь водружались, потом снимались и затем снова обосновывались ханские ставки. И в начале уже нашего века первые либералы из среды казахов – лидеры движения Алаш, учитывая важное стратегическое значение данной территории, ратовали за перенос политического центра в Сары Арку.

Уже в шестидесятые годы, когда этот край стал играть доминирующую роль в экономическом развитии Казахстана, вновь стал вопрос о его приоритетном политическом значении. Но в силу разных причин и этот исторический шанс был упущен в очередной раз.

Раскинувшаяся в большой дали от всех мировых океанов степная Сары Арка на протяжении многих лет была лишь в центре внимания военных стратегов, использовалась как главная баллистическая цель. И потому эти просторы древней цивилизации, несмотря на небывалое развитие, открытость и доступность всемирной информации, все эти годы оставались закрытым пространством, полным таинственности и секретности. То превращаясь в лагеря для политических ссыльных, то размещая сверхсекретные военные полигоны со смертоносным оружием, Сары Арка представляла как устрашающий всех уголок нашей планеты.

В интересах тогдашних властей предержащих была широко использована версия о том, что эта территория испокон веков была необитаемой, пустующей и никому не нужной.

И только теперь нашему поколению и нашим современникам выпала величайшая ответственность возродить к новой жизни многовековую природную красу, духовное наследие предыдущих поколений, историческую правду веков и тем самым войти в XXI век с полной правдой об этой многострадальной земле. И мы должны быть безмерно благодарны судьбе за предоставленный нам такой исторический шанс.

Одним словом, решение о переносе политического центра страны в город Астану не было сиюминутным или случайным, принятым по воле одного или нескольких человек. Это глубоко продуманное и исторически обоснованное, нацеленное в будущее решение явилось итогом многовекового поиска, долгих раздумий и горячих споров. Как говорится, все было сорок раз измерено и сорок раз взвешено.

С момента принятого Парламентом страны в 1994 году решения о переносе столицы органы государственной власти вели широкомасштабную

всестороннюю подготовительную работу. Вот лишь некоторые ее итоги – созданы соответствующие правовая и нормативная базы, регламентирующие перенос столицы, сформированы внебюджетный специальный фонд "Новая столица" и экономический фонд ее развития, действует свободная экономическая зона.

На протяжении нескольких лет у нас работала государственная комиссия по подготовке и передислокации столицы, проводившая организационные мероприятия.

Могу лишь добавить, что столь масштабная по своим размахам работа велась в очень сложной социально-экономической ситуации в республике.

Скажу больше – на карту было поставлено доверие общественности к способности политиков отвечать за принимаемые решения и достигать поставленных целей. Можно было ссылаться на трудности переходного периода и проблемы материального обеспечения населения, но тогда бы мы тем самым упустили бы время, столь необходимое для укрепления основы нашей независимости. Подобную беспечность нам не простило бы будущее поколение. При всех трудностях в Казахстане пенсии платятся вовремя, основная горная и металлургическая промышленности работают нормально.

Несмотря на разные суждения, скажем прямо, большинство соотечественников с пониманием отнеслись к решению о переносе столицы.

Получили мы поддержку и со стороны мирового сообщества.

Пользуясь случаем, я выражаю благодарность зарубежным компаниям, инвесторам и строителям, которые незамедлительно откликнулись и внесли весомый вклад в строительство и благоустройство Астаны. И я заверяю, что начатое здесь сотрудничество и в дальнейшем получит свое развитие.

И вот сегодня мы все с вами являемся свидетелями незабываемого исторического события, происходящего на казахской земле. Презентация новой столицы – города Астаны – это и своеобразная возможность представления всему миру нашего молодого независимого государства. И потому, пользуясь предоставленной возможностью, хочу выразить большую благодарность всем строителям и зодчим, всем жителям города Астаны за их неоценимый вклад и ратный труд в период подготовки к сегодняшним торжествам и сделанный замечательный подарок нашим соотечественникам и будущим поколениям в лице нашей новой столицы.

Позади лишь первый этап становления новой столицы. Но несмотря на это, на древней казахской земле уже поднялся практически новый, современный город, в чем мы могли убедиться сами.

Теперь мы должны завершить второй этап. Подходят к концу работы по созданию основных элементов инженерной инфраструктуры, присущей городу столичного значения.

В предстоящем же недалеком будущем третьем этапе будут сформированы социальная, культурная и административная инфраструктуры. Же

сегодня деловые круги готовы принять самое активное участие в этом процессе.

Завершение в кратчайшие сроки строительства современного города, безусловно, укрепит веру казахстанцев в жизнеспособность и будущее реформ.

Изложенные выше результаты нашего труда убеждают в том, что если взяться всем миром, то можно преодолеть любые трудности и преграды.

Это лишь еще раз подтверждает, что данное решение было принято не в присущей homo economicus манере, ставящего превыше всего каждодневное благополучие и измеряющего все ценности только денежными поступлениями и обычным корыстолюбием. Нет, не о славе, не о возвышении собственного имени думали мы, перенося столицу. Все наши мысли были о будущем государства.

По правде говоря, нелегко было оставить прекрасный Алматы, от лика которого трудно оторвать взор, и земной рай Жетысу.

У нашей степной цивилизации богатая история, охватывающая не одно тысячелетие. На разных этапах этого тернистого пути, в разных местах и не один раз закладывалась основа и поднимался стяг нашей государственности.

Политическая жизнь этих государств складывалась по-разному. У одних длилась веками, у других ограничивалась несколькими месяцами. Но несмотря на это, каждое из них решало судьбоносные проблемы нашего народа. Поэтому нам близки такие названия, как Сарайшык, Астана, Байтак, Оренбург на западе, Суюб, Баласагун, Тараз, Сайрам, Созак, Туркестан, Сыганак, Сауран, Жанакент, Козыбасы, Акмечеть на юге Улытау, Ордатау, Кокшетау и Алаш в Сары Арке.

И, конечно же, пленительный Алматы. Это он был колыбелью нашей духовности, политического расцвета, очагом нашей вновь обретенной независимости. Надо ли говорить, что Алматы занимает особое место в нашей истории и сердцах нашего поколения, в том числе и в сердцах тех людей, кто принимал решение о переносе столицы и сейчас занимается его осуществлением. У многих из нас с этим городом связаны годы юности, возмужания и зрелости. В этот период – период возрождения нашей независимости, – мы должны отдать дань уважения нашему прекрасному Алматы и гордому Алатау, с вершин которого взвилась ввысь белая птица нашей независимости.

Будь вечным как мир!

Оставайся таким же прекрасным, как прежде, становись еще краше, наш родной город.

Пусть Кыдыр-ата ниспошлет тебе свое благословение!

Стремление покорять новые вершины, осваивать неизведанное, идти в ногу со временем – все это в нас от тебя, все это твой исторический завет, наш любимый город Алматы. Мы воплотим его в жизнь.

Новый век ставит перед нами новые задачи. Нам предстоит создать новое государство. И для высокого полета нам необходимы новые просторы, новый отсчет.

Мы должны идти вровень со всем человечеством. Перенос столицы не только дело внутренних расчетов и соображений.

Казахстан – евразийская страна, и наше движение в центр государства есть отражение многовекторной направленности нашей внешней политики, нашего понимания интеграции. Оно никоим образом не меняет стратегии внешней политики. Согласно разработанной Стратегии развития Казахстана до 2030 года мы придаем приоритетное значение нашим отношениям с ближайшими соседями – обновляющейся и демократической Россией, переживающим стремительную модернизацию восточным соседом Китаем, центральноазиатскими братьями, находящимися в том же историческом потоке перемен, что и Казахстан. Но новое развитие требует, не ограничивая наше сотрудничество только с традиционными партнерами, независимо расширить его масштабы. Установить со всем миром дружеские взаимоотношения, быть для них добрыми и открытыми соседями – такова наша цель.

Наши предки, чтобы быть уважаемыми в миру, с почтением относились к другим странам и народам. Жестокая тоталитарная система оградила нас от остального мира, держала за железным занавесом. Теперь мы должны восстановить былье заветы своих предков, должны иметь дружеские отношения и с близкими, и дальними странами, проводить многовекторную внешнюю политику из новой столицы Астаны. Таково требование времени.

Страну узнают через ее столицу. В конце концов, местоположение столицы, процесс ее развития, в конечном счете, отражают отношение страны к своему прошлому и будущему, а также отношение к остальному миру. А облик Астаны – лицо нашего народа и государства.

Сегодня ставшее известным всему миру имя Астаны, безусловно, умножит внимание к нашей стране.

Мы, в свою очередь, не пожалеем сил и возможностей, чтобы она, развиваясь, становилась лучше и красивее, стала символом и отражением будущего того общества, которое мы хотим создать.

Уверен, мы сделаем все, чтобы наша Астана стала городом будущего, и мы стали ее достойными гражданами.

Символично, что свои новые шаги наше государство начинает в новой столице в Год народного единства и национальной истории.

Общество, хорошо знающее свое прошлое, способно идти вперед и развиваться. Народ, помнящий имена своих предков, готов обеспечить достойное будущее своим потомкам.

Исходя из этого, мы решили, отдав дань уважения своим предкам, с думой о будущем отправиться в новый путь с этого года и с этого места.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Астана, 30 маусым 1998 жыл

1998 жыл біз үшін оңай болған жоқ. Оңтүстік Шығыс Азия елдерін қамтыйған дағдарыс бізді де айналып өткен жоқ. Бұдан Ресей де, Достастықтың басқа мемлекеттері де көп қындық көріп отыр. Қазақстан да бұдан сырт қала алмады. Мұнайға, газға, тұсті металдарға бағаның тәмендеуіне байланысты осылай болды. Мұның өзі өндірістің жекелеген түрлерінің құлдырауына әкеліп соқтырды. Қалыптасқан жағдай, тұтастай алғанда, үстіміздегі жылға өзіміз белгілеген көрсеткіштердің де тәмендеуіне әсер етті.

Сондықтан, Үкіметтің мүлдем оңайға соқпайтын жағдайда тиісті шаралар қолдануы қажет. Ең алдымен отандық экспортшыларды мүмкін болған барлық тәсілдермен қолдау керек. Мұндай қолдауды, мысалы, олардың салықтарды төлеуін кейінге қалдыру, табиғи монополистердің тарифтерін тәмендету, қолданылып жүрген сауда тәртібін жетілдіру жолымен көрсетуге болады. Сондықтан Үкіметтің бұл бағытта пәрмендірек жұмыс істеуі қажет. Осы жылдың алғашқы жартысында реформалардың жалпы алғандағы бағыты оңды болып, өсу байқалды. Сонымен бірге химия өнеркәсібінде, машина жасауда, тоқыма және тігін бүйімдары өндірісінде өнім шығарудың азаюына жол берілді. Негізінен бұл қаржының жетіспеуіне, төлем жасамаудағарысының тоқтамауына және менеджменттің нашарлығына, ал түтеп келгенде, аталған салалардағы кәсіпорындардың көпшілігінің қарапайым ғана бәсекелестікке қабілетсіздігіне байланысты болып отыр. Бұл салада, Үкіметтің банкроттықты және құрылымдарды қайта қарауды жүзеге асыру жөніндегі пәрменді іс-қимылты қажет.

Бұл жұмыстың қарқыны мен нәтижелері мені қанағаттандырмайды. Шығынды кәсіпорындардың саны көбейіп барады, өзара төлем жасамаудың көлемі өсе түсude. Сондықтан сіздер қабылдаған "Акционерлік қоғамдар туралы" ЗАң мен "Банкроттық туралы" Занға енгізілген өзгертулердің маңызы мейлінше зор. Үкімет мыңға жуық шығынды кәсіпорындарды құрылымы жөнінен қайта қарау және банкрот ету бағдарламасын жасап шығар-

* "Арқа ажары" газеті, 2 шілде 1998 жыл.

ды. Оны іс жүзіне асыру жылдың екінші жартысына белгіленді. Демек, бұл бағдарламаны сөзсіз жүзеге асыру қажет.

Халық тұтынатын тауарлар өндірісіне және Қазақстандағы машина жасауды дамытуға мейлінше көніл бөлу үшін осылай ету керек. Реформаның алғашқы жылдарында жеңіл өнеркәсіптің барлық көсіпорындары бұған дейін де осы өндіріс ошақтарын басқарып келген адамдардың қолына өтті. Мұның өзі заңға сәйкес жасалынды. Бұған ешкімнің де дауы жоқ. Алайда, олар қолында ақшасы жоқ қожайындар болатын.

Жекешелендірлгендей көрінген бұл көсіпорындардың барлығы қазір мұлдем аянышты халге ұшырады. Олардың бәрі де қарызға батып қалды, енді ол қарызды мемлекетке қайтару керек, немесе осы көсіпорындардың акцияларын қарыздарының сомасына балап алу керек те, тендер арқылы оларға нағыз иелер табу қажет. Біз бұл жұмысқа шұғыл түрде кірісуге тиіспіз. Бүгін таңда бізге рыноктағы өзгерістер мен ауыткуларға тәуелділікті барынша азайту, дәстүрлі экспорттан бас тартып, дәстүрлі емес экспортқа көшу, отандық тауар өндірушілерді қорғау, шағын және орта биизнесі таңдауды үшін жұмыс істеу қажет. Қосымша құнға салықты қайта қарау керек. Мен Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының көсіпорындарында соңғы рет болғанда, бізде өсіреле таңдауды өндіріміз мен медициналық дәрі-дәрмектер шығаратын өнеркәсіпте резервтер көп екенине көз жеткіздім. Салықтың қолданылып жүрген жүйесі біздің өнімдеріміз бен медициналық препараттарымыздың көрші елдерге қарағанда қымбат болып шығуына әкеліп соқты. Сондықтан қазақстандықтар бұларды сол елдерден сатып алуда.

Қаржы министрлігі біздің қай саладан – қосымша құн салығынан ба – өлде өндірісті ұлғайту мен өнім өндіруді арттырудан ба – көп пайда табатынымызды мүқият есептеп шығаруы тиіс. Оның үстіне, Қазақстанның өз ішінде қосымша құн салығы өнімнің әр түріне қарай әртүрлі болып отыр. Қосымша құн салығын түпкілікті өнімнен алу керектігіне дау болмауы тиіс. Мұның өзі салық салуды ішкі рыноктың игілігіне қарай бейімдеу сияқты даусыз нәрсе.

Энергетика, өнеркәсіп және сауда министрліктерінің жаңа басшылығы айқын өнеркәсіптік саясат жасап, оны берік ұстануы тиіс. Олар ішкі рынокты қалай қорғау, өз өнімімізді сыртқы рынокқа қалай шығару қажеттігі туралы нақты ұсыныстар беретін болуы керек.

Тауар өндіретін барлық көсіпорындар жекешелендірілетін болады. Оларға шын мәніндегі іскер иелер қажет. Мемлекеттің өте нашар менеджер екенине әбден көзіміз жетті. Ұлттық банктен басқа банктердің барлығы да жеке адамдардың қолына өтуі тиіс. Егер үкіметтегі кейбіреулер бұл процеске тосқауыл қою туралы ойлайтын болса, ол қатты қателеседі.

Біз реформаларды тап осы бағытта терендете түсетін боламыз. Қазіргі күрделі жағдайдан шығудың дұрыс жолы осы.

Біз, мұнай мен газды экспортқа шығарудың арқасындаған жақсы өмір сүріп келе жатқан бірнеше мемлекетті көріп отырмыз. Қазақстан өзіне бұған

дейін дәстүрлі емес ондай экспорттың есебінен болашақта өзгелерден, тіпті де кем өмір сүрмейтіні күмәнсіз. Бұл ретте мұнай мен газдың алатын орыны ерекше. Ал, біз болсақ, мұнай сатудан түсетін долларға ғана үміт артып, әлі де ойдағыдан жұмыс істей алмай келеміз.

Біздің мейлінше қатаң үнем жасап, көрпемізге қарай кесіліп өмір сүруді үйренетін уақытымыз жетті. Мұның өзі объективті қажеттілік болып табылады. Біз экономиканың мемлекеттік секторындағы қаржы тасқындарының барлығына бірдей мейлінше қатаң бақылау орнатуға тиіспіз. Бүкіл жерде әңгіме ең алдымен бюджеттік сала мен ұлттық компаниялардың қызметі туралы болып отыр.

Біздің өзіміз құрган ұлттық компанияларымыз қатаң бақылауда болуы тиіс. Антимонополиялық комитетті, мен өз Жарлығыммен министрлік дәрежесіндегі жеке комитет етіп бөліп шығардым. Ол өзі бақылау жасайтын ешқандай ведомствоға бағынбайтын болуы керек.

Ұлттық компаниялардың құрылуына байланысты, ал, бізде қазір ондай 10 компания бар, менеджмент жақсарып, табыс едәуір молая түсті. Компанияларды жас жігіттер басқара бастады. Біз оларды мұндан қызметке санаалы түрде тарттық. Жастарды осы іске баулу, үйрету, жаңа қызметке өзірлеу керек. Олар мемлекет алдында өздерінің аса жоғары жауапкершілігін барынша терең түсінуге міндетті. Біз қандай да болсын табысқа қалай қол жететінін және қаржының қайда жұмсалатынын жақсы білуғе тиіспіз. Тарифтер өндірісті өрге бастыруға қызмет етуі керек. Өнімді бөлу кезінде оны әркімнің өз мүддесіне қарай көбірек тартуына жол берілмеуі тиіс.

Ол үшін антимонополиялық комитет тарапынан мейлінше қатаң бақылау орнатылуы шарт.

Біз өуелде жекешелендіру ісінен бюджетке 45 миллиард теңге түсіруді жоспарлаған едік. Сонша қаржыны алуға әлі де ұмтылуымыз керек. Онсыз қыын болады. 1996 – 1997 жылдары біз жекешелендіруді белсенді түрде жүргіздік және жіліктің ең майлы бастары сол кезде сатылып кетті. Олардан түскен табыс жалпы ішкі өнімнің 3,2 процентін ғана құрады. Енді ондай жағдай болмайды. Осыған байланысты қарыз алу саласында қатаң мониторинг орнату керек. Быыл біз оларды 7 жарым миллиард теңгеге қысқартуымыз тиіс.

Бұл процестегі ең басты мәселе – қаржы жүйесін өз қалпында сақтай білу. Өздерінің қараныздаршы, Ресей мен ТМД елдерінде не болып жатыр – ол мемлекеттер қарызға белшелерінен батып отыр, оларда жалпы ішкі өнімнің 50 проценттейі қарыздың есебінен өндіріледі. Біздің ондай жағдайға жол беруімізге тіпті де болмайды. Шығындарды қалтамызға қарай қалай азайту керектігін білуғе тиіспіз. Біздегі негізгі шығындар білім беруге, денсаулық сақтауға жұмсалып жүр. Ал, бұл салаларда быыл реформалар өте нашар жүріп жатыр. Осы министрліктің ілгері басқан қадамы әйтеуір кері кетіп барады. Оған үнем жасау туралы және қаржы жұмсауды шектеу жөнінде қатаң талаптар қойылуы тиіс.

Бұл мәселелерге сондай-ақ Қорғаныс министрлігі де, Ішкі істер министрлігі де және басқа құқық қорғау органдары да мүқият назар аударатын болуы керек.

Стратегиялық реформалар жөніндегі агенттік ағымдағы іске тартылған болып шықты. Менің Жарлығыммен енді Президент жаңындағы органға айналған ол бұдан былай денсаулық сақтау, білім салаларында, Қарулы Күштерде, құқық қорғау органдарында, тағы басқа салаларда реформаларды қалай жүргізу керектігін анықтайтын болады.

Шығындарды азайту жөніндегі қатаң шаралар бізге бүгін ғана емес, болжашақта да қажет. Өткен сенбі күні А. Павлов, О. Жандосов, С. Мыңбаев маған 1999 жылға арналған бюджеттің жобасын көрсетті. Орталық пен жергілікті органдардың қызметін бөлу, министрліктердің қызметі мен өкілеттіктерін қатаң шектеу міндеті қойылып отыр. Төменнен жоғары қарай басқа-ру қажет құрылымдарда оны сақтау қажет. Олар – Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, сottтар, салық қызметтері. Ал, денсаулық сақтау, білім, жергілікті полиция мәселелерін қаржы және кадрларымен қоса жергілікті өкімет органдарына беру керек. Сонда кімге және қанша қаржыны бюджеттен бөлу керектігін шешу жеңілдей түседі.

Осылай еткен күннің өзінде де, бізге қарыз алу мәселесінде ерекше сақ, кінәмшіл болу қажет. 1998 жылы біз бюджет тапшылығын 5,5 процент етіп белгілеген болатынбыз. 1999 жылы ол 4,5 проценттен аспауға тиіс. Тек осылай еткенде ғана қарыздарды азайтуға болады. Өйткені бюджет тапшылығы көбейген сайын, біз соншалық қарыз алуға да мәжбүрміз. Мемлекеттік қарыздың өсу қарқынына тез ұлғаятын серпінділік тән екенін ескере отырып, бұл салада қандай да бір келісімпаздыққа жол берілуін біржолата әрі мәңгі тоқтату керек.

1999 жылы жекешелендіруден тым болмағанда 42 миллиард теңге алу қажет. Бұл үшін Үкіметке мықтап жұмыс істеуге тұра келеді. Келесі жыл мемлекеттік қарыздар үшін істелетін жұмыстың көлемі мейлінше артатын жыл. Мұның өзі бізге көрпемізге қарай көсілу керектігін, барлық министрліктер мен ведомстволар бойынша шығындарды азайту қажеттігін тағы да еске салады. Жергілікті органдардың да осылай етуіне тұра келеді. Осы орайда Үкіметтің көсіби білікті жұмысы қажет болады. Өкінішке орай, соңғы уақытта ол өрт сөндіруші сияқты жұмыс істеп келеді: өрт шыққан кезде ғана қозғалады.

Жұмыста жүйелілік орнату, өрт шыққанын күтіп отырмай, мәселелерді дер кезінде әрі сындарлы түрде шешіп отыру керек.

Мемлекет басшысы министрліктердің, ведомстволардың, өкімшіліктердің Президентке, Үкіметке, Парламентке боратып хат жаза беруге тыйым салатынын мәлімдеді. Әркім мәселені өзі, дербес түрде Қаржы министрлігімен, басқа да министрліктермен шешуге тиіс. Бұл бізді қатып қалған дағылардан арылтады, жұмыста тұрақтылық қалыптастырады.

Ушінші сессияның жұмысын қорыта келе, Президент тұтастай алғанда Парламент заң шығару қызметінде айтарлықтай жоғары қарқынмен жұмыс істе-

генін атап өтті. Осы сессияның жұмыс қорытындыларын будан бұрынғы екі сессияның нәтижелерімен салыстыру осыны айғақтайды. Егер алғашқы екі сессияның тұсында 169 заң қабылданған болса, осы сессияның кезіндеге елдің жоғары заң шығарушы органы 120-ға жуық заң қабылдан үлгерді. Мәселе санда емес, әрине бұл да керек. Бірақ, қалай дегенмен де, ең бастысы – заң шығару жұмысының сапасын арттыруда, оның реформашылық бағытын күшетуде, заң жобаларын негұрлым тереңірек талдап жасауда, олардың өмір шындығына сәйкес келуінде жатыр. Осының бәрі де мемлекет мұддесіне, қоғамның сұраныстарына, түптеп келгендеге, әрбір азаматтың мұддесіне сай келеді.

Парламент ел үшін аса маңызды екі заңды – "Ұлттық қауіпсіздік туралы" және "Жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдарды дайындау кезіндегі тиімді әрі жедел жұмысын ерекше бөліп көрсетуге болады. Мұның алғашқысы мемлекетіміздің тәуелсіздігі деген ұғымның өзі жөніндегі көзқарас тұрғысынан алғанда негізгі заң болып табылады, біздің экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрақтылығымызды бекемдейтін басты құралға айналады.

Бұл заңда тоталитарлық тәртіп кезіне тән болғаны сияқты азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері ғана емес, сонымен қатар азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың ар-намысы мен ожданын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың нақты міндеттері де көрсетілген.

Бұгінде, еліміздегі жемқорлық туралы әңгімелер жи естіліп жүр. Бұл жөнінде беріліп жүрген бағалар көбінесе әртүрлі және біріне-бірі мұлдем қарама-қайшы. Проблеманың бар екеніне мән бермеуден бастап, оны ушықтыра дабыра етуге дейін жетеді. Менің бұл жөніндегі пікірім сіздерге мәлім. Дабыл қаға қоярлық себепті көріп отырған жоқтын – мен бұл жерде "адал қолдар" дейтін ұлттық науқандар өткізу туралы ұсыныстарды айтып тұрмын, – бірақ сұық қолдыларға, ең алдымен мемлекеттік қызметшілерге тағы да қатаң ескерткім келеді. Мемлекеттің өміріміздегі осы бір жиіркенішті құбыльсты түп-тамырымен жоюға бағытталған қызметі қазір жүйелі сипат ала бастады. Мұның өзі тиісті күш-куат құрылымдарының ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның міндеттіне айналып келеді. Жемқорлық туралы заң 10 шілдеде Қауіпсіздік кеңесінің мәжілісінде талқыланатын болады. Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Президенттің жанынан арнайы комитет құрылады. Ол комитеттің немен айналысатыны, оған әркімнің қалай көмек көрсететіні жөнінде біз халықта хабарлаймыз. Бұл заң мейлінше тиімді болады. Ең бастысы ол кез келген мемлекеттік құрылымның, кез келген шенеуніктің қоғам алдында мейлінше ашық және бақылауда болуын қамтамасыз етеді.

Заңдар қабылданды. Оны орындауға жүрттый бәрі де міндетті. Ал, мемлекет болса, олардың сөзсіз орындалуын талап етуі тиіс. Осыған байланысты Парламент тарапынан белсенді қолдау көрсетіледі деген үміттемін.

Үкімет "үкіметшілдікке" ұрынбауға тиіс. Мен бірлесіп, ізгі ниеттілікпен, дұрыстап жұмыс істеуге шақырудан жалықпаймын.

Сіздерді, алда Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіру жөніндегі үлкен жұмыс күтіп тұр.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА СОВМЕСТНОМ ЗАСЕДАНИИ ПАЛАТ ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН***

Астана, 30 июня 1998 года

**ЗАКОНОТВОРЧЕСКАЯ РАБОТА ДОЛЖНА НОСИТЬ
РЕФОРМАТОРСКУЮ НАПРАВЛЕННОСТЬ**

– 1998 год оказался для нас непростым. Кризис, который охватил страны Юго-Восточной Азии, не обошел стороной и нас. Его остро переживает Россия, другие государства Содружества. И Казахстан не является исключением. Это связано со снижением цен на нефть, газ, цветные металлы, что привело к спаду отдельных видов производства. Создавшаяся ситуация оказывается в целом и на снижении показателей, которые мы наметили на этот год.

Поэтому Правительству необходимо принимать адекватные меры в совсем непростых условиях. Прежде всего надо поддержать отечественных экспортеров всеми доступными способами, например, предоставлением отсрочек в уплате налогов, снижения тарифов естественных монополистов, совершенствования действующего торгового режима. И Правительству надо активнее работать в этом направлении.

При общем благоприятном ходе реформ наметилась тенденция роста, которая сохраняется в первом полугодии этого года. В то же время допущен спад производства продукции в химической промышленности, в машиностроении, производстве текстильных и швейных изделий. В основном это связано с финансовой несостоятельностью, продолжающимся кризисом неплатежей и неудовлетворительным менеджментом, а в конечном итоге – с элементарной неконкурентоспособностью большинства предприятий названных отраслей. В данной сфере нужны энергичные действия Правительства по осуществлению банкротства и реструктуризации.

Меня не устраивают темпы и результаты этой работы. Увеличивается число убыточных предприятий, растет объем взаимных неплатежей. Поэтому принятый вами Закон "Об акционерных обществах" и изменения, внесенные в Закон "О банкротстве", имеют исключительно важное значение. Правительство разработало программу реструктуризации и банкротства около тысяч убыточных предприятий, практическая реализация кото-

* Газета "Казахстанская правда", 1 июля 1998 года.

рой намечена на второе полугодие. И программу эту надо непременно осуществить.

